

**Шерубай ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ**

**ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ  
ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР**

(2008-2012 жылдардағы баспасөз  
материалдары бойынша)

Алматы, 2013

УДК. 811.512.122  
ББК 81.2-2  
Қ 77

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағаттар комитетінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылды.*

**Пікір жазғандар:** **Ә. Қайдар** ҚР ҰҒА академигі, *филология ғылымдарының докторы, профессор*, **Ш.Сарыбай** ҚР ҰҒА академигі, *филология ғылымдарының докторы, профессор*

**Қ 77 Құрманбайұлы Ш.** Қазақ тіліндегі қысқарған сөздер . – Алматы, 2013. - 296 бет.

**ISBN 978 - 601 - 80098 - 1 - 5**

Бұл кітапта соңғы жылдары мерзімді баспасөз беттерінде қолданылып жүрген қазақ тіліндегі қысқарған атаулар жинақталып, мысалдарымен беріліп отыр. Сонымен қатар кітапта халықаралық ұйымдар мен орталық мемлекеттік ұйымдардың, жоғары оқу орындары мен түрлі мекемелердің қысқарған атаулары да қамтылған.

Автор қазіргі қысқарған сөздерге жан-жақты тоқталып, лингвистикалық қысқаша талдау жасайды. Баспасөздің қысқарған сөздерді қалыптастырудағы рөлі мен онда орын алып отырған кемшіліктер атап көрсетіледі. 1990-жылдардан бергі кезеңдегі қысқарған сөздерді жасаудың бағыты, осы кезеңнің сипаты, ерекшеліктері көрсетіледі.

Ғылыми еңбек тілші ғалымдар мен оқытушыларға, аудармашылар мен журналистерге, филология факультеттерінің студенттері мен магистранттарына, сондай-ақ қазіргі қазақ тілі даму ерекшеліктері, бүгінгі сөзжасам үдерісі, сөзқолданыс мәселесі қызықтыратын көпшілік қауымға арналған.

**ISBN 978 - 601 - 80098 - 1 - 5**

УДК. 811.512.122  
ББК 81.2-2

© Құрманбайұлы Ш. 2013 ж.  
© «Баспалар үйі» АҚ, 2013 ж.

## КІРІСПЕ

Қазақ тіл білімінде көп зерттеле қоймаған, тіл мамандары тарапынан жеткілікті көңіл бөлінбей жүрген мәселенің бірі – қысқарған сөздердің жай-күйі. Жалпы қысқарған сөздердің тілімізде пайда болып, қолданысқа ене бастауы кейінгі бір ғасырдың төңірегінде көрініс бере бастаған құбылыс. Қысқарған атаулар негізінен XX ғасырдың басынан бастап, тілімізде жасалып, қолданысқа ене бастады. Оған себеп болған газет-журналдар мен кітаптардың басылып, баспа өнімдерінің көбеюі, қоғам өміріндегі жазба тіл рөлінің артуы, орыс тілінің ықпалы сияқты факторлар. Өткен жүзжылдықтың жиырмасыншы жылдарынан бері қарай тіліміздегі қысқарған атаулардың қарасы көбейіп, олар баспасөз тілі мен ғылым тілінде біртіндеп көбейе түсті. Кеңестік кезеңде олардың басым көпшілігі тілімізге *СССР, КПСС, ЦК, НКВД, КГБ, МВД, совнарком, ревком, комбат, парбюро, колхоз, совхоз* түрінде орыс тіліндегі қалпын бұзбай енді, солай қолданылды. Ал қазақ тілінде туындаған қысқарған атаулардың барлығы дерлік олардың орыс тіліндегі үлгісі бойынша жасалды. Осылайша бұл кезеңде сөзжасамның бұл түрі тұтастай дерлік орыс тілінің ықпалында болып, орыс тілі қазақ тілі мен бірқатар ұлт тілдері үшін үлгі тіл саналды. Сол себепті Кеңес Одағы тұсында жасалып, қалыптасқан қазақ тіліндегі қысқарған атаулар қабаты тұтастай сол кезеңнің өзіндік сипатын, тілдер арасындағы қатынастың ерекшелігін көрсетіп тұр. Еліміз тәуелсіздігін алып, қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін иеленген соңғы жиырма жылдан астам уақыт ішінде де тілімізде көптеген қысқарған атаулар пайда болды. Ондай атаулардың *АҚ, БАҚ, ЖАҚ, ҚР, ТМД, ҚазМұнайГаз, Қазтелеком* сияқты бірқатары қазір тілімізде орнығып, кеңінен қолданылып жүр. Олардың арасында қысқарған атау жасаудың кешегі кеңестік

кезенде орныққан үлгісі бойынша жасалғандары да, ұлттық ерекшеліктері бар, жаңаша үлгімен жасалғандары да аз емес. Жалпы кейінгі жылдары тілдік қорымыздағы қысқарған атаулардың үлесі күрт өсті. Олардың қолданылу жиілігі де артып отыр. Сондықтан тілдегі мұндай құбылыстың сырына үңіліп, қысқарған атауларды жиып-теріп, жүйелеп, олардың жасалу және қолданыс ерекшелігін анықтау маңызды міндет. Тіл маманы ретіндегі кәсіби міндетімізді қал-қадірімізше атқару мақсатында қазіргі қолданыстағы қысқарған атауларды жинақтап, осы еңбекті жұртшылыққа ұсынып отырмыз.

Бұл кітапқа еніп отырған қысқарған сөздер негізінен 2008-2012 жылдар аралығындағы қазақ баспасөзінен соңғы 5 жыл көлемінде жинақталды. Сондай-ақ түрлі арнаулы салаларда, салалық терминологиялық сөздіктер мен анықтамалықтарда, ресми құжаттар мен ғылыми мәтіндерде қолданылып жүрген бірқатар аббревиатуралар, халықаралық ұйымдар мен орталық мемлекеттік органдардың, жоғары оқу орындарының атаулары да жеке және орысша-қазақша сөздік түрінде беріліп отыр. Қазіргі қолданыстағы қысқарған сөздердің басым көпшілігі кейінгі жиырма жыл көлемінде жасалған атаулар. Олардың арасында тіл нормаларына сай сәтті жасалып жаппай қолданыла бастағандарымен қатар, сәтсіз жасалымдар мен бірреттік немесе авторлық қолданыстар да бар. Біз қазақ сөзжасамының бір түрі ретінде қысқарған атаулардың қазіргі жасалу ерекшеліктері мен қолданысын, жетістігі мен кемшіліктерін айқындауды, оларды түгендеп, жиып-теріп алу арқылы мамандардың ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдауына мүмкіндік туғызу үшін қысқарымдарды сәтті-сәтсіз демей, мейлінше молырақ қамтуды, тілдік деректерді барын бардай көрсетуді мақсат еттік. Әрине, мәселені арнайы қарастырып отырған маман ретінде кітаптың бастапқы бөлімінде жиналған атаулардың жа-

салу, қолданылу ерекшеліктеріне тоқталып, лингвистикалық талдау жасап, қысқарымдардың бірқатар мәселелеріне қатысты өзіміздің ғылыми көзқарасымызды да білдірдік. Бұл кітапты осы мерзімге дейін жасалған қысқарған атауларды мейлінше молырақ қамтыған, жалпы қазақ тіл білімінде бұл мәселеге арналып отырған алғашқы ғылыми-көпшілік басылым деуге болады ғой деп ойлаймыз. Соған қарамастан, біз көркем мәтіндер мен ресми ісқағаздар, заң тіліндегі, әсіресе ғылыми мәтіндерде қолданылатын қысқарымдарды бұл кітаптың ғылыми-практикалық басылым ретіндегі жалпы көпшілікке арналған қолданбалылық сипатын ескере келіп, көп енгізіп отырған жоқпыз. Ондай қысқарымдарды жеке жинақтап, ғылыми және ресми стильдің ерекшелігін, терминжасам мәселесімен байланыста қарастырамыз.

*Автор*

## 1. Қысқарған сөздердің тілдік табиғаты, ерекшеліктері

Тілдегі үнемдеу, ықшамдау заңдылығы әлем тілдерінің барлығына да тән құбылыс. Бұл заңдылық әр тілде түрліше көрініс тауып, тілдің түрлі салаларына қатысты болып жатады. Қысқарған сөздердің пайда болуы да осы ықшамдау заңдылығымен тікелей байланысты. Яғни, қысқарған сөздер тілдегі үнемділікті қамтамасыз етудің бір тәсілі. Көпбуынды немесе бірнеше сыңардан құралған күрделі сөздерді қысқартып, айтуға, жазуға икемдеп қолдану тілде ертеден бар. Қазақ тіліндегі сөзжасам мәселелерін зерттеуші ғалымдар сөздерді әдейі қысқарту кеңес дәуіріне дейін кісі есімдерімен [Садуақас – Сәкен, Қожабек – Қожаш] байланысты орын алғандығын айтады [ҚГ. 261-б]. Біздің пікірімізше, кісі есімдерін бұлайша айтуда сөзді ықшамдау, үнемділіктен гөрі қазақтың сыйлы, елге қадірлі адамдарын, үлкенді құрметтеу мен кішіні еркелету, әлпештеу сипаты басым сияқты.

Сөз табына қатысы тұрғысынан қысқарған сөздер негізінен заттық немесе абстракті ұғымдарды білдіретін зат есімдер. Қысқарған сөздер екі, үш немесе одан да көп сыңарлардан тұратын күрделі атаулардың ықшамдалған тұлғалары. Бірнеше сөзден құралып, сөздердің тіркесуі арқылы жасалған түрлі ұғымдардың атаулары қысқарымдарға негіз болады да, олардың құрылымы ықшамдалып, өзгеріске ұшырайды. Күрделі ұғым атаулары фразеологиялық тіркестер сынды бастапқы қалпын сақтай алмай, ықшам нұсқада жұмсалуды көшеді. Мұны басқа зат есімдерге қарағанда, қысқарымдардың өзіне тән сипаты, ерекшелігі деуге болады.

Әдетте, сөзжасам үдерісі кезінде пайда болған жаңа сөзбен бірге жаңа мағына да туындайды. Мысалы, *әкімдік, жасуша*,

*кеденші, қаржыгер, хаттама* т.б. Қысқарған сөздер жасалғанда жаңа мағына туындамайды. Соған қарамастан қысқарған сөздер сөзжасам аясында қарастырылады. «Неге бұлай болуы керек?» деген сұрақтың жауабын іздесек, оның ең басты себебі – қысқарған сөздер күрделі толық атаулардың бір нұсқасы ретінде дербес сөз қызметін атқаратындығы. Яғни, қысқарған сөздердің де сөзге қойылатын талаптардың барлығына жауап беретіндігі. Ал тіл білімінде сөздердің белгілі бір мағынасының болуы, дайын қалпында қолданылуы, сөйлемге дайын сөз ретінде кіруі, сөйлемде бір ғана сұраққа жауап беруі, сөйлемнің бір мүшесі қызметін атқаруы, тұрақты бір құрамда жұмсалуды, біртұтас қалыпта жазылып-айтылуы, бір екпінге бағынуы – сөзге қойылатын негізгі талаптар болып саналады. Мұның бәрі сөзге тән негізгі белгілер десек, осы сипаттардың барлығы да қысқарған сөздерге де тән болғандықтан, олар тілдегі лексикалық бірліктер тобынан жеке сөз ретінде орын иеленеді. Яғни, сөзжасамның бір амалы ретінде қалыптасқан қысқарымдар лексикалық бірлік болып танылады.

Қысқарған сөздер қолданыстағы күрделі атаулар негізінде туындайды, жасалады. Лексикалық мағынаның болуы – туынды сөз жасауға қатысатын лексикалық бірліктерге қойылатын негізгі талап болып саналады. Олардың тұлғасы мен құрамына ешқандай шек қойылмайтындықтан, туынды сөздің жасалуына негіз болатын сөздің қызметін негізгі түбір сөз де, біріккен сөз де, қысқарған сөз де атқара беретіндігі белгілі.

Қазақ тіліндегі қысқарған атаулардың көпшілігі орыс тілі үлгісімен жасалып келгендігіне қарамастан, өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Сондай ерекшеліктердің бірі жөнінде белгілі тілші ғалым Ы.Мамановтың төмендегі пікіріне назар аударған жөн. “Қысқарған сөздер де қазақ тілінде сөз негізі болып қолданылады. Орыс тілі мен қазақ тілдерінде қысқарған

сөздердің кейбіреулері ғана болмаса [буыннан қысқарған], негізінен олар өзгермейді. Ал қазақ тілінде қысқарған сөздердің барлығы да грамматикалық өзгеріске түседі, сөздің негізі ретінде қолданылып, оған түрлі қосымшалар жалғанады. Мысалы, КазГУ-ге, РТС-тан, ВЛКСМ-ның т.б.» [Маманов Ы.] – деп жазады ғалым.

Тілші ғалым қысқарған сөздердің сөз негізі болатындығын және олардың грамматикалық өзгеріске түсетін ерекшелігін атап көрсеткен. Тіліміздегі қысқарған сөздердің табиғатын тану бағытында жасалған мамандардың мұндай тұжырымдары жинақталып, қорытылып, алдағы уақытта олар жаңа зерттеулермен толығы беруге тиіс.

Негіз сөздің немесе сөз тіркесінің мағынасымен сөзжасам үдерісі кезінде пайда болған туынды сөздің лексикалық мағынасы тең болуы да кездеседі. Бұл сөзжасамның дәл осы қысқарту тәсілі арқылы жасалатын сөз түрлеріне тән сипат. Мысалы, *Бұқаралық ақпарат құралдары* = БАҚ, *Дүниежүзілік сауда ұйымы* = ДСҰ, *Еуразия экономикалық қоғамдастығы* = ЕурАзЭҚ, *Жабық акционерлік қоғам* = ЖАҚ, *Ұлттық бірыңғай тестілеу* = ҰБТ, *Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы* = ҚР ҰҒА, *Түкітілдес мемлекеттер Парламенттік Ассамблеясы* = ТүркПА т.б.

Бұл сөздердің толық нұсқасы мен қысқартылған нұсқаларының арасына тепе-теңдік белгісін қоюға болады. Өйткені мұндай сөздердің екі нұсқасының арасында мағына теңбе-теңдігі сақталған. Яғни, ауызша сөйлеу барысында немесе жазба тілде «БАҚ» қысқарымы қолданылса, оны тілді тұтынушылар «бұқаралық ақпарат құралдары» деп түсінеді. Қысқарған сөздердің тілдегі қолданысы тұрақтап, жалпыға бірдей танымал болатын деңгейге жеткенде, оның толық нұсқасымен мағыналық және қолданыстық тепе-теңдігі де орнайды.

Қазақ тіліндегі қысқарған сөздерді тақырыптық және семантикалық топтарға қатысына қарай негізінен халықаралық ұйымдардың атаулары [БҰҰ, ШЫҰ, НАТО т.б.], жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу мекемелерінің, орталықтардың атаулары [ҚазҰУ, ТарМУ, ТБИ т.б.] географиялық және әкімшілік [мемлекетер мен облыстар] атаулары [АҚШ, ГФР, ҚХР және ШҚО, ОҚО, БҚО, СҚО т.б.], орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті мемлекеттік және өзін-өзі басқару органдарының [ПӘ, БҒМ, ТЖМ, СІМ, ПМ т.б.], қоғамдық, саяси, әскери, жастар, спорт ұйымдары мен бірлестіктердің, одақтардың, қорлардың атаулары [ЖСДП, ҚСА, КО т.б.], ғылыми, техникалық, әскери терминология [ДНҚ, БЖБ, ШТӘ, ЖМ, ТШ т.б.] жиірек кездеседі. Көптеген тілдерде өте жиі ұшырасатын кәсіпорындар мен өндіріс орындарының, ауылшаруашылық кәсіпорындарының, зауыттар мен фабрикалардың, машиналар мен аспаптардың, әскери техникалардың қазақша қысқарған атаулары елімізде олардың өзі сирек болғандықтан немесе өндірілмейтіндіктен өте аз кездеседі. Ең жиі ұшырасатын қысқарымдар – жоғары оқу орындары мен орталық мемлекеттік органдар атаулары. Бірігіп, қосылып, қайта құрылып жататындықтан, олардың толық атаулары да, қысқарған атауларды да жиі өзгеріске ұшырап жатады. Мысалы, БАМ (*Байланыс және ақпарат министрлігі*), ҚазМемҚызПИ (*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты*), ҚазҰМА (*Қазақ ұлттық музыка академиясы*) сияқты атаулар қазір басқаша аталады.

## 2. Қысқарған сөздердің жасалу жолдары

Тіл мамандарының арасында қысқарған сөздің бізге қажеті жоқ, бұл қазақ тіліне жат нәрсе деген пікірді ұстанатындары да бар. Алайда бұл пікірмен келісудің негізі бар дей алмаймыз. Егер қазақ тіліне қысқарған сөз қажет болмаса, оның шынымен-ақ

біздің тіліміз үшін жат құбылыс екендігі рас болған болса, онда қазіргі қолданыстағы жүздеген қысқарған атаулар пайда болмас еді. Оны басқа тілдің ықпалымен немесе жекелеген адамдардың қалауымен туындаған құбылыс ретінде дәлелдеу қиынсыз. Тіл үнемділікті, аз сөзбен көп ойды жеткізуді ұнатады. Бірнеше сөздің тізбегінен тұратын күрделі атауларды мәтін ішінде қайта-қайта шұбалтып қолдана бермей, ықшамдап беру арқылы ақпаратты мол қамтып, аз сөзбен көп ой айтуға әрі басылым бетінде орын үнемдеуге болатыны белгілі. Бұл жалпы баспасөз тіліне де, ғылым тіліне де тән нәрсе. Қысқарған сөздерді тілде толық мағынасы бар күрделі атаулардың «орынбасары» немесе «алмастырушысы» деп қабылдаған күннің өзінде тіл үшін мұндай «орынбасар» сөздер өте қажет екендігіне дау жоқ. Сол себептен де «біздің тілімізге тән емес» деп қысқарған сөздерден негізсіз бас тартуға да, «қысқарған сөз де сөз болып па» деп оларды жасауға жауапсыз қарауға да, олардың қолданысын бетімен жіберуге де болмайды. Керісінше, оларды жасауға да, тіліміздегі толық мағыналы атауларды жасағандай талғаммен, кәсіби біліктілікпен, үлкен жауапкершілікпен қарағанымыз жөн. “Күрделі атауларды қысқартып қолдануда совет дәуірі кезінде тілімізде орыс тілінің үлгісі қабылданды [ҚГ. 207-б.] – деген пікірдің негізсіз айтылмағаны анық. Оны теріске шығаруға ұмтылу тарихи шындықты мойындамай, тілдік деректерді ескерусіз қалдыру болар еді. Сондықтан қысқарған атауларды жасау жолдарының орыс тіліндегі түрлерінің біздің тілімізден де орын алғанын тілдік-тарихи дерек ретінде қабылдан жөн. Қазіргі қазақ тіліндегі қысқарған зат есімдер жасалу жолына қарай төрт топқа бөлінеді.

### **1. Әріптік қысқарымдар.**

Екі немесе одан да көп сөздер тіркесімінен құралған күрделі атаулар құрамындағы сынарлардың басқы дыбыстарынан құралған қысқарымдар.

Мысалы, АҚ (*акционерлік қоғам*), АҚШ (*Америка құрама штаттары*), ЕК (*Еуропалық Кеңес*), ЕКПА (*Еуропа Кеңесі*

*Парламенттік Ассамблеясы*), ҚТЖ (*Қазақстан темір жолы*) т.б.

### **2. Буындық қысқарымдар.**

Күрделі атаулар сынарларының негізінен басқы буындарынан құралған қысқарымдар:

Мысалы, *кеңшар, ұжымшар, Ономком, Терминком,*

### **3. Аралас қысқарымдар.**

Күрделі атауларды құрайтын сынарларының басқы буындары мен бастапқы дыбыстарынан құралатын қысқарымдар. Яғни, сөз тудырудың мұндай жағдайында қысқарған сөз жасаудың екі түрлі тәсілі де, әріптік және буындық қысқарту да пайдаланылады.

Мысалы, ҚазТАГ, ҚазҰУ, АлМУ т.б.

### **4. Жартылай немесе ішінара қысқарымдар**

Бұл қатарға буындық қысқарымдар мен толық сөздердің бірігуінен жасалған сөздер жатады. Күрделі атауды құрайтын сөздердің бәрі буындық қысқарымға ұшырамай, жартылай немесе ішінара қысқартылып, өзгелері сол қалпында қысқарған сөз құрамына енетін қысқарым түрі. Мысалы, *Қазбаспасөз, мембағдарлама, мемқызмет, меммүлік, Мемхатшы, мемсыйлық, мемсату,* т.б. “Госслужащий” сөзі кейбір қазақ газеттерінде “мемқызметкер” түрінде қолданылған. Дұрысы – “мемқызметші” болуы тиіс.

Орыс тілінде қысқарымның бұл түрін «частичносокращенные слова» [пединститут, госбанк, сельхозотдел] деп атап жүр. Күрделі атауларды құрайтын сөздердің бірі қысқартылып алынып, екіншісі тұлғасын өзгертпей алынатындығын ескере отырып біз қысқарған сөздердің бұл түрін жартылай қысқарымдар немесе орыс тіліндегідей ішінара қысқарту деп атаған дұрыс болар деген ойдамыз.

Қысқарған сөздер де қазақ тілінде сөз негізі болады

дегенімізбен, кейбір тілдердегідей туынды сөздердің жасалуына негіз сөз ретінде көп пайдалана бермейміз. Мәселен, орыс тілінде қысқарған сөздер негізінде сөз туындату дәстүрі бар. Мысалы, *вузовец, КВНовец, спецовка, чекист, эсеровский* т.б. сөздер қысқарған сөздер негізінде туындаған атаулар. Ал бізде негізінен сөйлеу тілінде ҚазМУлықтар, АлМУлықтар, ТЖМдіктер деген сияқты жекелеген қолданыстар кездескенімен, олар жаппай тілдік қолданысымызға ене қоймаған. Қысқарған сөздердің жаңа сөздердің туындауына негіз сөз ретінде жиі пайдаланылмауы, ең алдымен, олардың өздерінің кең тарап, тіл тұтынушылардың бәріне таныс, бірдей ұғынылып, дайын сөз қалпында қолданыла бермейтіндігімен байланысты деп пайымдауға болады. Сондай-ақ олардың баспасөзде, ғылым тілінде жиі жазылып, қолданылып жүрген көпшілікке біршама танымалдарының елеулі бөлігінің құрамы қатар тұрған бірнеше дауыссыз дыбыстан немесе екі-үш дауыстыдан келуі де олардың тілде жаппай қолданылуына жол ашып, сөз туғызуға да икемділігін арттырмайды. Мысалы, БКТ, АШҚҚҚ, ЖҚКҚ, ЖММК, МЖЗҚ, РЖҚБ тәрізді бірнеше дауыссыз дыбыс қатар келген немесе ААА, АЭА, ЕАӘК, ОАӨАҮО, ОАӨЭЫА, ҮЕҮ бірыңғай дауыстылардан тұратын сөздердің негізінде жаңа сөз туғызу қиын. Бұл қысқарымдар дайын сөз ретінде айтуға, қолдануға икемсіз. Осы тұрған қалпында сөз ретінде қолдану қиындық туғызып жатса, олардың негізінде өрбітіп сөз туғызу мүмкіндігі туралы айтудың өзі артық. Қазақ тіліндегі дыбыстардың бір-бірімен тіркесу заңдылығы бар. Кез келген дыбыс қатар келіп сөз құрай алмайды. Бұл дауысты дыбыстарға да, дауыссыздарға бірдей қатысты. Бір сөздің құрамында **к** мен **ө**-нің, **к** мен **ұ**-ның, **о** мен **ә**-нің немесе **ү** мен **қ**-ның қатар тұруы қазақ тілі үшін қалыпты құбылыс емес. Бұл дыбыстар бір-бірімен тіркесе алмайды. Тіліміздің

үндестік заңы, дыбыс үндестігі, буын үндестігі бұзылып, дыбыстар тіркесімі заңдылықтары сақталмаса, сөзіміз сөз болудан қалады. Сондықтан не бірыңғай дауыссыздан, не бірыңғай дауыстылардан құралғандарын ғана емес, АӨҚО, АПБ, ӘЫК, ЕҚЫҮ, ЕҮЕБ, ЖҮЕК, ҮӨК сынды дауысты-дауыссызы араласып келген, алайда дыбыстар тіркесімі бұзылып, үйлесім таппай тұрған қысқарымдарды да сәтті жасалған дей алмаймыз. Бұл көрсетілген қысқарымдарды немесе осылар іспеттес бірқатар қысқарған сөздерді сөз негізі ретінде алып, олардан жаңа сөз туғызу мүмкіндігі жоқ деуге болады. Түбірі, негізі сәтсіз жасалған мұндай сөздер арқылы тіліміздің лексикалық қорын байытатын жаңа сөз жасай алмаймыз.

Сөздің жағымсыз ассоциация туғызып, дөрекі дыбысталмай, эстетикалық талғамға сай, құлаққа жағымды естілуі, айтуға ыңғайлы болуы да өте маңызды. Бұл тұрғыдан қарағанда АМҰ, АМЛ, БЖӘ, БӨҚЖА, ҚӨТ, МЖӘ, ӨСЕҚ деген сияқты қысқарған сөздер аталған талапқа жауап береді дей алмасак керек. Естір құлаққа ерсі әрі дыбыстар тіркесімі тұрғысынан үйлесімсіздік орын алған мұндай атауларды қолдануға ешкім құштар болмасы анық.

Кеңестік кезеңде қысқарған атаулардың денін орыс тілінен дайын қалпында өзгеріссіз қабылдау дәстүрі қалыптасқан еді. Тілімізге енген ондай кірме қысқарған сөздердің көпшілігі ұзақ жылдар қолданылып, жаппай жұмсалатын дәрежеге жетіп, тілде орнығып та қалған болатын. Қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болып, ұлт тіліндегі сөзжасам, терминжасам үдерісі жандана бастағанда тілдік қолданысымызда орныққан сондай күрделі атаулардың бірқатарының толық нұсқасы да, қысқарған нұсқасы да қазақша қайта жасалды. Мәселен, *колхоз – ұжымшар, совхоз – кеңшар, СССР – КСРО, КПСС – КОКП, ЦК – ОК* сынды атаулар сол қатарға жатады. Қазір осы тарихи кезең тура-

лы сөз қозғалғанда жоғарыда мысалға келтірілген атаулардың кейінгі жылдары жасалған қазақ тіліндегі нұсқалары жаппай қолданылып жүр. Бұдан қысқарған сөздерді өзге тілдерден қабылдау мен олардың жасалуына қатысты бүгінгі күннің кешегіден өзгеше өз талабы бар екендігін байқауға болады.

## 2.1. Қысқарған сөздердің түрлері

Қысқарған сөздер жасалуына, мағынасына, құрамы мен қолданысына қарай бірнеше түрге бөлініп, іштей жіктеледі. Қазақ тіл білімінде қысқарған атаулардың түрлерін ажыратып, ғылыми әдебиеттерде негіздеп бірізді беру мен мектеп, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда оларды іштей жіктеп-жіліктеп оқыту жағы әлі кемшін түсіп отыр. Бұл да қысқарған сөздер мәселесінің бізде жан-жақты зерттеліп, оларға жеткілікті көңіл бөлінбей келе жатқандығын айғақтайтын факторлардың бірі. Жасалу сапасының әркелкі екендігіне қарамастан, жинақталған материалдар көлемі бүгінгі таңда қазақ тілінде қолданылып жүрген қысқарған атауларды жан-жақты зерттеп, олардың пайда болу, қолданылу үдерісін үнемі назарда ұстап отыру қажеттігін анық көрсетті. Қысқарған сөздер мәселесі Н.Алдашевтың кандидаттық диссертациясында ғана арнайы зерттелген және тіл мамандары тарапынан жазылған бірнеше мақала бар. Сөздің бұл түрінің тілдік табиғатын тереңірек тану үшін қысқарған сөздердің жай-жапсарын мамандар әр қырынан әлі де қарастыра түсуі қажет деп білеміз.

Қазақ тіл білімінде қысқарған сөздер түрлері ажыратылып, олардың аты мен заты анықталып, бір жүйеге түсе қоймағанымен, өзге тілдерде оларды іштей жіктеу біршама орныққан деуге болады. Біз тілдік қолданысымыздағы қысқарған атаулардың дені олардың өзге тілдердегі сәйкес баламаларының үлгілері

бойынша жасалғандықтан, қысқарымдарымызды сол тілдердің тәжірибесін негізге ала отырып, жіктеу қисынға келеді.

Әр түрлі ұғымдарды білдіретін күрделі атауларды қысқартқан кезде олардың қысқартылған нұсқалары бірдей болып шығып жататын жағдайларды көптеген тілдерден кездестіруге болады. Осындай білдіретін ұғымдары басқа-басқа, ал қысқартылған нұсқалары бірдей дыбысталатын қысқарымдар – **омоним-қысқарымдар** (сокращения-омонимы) деп аталады.

Мұндай омоним-қысқарымдардың мейлінше аз, ең дұрысы тілдік қолданыста болмағаны дұрыс. Бірақ бұл талап үнемі орындала бермейді. Қысқарған сөздер күрделі атауларды шұбыртпай сөзқолданыстағы ықшамдылық, икемділік үшін, мақсатты түрде жасалатын екінші аталым [вроичная номинация] нәтижесі. Сондықтан оларды саналы түрде жасау, қалыптастыру үдерісінде ыждағаттылық танытып, бірдей дыбысталатын қысқарған атаулардың қолданысқа еніп кетпеуін жолға қоюға болады. Әрине, ол үшін тілдегі сөзжасам үдерісін үнемі қадағалап, жаңа туындап жатқан атаулар мен қолданыстардың бәрін дер кезінде тіркеп, жиып-теріп, лингвистикалық сараптан өткізіп отыру ісі кәсіби деңгейде жүзеге асып жатуы тиіс. Егер мұндай жұмыс өз деңгейінде жүзеге асырылатын болса, тіліміздің сөзжасам жүйесінен орын алып, кейінгі жиырма жыл көлемінде қарқын ала бастаған қысқарған сөз жасау үдерісіндегі омонимияның көп орын алмауына, басқа да кемшіліктерге жол берілмеуіне негіз қаланады. Мысалы, қазір тілімізде *Еуропалық одақ* та – **ЕО**, *Еуразиялық одақ* та – **ЕО** түрінде қысқартылып қолданылып жүр. Сондықтан **ЕО** қысқарған атауын оқыған адамда “Бұл қай одақ?” деген сұрақ туындауы табиғи нәрсе. Ендеше, жұртшылық бірден түсінетін қысқарым қалыптастырамыз десек, *Еуроазиялық одақты* – **ЕО** деп қалдырып, ал *Еуропалық одақты* – **Еуроодақ** түрінде қолданысқа енгізген жөн болар еді.



Біздің тілімізде қысқарған сөздердің жасалып, қалыптаса бастағанына бір ғасырға жуық қана уақыт болғандықтан, ағылшын, неміс, орыс т.б. тілдерімен салыстырғанда олардың қоры соншалықты бай емес. Мысалы, орыс тілі қысқарған сөздерге өте бай тілдердің бірі. Айталық 1984 жылы жарық көрген «Словарь сокращений русского языка» сөздігінің 4-ші басылымында 18 000 мыңға жуық қысқарған атау қамтылған. Соған сәйкес орыс тілінде омоним-қысқарымдар да жиі ұшырасады. Мәселен, ВП – *военный порт*, ВП – *воздушная подушка*, ВП – *выжидательная позиция*, ВП – *вторичное предъявление* т.б. Бірақ бұдан біз де қысқарған сөздер қорын мақсатты түрде орыс тіліндегідей көбейтіп, омоним-қысқарымдарды да көптеп қалыптастыра беруден қашпайық деген түсінік туындамауы тиіс. Әр тілдің өзіндік ерекшелігі, төл табиғаты бар. Соған сәйкес қажеттілігіне қарай жасалған қысқарған сөздерімізді жазу мен айтуға қолайлы, тілдік нормаға сай қалыптастыру маңызды міндет.

Қазір **транслитерацияланбаған қысқарымдардың** (нетранслитерированные иноязычные сокращения) тілдік қолданысымызға ене бастағаны байқалады. Олардың қолданысын осы кітаптың келесі тармағында берілген мысалдардан көруге болды.

Кеңестік кезеңде тілімізде ТУ–134, ТУ–144, ТУ–154, МИ–8, ДТ–75, ГАЗ –53, ЗИЛ–130, ЮМЗ –70, К–700 сияқты әріп пен санның немесе сөзбен санның қосындысынан құралған **әріп-сан қысқарымдар** (инициально-цифровые аббревиатуры) баспасөзде, жалпыхалықтық тілде жиі қолданылып, көпшілікке түсінікті болса, қазір қысқарымның бұл түрі арнаулы сала әдебиеттерінде болмаса, өте сирек кездеседі. Баспасөзде А–20, АН–24, ЯК–42 тәрізді бірді-екілі қысқарымдар ғана ұшырасады.

Бірреттік немесе жекелеген мәтін ішінде ғана қолданылатын

қысқарған сөздер түрін **оказионал қысқарымдар, мәтіндік қысқарымдар** (оказиональные, текстовые сокращения) деп жіктеу бар. Баспасөз беттерінен мұндай қысқарымдар түрі көп ұшырасады. Қолданушылардан басқаларға мүлде таныс емес, толық нұсқасын қоса көрсетпесе түсініксіз мұндай атауларға мысал келтіру қажеттілігі бола қояр деп ойламаймыз.

Қысқарған сөздерді тілде белсенді немесе өте сирек қолданылуына байланысты да жіктеуші ғалымдар бар. Қысқарған сөздер де тілдегі лексикалық мағынасы бар сөздер сияқты қоғам өміріндегі тарихи өзгерістерге байланысты қолданыстан шығып немесе өте сирек қолданылатын көнерген сөздер қатарына енеді. Белсенді қолданыстан шығып, пассив сөздер қатарына енген ондай қысқарған сөздер – **тарихи қысқарымдар** [сокращения-историзмы] деп аталып жүр.

Сондай-ақ күрделі атауларды құрайтын сөздердің төл сөз немесе кірме сөз болуына байланысты қысқарту кезінде солардың негізінде туындаған қысқарған атаулар да құрамына қарай бұдан (гибрид) болып шығады. Біздіңше, оларды бұдан қысқарымдар деп атауға болады. Мысалы, *ҚазБытХим* (*Казахстанская бытовая химия*), *ҚазМұнайГаз*, *ҚазТрансГаз*, *Мемтерминком*, *Мемонком*, *Санпедқадағалау* (*санпеднадзор*) және т.б. «ҚазБытХимнің» хош иісті сабындары. («Егемен Қазақстан», 7 қыркүйек 2012 жыл. №590-591); Бұл туралы кеше санпедқадағалау комитетінің облыстық департаменті хабарлады. («Айқын», 23 сәуір 2010 жыл. № 70).

Қысқарған атауларды бұлайша жіктеуді біз лингвистикалық әдебиеттерден кездестіре алмадық. Қысқарған сөздердің мұндай түрі қазіргі қолданысымызда жиі ұшырасатын болды. Сол себепті бұл секілді қысқарымдарды өзінше бөліп қарауға негіз бар деп білеміз. Тілімізді кірме сөздер мен терминдер өте көп болғандықтан, кейінгі жылдары солардың қатысуымен

жасалған бұдан терминдер мен осындай бұдан қысқарымдар саны күрт көбейіп келеді. Мұндай үдеріс үздіксіз жалғасып, кірме дыбыстар мен кірме сөздерді өз тілімізге икемдемей, түпнұсқа тілдегі қалпында өзгеріссіз қабылдай берсек, соған сәйкес қазақ сөз құрамының елеулі өзгеріске ұшырайтынын болжау қиынға соқпайды.

Қысқарған сөздердің осы аталған түрлерімен қатар окказионал қысқарымдар, мәтіндік қысқарымдардан кейбір авторлық қысқарымдарды бөліп қараған жөн деп санаймыз. **Авторлық қысқарымдар** оның авторы тарапынан белгілі бір мақсатты көздей отырып жасалып, бір емес, бірнеше рет арнайы қолданатындығы тұрғысынан ерекшеленеді деген пікірдеміз.

Қазіргі баспасөз бен көркем шығармаларда кейбір авторлық қысқартулар кездеседі. Авторлық қысқартуларды жиі қолданытындардың бірі – ақын Мұхтар Шаханов. Белгілі ақын өзінің ауызша сөйлеген сөздерінде, сұхбаттары мен мақалаларында, өлеңдерінде «ТЖ» – туфли жалағыштар қысқарымын, «жағымпаздар, жарамсақтар» деген мағынада қолданады. «ШҚ» – шала қазақтар, «МҒ», «МҒҚ» – мордиясы ғана қазақтар. Автор осы қысқарымдарды бірнеше мақалаларында, ауызша сөйлеген сөздерінде, өлеңдерінде мақсатты қолданады.

Ж.Кеттебектің «Қарағаш» әңгімесіндегі мына қысқарымдар да мақсатты қолданыстар. «ТҚ-ларға» жаққан нәрсе «ҚҚ-ларға» жақпай, «ҚҚ-ларға» жаққан нәрсе «ТҚ-ларға» жақпай, екі тайпа бір-бірімен аңдысып, қырық пышақ қырқысып жататын (Жәлел Кеттебек. Қарағаш. «Жас Алаш», 14 мамыр 2013 жыл. № 37). Мұндағы ТҚ – Түзу Қалпақтылар, ҚҚ – Қисық Қалпақтылар. Бұл іспетті қысқарған сөздердің поэзия мен прозада, көркем шығармалар тілінде қолданылуын да арнайы қарастырған жөн.

### 3. Қысқарған сөздер қолданысының жайы

Қазіргі кезеңде қоғам өмірінің қай саласын алсақ та, қысқарған сөздер молынан кездеседі. Еліміз әлемнің көптеген мемлекеттерімен саяси-экономикалық, дипломатиялық және ғылыми-мәдени байланыстарын қалыптастыруына байланысты қазір қысқарған атаулар бұрынғыдай тек орыс тілінен ғана алынып отырған жоқ. Халықаралық қатынастардың нығаюы өзге тілдерден тікелей сөз алмасуға жол аша бастады. Әсіресе, ағылшын тілінен енген халықаралық сипатқа ие қысқарған сөздер қатары біршама артып отыр. Бұрын орыс тіліндегі нұсқасында кирилл әріптерімен таңбаланып жүрген бірқатар атаулар қазір латынша таңбалануы бойынша қолданыла бастады. Қазіргі баспасөз беттерінде латынша транскрипциясы бойынша жазылатын шетелдік компаниялар мен түрлі ұйымдардың, мекемелердің күрделі атаулары да көбейіп келеді. Мәселен, бұрынырақта, дәлірек айтқанда 90-жылдарға дейін біздің тілімізде орыс тіліндегі қысқартылған нұсқасы бойынша қолданылатын қысқарымдар көп болған болса, қазір еуропа елдерінің тілдері мен ағылшын тіліндегі күрделі атаулардың қысқарған нұсқаларын да мерзімді баспасөз бен ресми құжаттардан, түрлі басылымдардан жиі ұшырататын болдық. Олардың қатарына мына төмендегі ASEAN, AIBA, EXPO, IBA, ISO, IT, IPO, FILA, FIFA, FIDE, FIAS, NACA, NATO, NTI, UNESCO, UNICEF, USAID, UNEP, USIA, UNPF, OPEC, WBA, WBO, WBC, WiMAX, WWF, UBS, VIP, CNN, CARICC, SMS, TIMSS, G-20, REACH, PNB, PR және т.б. сияқты қысқарымдарды осы қатарға қосуға болады.

Кеңестік кезеңдегі қоғамдық құрылыс, мемлекеттік мекемелер, ұйымдар атаулары мен қоғамдық саяси лексиканы құрайтын күрделі сөздердің қысқарған нұсқаларының көпшілігі

елдің тарихи-мәдени, саяси-экономикалық өмірінде болған елеулі өзгерістерге байланысты белсенді қолданылмай, тіпті пассив сөздер, көнерген лексика құрамына өтіп жататындығын, әріге бармай-ақ бергі тарихымыздан да көруге болады. Оған көз жеткізу үшін ыдырағанына әлі соншалықты көп уақыт өте қоймаған кешегі КСРО тұсында өте жиі қолданылып, актив сөздер деп саналған мына төмендегі қысқарымдарды мысалға келтірсек те жеткілікті болар деп ойлаймыз. Мәселен, *БАМ, ВКП[б], ВЛКСМ, ВЦИК, ВЦСПС, ГОЭЛРО, ДОСААФ, КП, ЛКСМ, МТС, РСДРП, РСФСР, ТАСС, Горком, Генсек, завферма, местком, райком, обком, партбилет, партком, партбюро, партком, парторг, комсорг, комсомол, компартия, нарком, рабфак, ревком, совдеп, совнарком* сияқты көптеген атаулар бүгінде қолданыстан шығып, көнерген сөздер, историзмдер қатарынан орын алды. Осыдан 20-30 жыл бұрын жоғарыда келтірілген қысқарған атауларды мектептің жоғарғы сынып оқушыларынан бастап, әрбір сауаты бар азамат жақсы білетін болса, бүгінгі оқушылар мен студенттер, кейінгі он бес-жиырма жыл көлемінде жоғары оқу орнын бітіргендер олардың не мағына білдіретіндігін біле бермейді. Арада бір жиырма жылдай ғана уақыт өткенде бұл атаулар кешегі тарих қойнауында қалып отыр. Сол өткен кезеңнің тарихына қатысты сөз қозғалғанда болмаса, бүгінгі тілімізде бұл атаулар қолданылмайды.

Қысқарған сөздердің қолданысы жайлы сөз еткенде олардың ғылым тілінде, баспасөз бен көркем әдебиетте, іс қағаздары мен ауыз екі сөйлеу тілінде қолданысы туралы жеке-жеке қарастырып, ерекшеліктері мен ортақ қырларын мейлінше нақтырақ көрсеткен абзал. Біз төменде жинақталған қолда бар материалдарға сүйене отырып, қысқарған атаулардың баспасөз тілі мен ғылым тіліндегі қолданысына қысқаша ғана тоқталмақпыз.

## 1.1. Қысқарған сөздердің қазіргі қазақ баспасөзіндегі қолданысы

Осы басылымға енгізіліп отырған қысқарған сөздер, ғылыми тұрғыдан сөз қозғауға жеткілікті тілдік материал негізінен қазақ тіліндегі газеттерден жиналды. Сол себепті қысқарған сөздердің мерзімді баспасөз тілінде қолданысының басты ерекшеліктерін анықтап, мейлінше нақтырақ пайымдаулар жасауға негіз бар деуімізге болады.

**Қысқарған сөздердің мақала тақырыбында қолданылуы.** Орыс тілінде шығатын газеттерде қысқарған сөздердің мақала тақырыбында қолданылуы бұрыннан қалыпты құбылыс. Мәселен, «ЧП в масштабах МЧС» («Казахстанская правда», 8 октября 2009 года № 239); Как ВРП наращивает ВВП («Казахстанская правда», 20 июля 2011 года. № 224); От КХЛ до ВХЛ. «Казахстанская правда», 12 сентября 2012 года. № 306-307) сынды мақала тақырыптарын жиі ұшыратуға болады. Соңғы жылдары қазақ басылымдарында да қысқарған сөздердің мақала тақырыбы ретінде берілуі жиі байқалатын болды. Мына мысалға назар аударалық: ҰҚШҰ-ны НАТО-ға балама әскери блок ретінде қарастырған орынды ма? («Алаш айнасы», 2009 жыл 4 тамыз. № 130); БҰҰ-ЕҚЫҰ форматындағы үнқатысу. («Егемен Қазақстан», 16 қазан 2009 жыл. № 337-339). Бір ғана мақала тақырыбында екі қысқарған сөз қатар қолданылған. Қазақ газеттерінде мақала тақырыбына қысқарған сөздердің қос-қостан қолданылуы кейінгі жиырма жылдың көлемінде көрініс бере бастаған құбылыс. Оған дейін мақала тақырыбында емес, газет бетінде қысқарған атаулар дәл қазіргідей көп қолданылмайтын. Мұның негізгі себептерінің бірі тіліміздегі қысқарған сөздердің санының күрт өсуімен, өзге тілден дайын күйінде қабылданатын қысқарымдардың

азайып, ұлт тілінде жасалған төл қысқарымдардың артуымен де байланысты. Сондай-ақ қазақ газеттерінде ақпаратты ықшам түрде, аз сөзбен көп мәлімет беруге, күрделі атауларды шұбыртпай олардың қысқартылған нұсқасын қолдана отырып, жұртшылықтың көзін соған үйрету мақсатын көздеген бағыттың пайда болғанын көруге болады. Сонымен қатар қысқарған сөздердің қазақ газеттерінде мақала тақырыбы ретінде жиі қолданылуына орыс газеттері тілінің үлгісі де ықпал еткенін жоққа шығаруға болмайды.

**Газет мәтінінде жекелеген қысқарымдардың қолданылуы.** Мақала тақырыбында ғана емес газет мәтініндегі сөйлемдер құрамында да қысқарған сөздер жекелеп те, қосқосынан қолданылып жатады. Қазақ газеттерінен алынған мына сөйлемдер солардың қатарынан. Мысалы: Сөйтіп, ПИК пен ЖҮК-тер арасындағы жарыста I орынды – Жетісу ауданы, II орынды – Әуезов ауданы, III орынды – Медеу ауданы иеленді. («Алматы ақшамы», 17 қазан 2009 жыл. № 121); АИТВ инфекциясын жұқтырғандарға және ЖИТС-пен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету. («Егемен Қазақстан», 29 қыркүйек 2009 жыл); Саудабаев – АҚШ-та. «Айқын», 26 қыркүйек 2009 жыл. № 179 (1360); АҚШ АЭС салады. («Егемен Қазақстан», 23 ақпан 2010 жыл. № 66-68); ЕҚЫҰ БҰҰ-мен бәсекелес пе? («Айқын», 10 желтоқсан 2010 жыл. № 230) және т.б.

Сөйлем ішінде құрамында үш және одан да көп сыңарлары бар күрделі атауларды тиісінше 3-5 әріптен немесе буынан тұратын қысқарған сөзбен беру әлдеқайда ұтымды. Газет оқырманына да жеңіл. Бұл жердегі басты мәселе – қысқарған сөздің оқырманға мағынасы таныс, қолданысы орныққан, көпшілікке танымал болуы.

**Қысқарған сөздердің газет мәтінінде тізбектеле қолданылуы.** Қазақ газеттерінен әр жылдары жинақталған мына төмендегі сөйлемдер қысқарған сөздер тізбегінен тұрады: Қазақстанның сыртқы саясатының көп арналылығы және оның Ресеймен де, сол секілді Батыспен де жақсы қарым-қатынасы тұрғысынан осы негізде барынша әрқилы халықаралық бірлестіктер – ЕО, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, НАТО және ҰҚШҰ ынтымақтаса алар еді. («Егемен Қазақстан», 11 қараша 2009 жыл. № 371-372 (25769)); Ал жуырдағы Алматы қаласы Әкімінің тапсырмасына сәйкес Түрксіб ауданының әкімі В.Юстюговтың 59 өкілімен өкілетті орындар АЖИ, МСҚББ, АПД, АСҚБ және аталған учаскеден 3 ықпалды адамдардан құралған комиссия құрылып, құжаттарды қабылдап, Алматы қалалық әкімшіліктің Жер комиссиясына өткізу жұмыстарын жүргізді. («Алматы ақшамы», 13 наурыз 2010 жыл. № 31); Бақылаушы ретінде ЕҚЫҰ ДИАҚБ, ЕҚЫҰ ПА, ТМД ПАА, ШЫҰ, ТүркПА және басқа ұйымдардан өкілдер келмекші. («Егемен Қазақстан», 24 қыркүйек 2010 жыл. № 386-387); Бұл басқосуға БҰҰ, МАГАТЭ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ, ҰҚШҰ, ЕурАзЭҚ, АӨШСК, ЮНЕСКО, ЯСЖТКҰ сынды халықаралық ұйымдар басшылары мен өкілдері, әлемдік саяси топтар, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, белгілі сарапшылар мен ғалымдар жиылды. («Алматы ақшамы», 15 қазан 2011 жыл. № 118).

Жоғарыда берілген мысалдарда әр сөйлемде кемінде 4-тен 9-ға дейін қысқарған сөз кездеседі. Газет мәтініндегі түрлі халықаралық ұйымдар атаулары мен өзге де күрделі атаулар толығымен берілгенде сөйлемдердің ұзындығы екі-үш есе артып, қаншама орынды алған болар еді. Мәселен, соңғы сөйлемдегі халықаралық ұйымдар атауларын толық жазғанда 41 сөз жазылуы керек болса, оның орнына 9-ақ қысқарған сөз қолданылған. Айырмашылық өте үлкен. Үнемделген 32 сөздің

газеттің қанша жолын алатынын, оны оқуға кететін оқырман уақытын есептесек, қысқарған сөздерді қолданудың пайдалы коэффициенті шығады. Күрделі атаулардың толық жазылуы газет тілін ауырлатып, оқырманның да ақпарат алуын қиындатары сөзсіз. Қазіргі оқырман қалың-қалың романдар мен газеттің сала құлаш, айқара бетті алып жатқан көлемді мақалаларын оқудан гөрі қысқа да нұсқа, нақты ақпараттар сығымдалып берілген мәтіндерді оқуға бейіл. Мәселенің мәніне бірден көшпей, алыстан орағытып, ұзақ тарихи шолу жасаудан басталған, жалпы сипаттауы мен бейнелілігі басым, көпсөзділік орын алған мәтінді оқуға бүгінгі оқырман уақытын жоғалтқысы келмейді. Сондықтан баспасөз тілінде қысқарған сөздердің көп қолданылуы бүгінгі ақпарат ғасырында ақпаратты тез, ұтымды жеткізу мен оны алудың қажеттілігіне байланысты туындап отырған құбылыс деп тануға негіз жеткілікті.

Сондай-ақ баспасөз беттерінде сынға алып отырған нысанының атауын мақсатты түрде қысқартып қолдану арқылы оқырманға әсер етіп, қоғамдық пікір туғызуды көздейтін жағдайлар да кездесіп жатады. Мәселен, тестілеу жүйесі алғаш енгізіле бастаған жылдары ол “Бірыңғай ұлттық тестілеу” деп аталды. Осы күрделі атауды «БҰТ» деп қысқартып алып, сын мақала тақырыбы ретінде («БҰТ-ымыз айырылып кетпесін») газеттің бірінші бетінде айғайлатып үлкен тақырып берген басылымдар да болды. Көп ұзамай бұл құрылымның атауы «Ұлттық бірыңғай тестілеу» деп өзгертіліп алынып, соған сәйкес ҰБТ түріндегі қысқартылған атау қолданысқа енді. Қысқарған сөздерді де оқырман назарын аудару үшін мақсатты түрде қолданылатын жағдайлар едәуір жиілеп келеді.

Жалпы біздегі қысқарған сөздердің басым көпшілігі олардың орыс тіліндегі нұсқасын үлгі ете отырып жасалып жататындығын қадам басқан сайын көруге болады. Кейінгі

жылдары қазақ баспасөзінде де кісі есімдерін, көбінесе елге белгілі лауазымды тұлғалардың, саясаткерлердің аты-жөнін немесе есімдерін қысқартып қолдану құбылысы да көрініс бере бастады. Мәселен, «Нұр Астана» (29 сәуір 2012 жыл. №13) газетінің бірінші бетінде «ГГГ-лер кімнің мүддесін көздейді?» деген мақала басылды. Бұл ГГГ-лер – бас банкир Григорий Марченко, мәжіліс депутаты Гүлжан Қаракұсова және сол кезде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі қызметін атқарған Гүлшара Әбдіхалықова есімдерінің бірінші әріптерін алу арқылы жасалған қысқарған сөз. Қазақ баспасөзіндегі қысқарған сөздің бұл түрінің жасалуына да, қолданысына да орыс тілінің әсері бар. Ресей баспасөзінде де, бізде шығатын орыстілді басылымдарда да Владимир Владимирович Путинді – ВВП деп қысқартып өте жиі қолданады. Біздің «Время» газеті (21.04.2012. № 59) де «ВВП вычеркнули из списка» деген және «ВВП: год с правом передачи» (5.03.2013г. №33) деген тақырыппен мақалалар жариялады. Жалқы есімдердің, оның ішінде кісі есімдерінің, белгілі тұлғалардың қысқартылып алынуы кейінгі жылдары жиі көрініс бере бастады.

## **1.2. Қысқарған сөздердің ғылым тіліндегі қолданысы**

Қысқарған сөздер ғылым тілінде де жиі қолданылады. Адамның жалпыхалықтық тілдегі қарым-қатынасы кезінде күнделікті тіршілікте тұтынатын заттар мен қарапайым ұғымдар атаулары көбірек кездессе, ғылым тіліндегі кәсіби қарым-қатынас барысында сала терминдері мен күрделі ғылыми ұғымдар атаулары, саланың метатіліне тән оралымдар қолданылады. Екі-үш, төрт-бес компоненттен тұратын күрделі ұғымдар атаулары сол ұғымдар жөнінде сөз қозғалғанда ғылыми мәтінде, ғалымдар мен мамандардың кәсіби қатысымы кезінде қайта-қайта қолданылып жатады. Күрделі ұғымның толық

атауын шұбалтып қайталап қолдана беру ғылыми мәтіннің де, ғылыми қатысымының түсініктілігін, ұғынықтылығын арттырмасы анық. Сол себептен де жалпығылыми тілде, ғылым мен техниканың әр саласының метатілінде күрделі атаулардың ықшамдалған нұсқаларының жасалуы, олардың жиі қолданылуы ғылым тілінің икемділігін қамтамасыз ету қажеттілігінен туындаған деуге негіз бар.

Қазіргі ғылыми әдебиеттерді, оқулықтар мен терминологиялық сөздіктерді қолға алсақ, қай саладан да қысқарған атауларды көптеп кездестіруге болады. Мысалы, биология саласында **ДНК** – дезоксирибонуклеин қышқылы [ДНК – дезоксирибонуклеиновая кислота], **ЕПА** – етпептонды агар [МПА – мясопептонный агар], география саласында **БЖБ** – баяу жылдамдықтар белдемі [ЗМС – зона малых скоростей], **ШТӘ** – шағылысқан толқындар әдісі [МОВ – метод отаженных волн], **СГЖ** – су-газ жапсары [ВГК – водно-газовый контакт], **ШОЗ** – шашыранды органикалық зат [РОВ – рассеянное органическое вещество], геоаумақ[геозона], геобиосфера, гидрогеодинамика, геотехносфера, геожүйе [геосистема], зоогеография, медицина саласында биойрғақ [биоритм], кен ісі және металлургия саласында **ЖМ** – жарылғыш материалдар [ВМ – взрывчатые материалы], **ҚҚС** – қысқа қайыру сызығы [ЛНС – линия наименьшего сопротивления], **МСС** – майлайсуытатын сұйықтар [СОЖ – смазывающе-охлаждающая жидкость], **ТЖМ** – тиеп-жеткізу машиналары [ПДМ – погрузочно-доставочные машины], **ТТМ** – тиеп-тасымалдау машиналары [ПТМ – погрузочно-транспортные машины], техника саласында **АЕМ** – аналогты есептеуіш машина [АВМ – аналоговая вычислительная машина], **АЖЖ** – автоматтандырылған жобалау жүйесі [САПР – система автоматического проектирования], **БӨА** – бақылау-өлшеу аспаптары [КИП – контрольно-измери-

тельные приборы], **ЖТМ** – жерқазу-тасымалдау машиналары [ЗТМ землеройно-транспортные машины], **ҚЖМ** – құрылыс және жол машиналары[СДМ – строительные и дорожные машины], **ТШ** – техникалық шарттар [ТУ – технические условия], **ІЖҚ** – іштен жану қозғалтқышы [ДВС – двигатель внутреннего сгорания] экология саласында **ГРШ** – гигиеналық рауалы шығарынды [ВГД – выброс гигиенически допустимый], **ЖБ** – жағалау белдемі [ЗП – зона прибрежная], **СҚБ** – санитарлық сақтау белдемі [ЗСЗ – зона санитарно-защитная], **ШРШ** – шектеулі рауалы шығарынды [ВПД – выброс предельно допустимый] т.б. қысқарымдар қолданылады. Бұл тәрізді қысқарған атауларды ғылымның өзге де салаларынан алып, мысалға келтіре беруге болады.

Ғылым мен техниканың түрлі салаларында *-анти, -био, -гео, -зоо, -моно, -нео, -экс* сынды көптеген латын-грек терминбөлшектері арқылы да көптеген ықшамдалған терминдер мен атаулар жасалады. Бұрын мұндай атаулар көбінесе орыс тілінен дайын қалпында қабылданып келсе, кейінгі жиырма жылдай уақыт көлемінде олардың бір бөлігі өз тіліміздің сөздерінің қатысуымен жасала бастады.

Жалпы алғанда түрлі ғылым салалары бойынша жинақталған тілдік материалдар ғылым тіліндегі қысқарған атаулардың да басым көпшілігі негізінен орыс тіліндегі нұсқасының үлгісімен жасалғанын көрсетеді. Бұл құбылыс ғалымдар мен сала мамандарының да қысқарған сөздерді жасауға, оларды ғылыми еңбектерінде қолданып, сөздіктерге енгізуге жете мән беріп отырғандығын, бұл іске терминжасам тәсілі ретінде шығармашылық ізденіспен қарап отырғандығын көрсетпейді. Тілге жеңіл, құлаққа жағымды естілетін, ғылым мен техниканың белгілі бір саласында жаппай қолданылатын дәрежеге жеткен қысқарған атауларды көп деп айта алмаймыз. Жоғарыда

келтірілген мысалдардан-ақ соны көруге болады. Тұтастай алғанда жалпығылыми тілде, оның ішінде ғылыми-техникалық, ғылыми-математикалық, ғылыми-көпшілік баяндау стилі үшін де қысқарған атаулардың болуы, олардың ұтымды жасалуы қажет екендігі дау туғызбайды.

Бұл орайда “Қысқарған күрделі зат есімдер ғылым тілінің жүйелі, ықшамды жетілген тіл болуына өз үлесін тигізеді”[ҚГ. 339] деген ғалымдар пікірі орынды айтылған деп білеміз. Қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану ғылымдары саласында еңбек етіп жүрген қазақтілді ғалымдар мен сала мамандары қысқарған терминдердің жасалуына термин шығармашылығына қарағандай жауапкершілікпен қарауы тиіс. Ал тіл мамандары, терминтанушылар мен терминшілер қысқарған терминдерді жасаудың тиімді әдістері мен үлгілерін жасап, мамандарға ұсынуы қажеттігі айқын аңғарылып отыр. Мұндай әдістер мен үлгілердің дайындалуы тек терминдерге ғана емес, тіліміздегі қысқарған сөздердің барлығына бірдей қатысты болуы тиіс. Жалпы алғанда қазақ тілінің нормаларына сәйкес келетін қысқарған атаулар жасау сөзжасам тәсілі ретінде жетілдірілуі керектігі айқын көрініс беріп отыр. Оның себебін біз қысқарған сөздерді, терминдерді оларды жасаудың белгілі үш-төрт жолын көп ізденіссіз, көбінесе өз тіліміздің табиғатын ескермей орыс тіліндегі нұсқасына қарап механикалық тұрғыда жасай салу үрдісі белең алып бара жатуынан деп пайымдаймыз. Бізге қысқарған сөзді де сөз деп, оны жасаудың жолдарын да сөзжасам тәсілі ретінде толық мойындау әлі де жетіспей тұрғанын олардың жасалуы мен қолданысынан айқын байқауға болады. Қазіргі қазақ тілінде қысқарған атаулар жүздеп, мыңдап саналады. Олар ғылым тілінде де, баспасөз тілінде де, ісқағаз тілі мен көркем әдебиет тілінде де, яғни бүгінгі таңда функционалдық стильдердің барлығында кеңінен қолданылады. Ендеше, осы

факторды сөзсіз ескеріп, қысқарған сөздердің тілімізден елеулі орын алып отырғанын мойындап, алдымен олардың жасалу сапасына, одан соң жазба тіл мен сөйлеу тілінде орынды, сауатты қолданысына тиісті мән беретін уақыт жеткенін ескермеске болмайды.

## **5. Қысқарған сөздер қолданысындағы кемшіліктер**

Еліміз тәуелсіздігін жариялап, егемен ел ретінде қалыптасу кезеңінде көптеген мемлекеттік құрылымдар, Ұлттық компаниялар мен мекемелер, жаңа жоғары оқу орындары ашылып, олардың толық және қысқарған атаулары пайда болды. Осы атаулардың жасалуы мен қолданысын бір ізге түсіру, жаңа пайда болып жатқандарын сараптан өткізіп, жаппай қолданысқа ұсынып отыру маңызды жұмыс. Жалпы қысқарған сөздер де уақтылы жинақталып, үнемі мамандар талқысынан өтіп отырмаса, оларды жасауда тілдік норма сақталмай, қолданысында ала-құлалық көбейіп кетеді. Қазіргі қолданылып жатқан қысқарған атауларымыз осындай кемшіліктерден ада дей алмаймыз. Оларды жасауда да, қолданысында да орын алып жатқан олқылықтар бар.

Қысқарған атаулар тек қазақ тілінде жасалып қоймайды, олардың бірқатар бөлігі өзге тілдерден өзгеріссіз қабылданған қалпында қолданылады. Олардың өзге тілдерден қалай қабылданып, өз тілімізде қалай жасалып, қолданыс тауып жатқандығын анықтап, бұл бағыттағы жақсы үрдістерді үлгі ретінде ұсынып, кемшіліктерді түзету жолдарын көрсету тіл мамандарының тікелей міндеті. Осы тұрғыдан қарағанда кейінгі жылдары тілшілер қауымы тарапынан қысқарған сөздер мәселесіне жеткілікті көңіл бөлінбегені байқалады. Соның сал-

дары да анық аңғарылып отыр. Баспасөз беттерінде, ғылыми, танымдық, оқулық әдебиеттер мен салалық сөздіктерде кездесетін қысқарған атаулардың жасалуында, қолданысында көптеген кемшіліктер орын алып жүр. Ондай олқылықтарды уақтылы анықтап, түзетіп, қысқарған атаулардың қолданысын қадағалап отырмаса, ретсіздіктің белең алары белгілі.

Осыдан бірнеше жыл бұрын “Хабар” арнасының “Тіл” деп аталатын бағдарламасында қысқарған сөздер жайы сөз болды. Сонда бір студент өзінің оқитын оқу орнын тек КИМЭП деп атайтынын, **ҚМЭБИ** деген атауды ешқашан қолданбайтынын айтып еді, оның бұл ісін құптамайтындар, сөккендер аз болған жоқ. Студенттің өз тілін құрметтемейтіндігі, отаншылдық сезімінің төмендігі сынға алынды. Шындығында тек КИМЭП қана емес Қазақстанның бірқатар жоғары оқу орындарының студенттері өз оқу орындарының қысқартылған қазақша атауларын қолданбайтындығына күмән болмаса керек. Мұның себебін тек орыс тілінің үстемдігінен немесе шәкірттердің қазақ тіліне деген жанашырлығының жетіспейтіндігінен іздегеніміз дұрыс дей алмаймыз. Мәселенің бір ұшы осы қысқартылған атаулардың “тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетіндей” ұтымды жасала бермейтіндігімен тікелей байланысты деп білеміз. **ҚМЭБИ** ғана емес **ҚазБСҚА** (*КазГАСА*), **ҚазМҚХӘТУ** (*КазГУМО-иМЯ*), **МББҚБА** және **ҚДИ** (*Мемлекеттік және білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты*) сияқты бірқатар іргелі оқу орындарының қазақша атауларын қанша ұлтжанды, қанша жерден тілдің жанашыры болсаң да, айтуға құштар бола қоюың қиын-ақ. Бұл секілді мысалдарды әлі де көптеп келтіре беруге болады. Осының өзі сөздерді қысқартып алу кезінде бас қатырып, көп ойла-нып жатпайтындығымызды әрі өз тіліміздің заңдылықтарына сәйкестендіріп қысқартпай, орыс тіліндегі нұсқасын үлгі етіп

алып, сол тілдің шылауынан шыға алмай қалатындығымызды байқатады. Әйтпесе, орыс тіліндегі әріптік қысқартуларды дәл сондай етіп алып жататындығымызды немен түсіндіруге болады? Орыс тіліндегі немесе шет тілдерінің қысқарған атауларын дәл сол тілдегідей айнытпай аударып қабылдау керек деген ережеміз болған емес. Ондай атауларды буындық немесе аралас қысқарту жолымен өз тілімізге бейімдеп, жатық дыбыстала-тындай етіп қысқартып алу жолға қойылмай келеді.

Қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болған соңғы жиырма жылдың көлемінде тілдің түрлі мәселелері үнемі сөз болып келеді. Талғамсыздық пен кәсіби шеберліктің жетіспеуі салдарынан туындаған термин сөздер, тұрақты тіркестердің, жекелеген сөздердің дұрыс қолданылмауы, орашалақ аудармалар мен дұрыс құрылмаған сөйлемдер төңірегінде тіл мамандары тарапынан түрлі деңгейдегі конференциялар мен семинарларда, бұқаралық ақпарат құралдарында аз сөз болып жүрген жоқ. Ал осы аталған мерзім ішінде көптеп жасалып, БАҚ-тарда, іс қағаздары мен түрлі әдебиеттерде қолданыла бастаған қысқарған сөздер туралы көп сөз қозғала бермейді екен. “Қысқарған сөздер де сөз болып па?” – деп қарайтын мамандар да табылады. Дұрысы, қысқарған сөздер де назардан тыс қалмай, олардың жасалуы мен қолданысы қадағаланып, мамандардың сарабынан өтіп отыруға тиіс. Тіл мәселесінде ұсақ-түйек дегеннің болмайтындығы белгілі. Тіл мамандары тарапынан арнайы қарастырылып 1996 жылы Н.Алдашев “Қазіргі қазақ тіліндегі қысқарған сөздер” деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғағанымен, ондай зерттеулер нәтижелерін қысқартып сөз жасаушылардың басым көпшілігі іс барысында пайдалана бермейтіндігі байқалады.

Жалпы қысқарған сөздердің жасалуы мен қолданысында едәуір кемшіліктер орын алып отыр.



Сөз қысқарту кезінде де тілдегі дыбыстар тіркесімділігі, дауысты-дауыссыз дыбыстардың бір-бірімен қатар тұру мүмкіндігі, олардың тарихи қалыптасқан орны ескерілмейді. Әйтпесе ҚӨТ (*қаржы-өнеркәсіптік топтар*), ОАӨАҮО (*Орталық Азиядағы өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығы*), БӨҚЖА (*бақылау-өлшеу құралдары және автоматика*), ҚҚХҚИ (*Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институты*), ӨОАӨ (*өлшемдердің орын алмастыру әдісі*) сияқты көптеген сәтсіз қысқартылған атауларды оңды-солды қолданып жүрмеген болар едік. Мысалға алынып отырған қысқарған сөздердің кемшілігі – әріптік қысқарту барысында қазақ тіліндегі дыбыстар тіркесі сақталмаған. Дыбыстар үндестігі бұзылғандықтан тілінді қанша бұрасаң да айтуға келмейтін, құлаққа түрпідей тиетін, айтуға қолайсыз атаулар пайда болған. Қысқарған сөздердің жасалуы туралы сөз болған екінші тармақта да бұл мәселеге тоқталып, мысалдар берілді. Айтқанда, оқығанда қиындық туғызатын мұндай атауларды тілде орнықтыруға әрекеттенудің өзі зорлық. Қазір әр басылым, әр автор күрделі атауларды өз қалауынша, орныға бастаған нұсқасына назар аудармай қысқартуы жиілеп барады.

Әр басқа ұғымдарды білдіретін бірнеше күрделі атаулардың қысқартылған нұсқаларының бірдей болып шығуы, қысқарған сөздерді жасау жұмысының үйлестірілмей, стихиялы жүргізілуінің салдары. Бөлек-бөлек ұғымдарды бір ғана қысқарған сөзбен берудің кең таралуына жол бермеген абзал. Көпмағыналы қысқарымдардың негізсіз молаюын да орын алып жүрген кемшіліктердің қатарына қосуға болады. Мысалы, Халықаралық кәсіпкерлер ұйымын да, Халықаралық көші-қон жөніндегі ұйымды да **ХКУ** деп бір-ақ қысқарған сөзбен беріп жүрміз. Осы сияқты Еуропалық Кеңес те, Еуропалық комиссия да **ЕК** түрінде қолданылып келеді. Мұндай қысқартулар

жұртты шатастырады әрі басқа-басқа ұғымдардың атаулары бірдей қысқартылғандықтан, бұл нұсқалардың бірінің тілде орнығуына екіншісі кедергі келтіреді. Мәселен, Еуропалық Кеңесті – қазіргі қалпында **ЕК** деп әріптік қысқарту үлгісімен, ал Еуропалық комиссияны – **ЕуКом** түрінде буындық қысқарту жолымен алуға да болар еді. Жалпы, түрлі атаулардың бірдей қысқартылып алынып қолданыста жүруінің өзі мұндай атауларды жинақтап, оларды сұрыптап, ретке келтіру жұмыстарының тиісті дәрежеде қолға алынбай отырғанын көрсетеді. Бізде тіл білімі саласындағы көптеген мәселелерде, соның ішінде, сөзжасам, аударма, сөз қысқарту ісінде де орыс тіліне байланып қалғандық, оған орынсыз жүгіну байқалып жатады. Мұны орыс тілінің үстемдігі орнап тұрған кеңестік кезеңде қалыптасқан дәстүрдің әбден орнығып, оның көп жағдайда әлі де бұзылмай отырғандығының бір көрінісі деуге болады. Әр басқа ұғымдарды білдіретін бірнеше күрделі атауларды бірдей қысқартудың салыстырмалы кестесі осы кітап соңында беріліп отыр.

Сонымен, қысқарған сөздердің жарыса қолданылуының бірнеше түрі кездеседі. Олардың негіздері ретінде мыналарды көрсетуге болады:

1. Қазақша нұсқасы мен орысшасы жарыса жұмсалып жүрген қысқарған атаулар. Мысалы, ТӘБ//БТА, ОББ //ЦРУ, ЖЭО//ТЭЦ, СЭС//ГЭС, АҚТҚ //ВИЧ, ЖҚТБ//СПИД, ФБР//КІБ және т.б.

2. Бірде орысша таңбалануы бойынша, кейде ағылшынша қысқартылуына сәйкес өзгеріссіз қолданылып жүрген атаулар да әдәуір. АІВА//АІБА, FІFA//FІFА, АSЕАN// АSЕАN, UNЕСO// ЮНЕСКО, ІSО// ІСО, NАТО// NАТО және т.б.

3. Қысқарған атаулардың қолданысындағы кемшіліктің бірі – олардың қазақша түрліше қысқартылып алынып, бірнеше

нұсқада жарыса жұмсалуды. Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесі атауының қысқарған нұсқасы орыс тілінде СВМДА түрінде бір ғана нұсқада қолданылып жүрсе, бізде бұл қысқарым – **АӨСШК, АӨЫСШ, АӨСІШК** болып үш түрлі нұсқада жарысып жұмсалып жүр. Осы қатарға **ТКШ// ТҮКШ** (*тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы*), **Қаз АТУ//ҚАТУ** (*Қазақ агротехникалық университеті*), **ЕҚЫҰ // ЕҚЫК** (*Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақ келісімі*), **БСҰ//ДСҰ** (*Бүкіләлемдік сауда ұйымы, Дүниежүзілік сауда ұйымы*), **ЭСК//ЭСЖК** (*Экономикалық саясат жөніндегі кеңес*), **БДҰ//ДДҰ** (*Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы*), **ІЖӨ//ЖІӨ** (*ішкі жалпы өнім, жалпы ішкі өнім*) сияқты жарыса қолданылып жүрген атауларды да қосуға болады.

4. Түрлі мағынаны білдіретін күрделі атаулардың бірдей қысқартылып алынуы да оқырманды жаңылыстыруы, оның дәл ақпарат алуына кедергі келтіреді. Мысалы, қазір мына төмендегі секілді көптеген әр басқа күрделі атаулардың бірдей қысқартылып алынып жүргенін кездестіруге болады: 1. **ҚХА** – *қалалардың халықаралық ассамблеясы*; 2. **ҚХА** – *Қазақстан халқы ассамблеясы*. 1. **СЭС** – *су электр стансасы*, 2. **СЭС** – *санитарлық эпидемиологиялық станса*.

Әрине, өзге тілдерден де мұндай бірдей қысқартылған әр түрлі ұғым атауларын кездестіруге болады. Орыс тілінде де олар аз емес. Бірақ мүмкіндігінше мұндай бірдей қысқартылған атаулар санының артуына жол бермеген абзал.

Осы көрсетілген жолдардың бірі бойынша жасалған немесе шет тілдерінен қабылданып, жарыспа нұсқалардың кейбіреулері жиі, екіншілері сирек қолданылып, көпшілік қауым мен тиісті саланың мамандары біркелкі ұғынатын нұсқасы тілде тұрақтай алмай келеді. Қазіргі мерзімді басылым беттерінде кездесетін осындай деректер күрделі сөздерді қысқарту неме-

се орыс тілінен енген қысқарған сөздерді аударудың әркімнің қалауынша жүзеге асып, бұл істің жүйелі түрде жүргізілмей, тиісті дәрежеде үйлестірілмей отырғандығын аңғартады.

**Қысқарған сөздің толық нұсқасының жақша ішінде берілмеуі.** Баспасөз беттерінде жұртшылықтың көз-құлағы үйреніп, жиі қолданылатындай дәрежеге жете қоймаған, көпшілікке бейтаныс немесе жалпыхалықтық тілде өте сирек жұмсалатын қысқарған атауларды мақала тақырыбы етіп беру немесе мәтін ішінде толық нұсқасын көрсетпей қолдану сияқты кемшіліктер де аз ұшыраспайды. Мұндайда газет-журналды бос уақыты болғанда ғана оқитындар емес оны үзбей қадағалап отыратын оқырманның өзі қысқарған сөздің толық нұсқасының қалай болатынын тауып, оның мағынасын түсіну үшін біршама ойланып, уақыт жоғалтуына тура келеді. Кейде мәтін мазмұнына қарай шамалай салуға мәжбүр болады. Осыдан бірер жыл бұрын белгілі азамат беделді басылымдарымыздың бірін оқып отырып, мақала тақырыбында кездесетін **ТӘБ** деген қысқартылған атаудың “ТұранӘлемБанк” екенін мәтінді оқып барып әрең түсінгенін, қысқартылған атаулардың мақала тақырыбы ретінде берілмеу керектігін айналасындағыларға айтып отырды. Өзіміз де бір автордың мақала соңында жұмыс орнын **МӨҚҚ ББ** түрінде көрсеткен қысқартуының бастапқы төрт әрпін мәтін көмегімен таратып (Мемлекеттік өртке қарсы қызмет) түсінгенімізбен соңғы екі әрпін дәл ажырата алмадық. Шамасы “Бас басқарма” болар деп топшыладық. «Осыған орай жұмыс істеп тұрған МКҰ көрсетілген үш жылдық кезең ішінде МКҰ болып қайта тіркелуі және есептік тіркеуден өтуі тиіс. МКҰ болып қайта тіркелмеген, жұмыс істеп тұрған МКҰ өзге ұйымдық-құқықтық нысанда қайта құрылуы не таратылуы тиіс («Егемен Қазақстан», 25 сәуір 2012 жыл) деген сөйлемдердегі МКҰ қысқарымының да мағынасын көп адам біле бермейді.

Мұндай мағынасын ашу қиындық туғызатын қысқарған атауларды мерзімді басылымдардың көпшілігінен кездестіруге болады. Сондықтан сирек қолданылатын немесе жаңадан жасалып көпшілікке үйреншікті бола қоймаған қысқарған сөздерді алғаш қолданғанда олардың толық нұсқасын сол мәтінде жақша ішінде беріп, одан әрі қысқартылған нұсқасын пайдалану орынды. Бұрынырақта сөз алғаш қысқартылып қолданылғанда оның толық түрі жақша ішінде беріліп, біраз уақыт өтіп, көпшілікке әбден таныс болғанша қатар жазылатын дағды болушы еді, қазір көп жағдайда оны естен шығарып алып жатамыз. Мұның газет оқырмандарының елеулі бөлігіне қосымша қиындық, түсініксіздік туғызатын фактор екенін де ұмытпаған абзал.

Қысқарған сөздердің көпшілікке таныс емес, кең тарай қоймаған орыс тіліндегі нұсқаларын өзгеріссіз қазақ тілді басылымда қолдану да құптарлық іс емес. «СНиП-ның аясына сыйып тұр аялдама» («Астана ақшамы», 19 қаңтар 2012 жыл. №7) деген мақала тақырыбын солардың қатарына қосуға болады. СНиП дегеніміз – орыс тіліндегі «Строительные нормы и правила» дегеннің қысқарған түрі, қазақшасы – «Құрылыс нормалары мен ережелері». Құрылыс мамандары болмаса, бұл қысқарымды екінші бірі біле бермейді. Оған қоса қосымша да дұрыс жалғанбаған.

**Қысқарған сөздерге қосымшалардың дұрыс жалғанбауы.** Қысқарған сөздерге қосымша жалғау тәртібі де сақтала бермейді. “Әріптерден қысқарған сөздерге қазақ тілінің қосымшалары соңғы әріптің немесе соңғы цифрдың айтылу әуеніне қарай, ал олардың ішінде дауысты дыбыс болса, сол дыбыстың айтылу әуеніне қарай жуан не жіңішке жалғанады да, дефис арқылы жазылады” деген ереженің ескеріле бермейтінін өте жиі ұшыратып жатамыз. Қысқарған сөздерге қосымша жалғаудағы қателіктер азаяр емес. *Мысалы, ҚазҰАУ-де ректор Лоо Цжи*

*Цзянг болып қайтты.* («Алматы ақшамы», 9 мамыр 2009 жыл. №54-55), КМЖЗҰИ-дің бағалауына, мұндай көрсоқыр шаралар шағын бизнес нысандарының қатарын кем дегенде 20-25 пайызға кемітіп, көптеген жұмыс орындарының қысқаруына алып келуі мүмкін. («Ана тілі», наурыздың 5-і, 2009 жыл. № 9), ҚызПУ-ге бәсеке оқу орны ашылмақ. («Айқын», 6 қараша 2008 жыл. № 209),

*Осы байқауда ҚазМҚПУ-дің № 2 жатақханасындағы 10-ші бөлме «Ең үздік бөлме» атағын жеңіп алды.* «Егемен Қазақстан», 29 қыркүйек 2009 жыл. № 315-318 (25715). Осы сөйлемдердегі барыс септігінің жалғаулары ҚазҰАУ-да, КМЖЗҰИ-дың, ҚызПУ-ға түрінде жуан жалғану керек еді. Қысқарған сөздерге қосымшаны қалауымызша жалғауға жол беріп алып жатсақ, онымыз жазу мәдениетімізге асқан ықтияттылықпен қарап отырмыз дегенді білдірмесе керек.

«Астана ақшамы» газетінің 2010 жылғы 10 қарашадағы санында «ХШТС – үздіктердің қатарында» деген тақырыппен шағын мақала жарияланды. Осындағы ХШТС-тің толық атауы – Халықаралық шаңғымен тұғырдан секіру кешені. Осындағы «кешен» сөзі қысқарған сөз құрамынан көрініс таппаған. Орыс тіліндегі газеттерде де мұндай қысқарту үлгілері кездесіп қалады. Мысалы, ГЦБ – Государственная эмиссионная ценная бумага. Ведомство определяет объемы, сроки и условия каждого выпуска ГЦБ. («Казахстанская правда», 30 января 2013 года). Қысқартуда «эмиссионная» сөзі көрініс таппаған.

Қысқарту барысында күрделі сөздің құрамындағы толық мағыналы бір сөзді тастап кету әдетте оның мағынасының дұрыс ұғынылмауына апарып соғады. Күрделі сөз құрамындағы дербес лексикалық мағынаны білдіріп тұрған сөздер мен көмекші сөздерді, оның қысқарған нұсқасының құрамына енгізбеудің мәні бірдей емес. Сондықтан қысқарту тәжірибесінде «және» жалғаулығы мен «бойынша» септеулік шылауларын бірде

қысқарым құрамына енгізіп, бірде қалдырып кету де көрініс беріп жатады. Мәселен, ҚР ҚР БҒМ//БжҒМ, ҚР ЭБЖМ//ҚР ЭжБЖМ, ҚазХҚӘТУ //ҚазХҚжӘТУ т.б.

Бұл нұсқалардың көбінесе біріншісі, яғни жалғаулық шылаусыз нұсқасы қолданылып жатады. Жалпы мұндай құрамында жалғаулық демеулік, септеулік шылаулар болатын күрделі атауларды қысқартудың да тиісті ережесін мақұлдап, оны басшылыққа алып отырғанмыз абзал.

Кейде қысқартылған атаулардың толық түрі дұрыс тараптылып берілмей жататын жағдайлар да ұшырасады. Мысалы, «Үш күнде 61 техникалық жөндеу орны тексерілді. (мақала тақырыбы). Әлбетте, бақыланар нысандардың топ басында шаһардағы техникалық қызмет көрсету органдары (ТЖО) тұр». («Алматы ақшамы», 4 наурыз 2010 жыл. № 27). Қатар тұрған екі сөйлемде бір күделі атау екі түрлі берліп, соңғысында оның қысқартылған атауы толық нұсқасымен сәйкеспей тұр.

«М.Паханов **ОКС** сайлауға дайындық кезінде және оны өткізуде жариялылық қағидаттарын сақтауға үлкен маңыз беретінін айтты» («Егемен Қазақстан», 6 қазан 2010 жыл. № 410-413) деген сөйлемде **ОСК** (Орталық сайлау комиссиясы) түрінде қысқартылып қолданып жүрген атау ОКС түрінде қате қолданылған. «Айқын» [24 ақпан 2010 жыл. № 32 (1456) газетінен алынған “Мемлекет басшылары арасындағы өзара сенім бізді БҰҰ және ШҰҚ ұйымдары аясында да мүдделес болуға жетелейді” деген сөйлемдегі “ШҰҚ” қысқарымы түсініксіз. Оқырман “ШЫҰ [Шанхай ынтымақтастық ұйымы] немесе ЭЫҰ (Экономикалық ынтымақтастық ұйымы) болар” деп, шамалауы мүмкін.

Сөзқолданыс мәселесінде мұндай «ұсақ-түйек» кемшіліктерге де орын берілмеуге тиіс.

## 6. Қысқарған атаулардың қолданысын реттеу жұмыстары

Көп құрамды күрделі атауларды қысқарту мен оларды қолдану кезінде орын алып жататын кемшіліктерге жол бермеу үшін бірқатар жұмыстар үздіксіз атқарылып отыруы тиіс. Олардың қатарына мыналарды қосуға болады:

1. Арнаулы салалардағы және жалпы қолданыста жүрген және жаңадан туындап жатқан қысқартылған атауларды жинақтап, тіркеп, оларды үнемі лингвистикалық сараптан өткізіп отыру қажет.

2. Ұтымды жасалған қысқарған атауларды сұрыптап, електен өткізіп алғаннан кейін оларды ресми мақұлдап, жұртшылық бірізді қолдануы үшін қысқарған сөздердің ресми ұсынылған жеке сөздігі түрінде шығарып, оларды орфографиялық сөздіктің әр басылымына қосымша ретінде енгізіп, толықтырып беріп отырған жөн. Тілдік және тілден тыс факторларға сәйкес ескіріп, қолданыстан шығып қалған сөздерді ондай сөздіктердің келесі басылымдарына енгізбеу арқылы да реттілікке қол жеткізу мүмкіндігі бар. Мысалы, *АзияКеңес, АҚШ, АХАТ, БАҚ, БЭК, ЕурАзЭҚ, Еуроодақ, ЖАҚ, кеңшар, КОКП, ҚазМұнайГаз, ҚазАқпарат, ҚазБат, ҚазҒарыш, ҚазМырыш, ҚазТАГ, ҚазТрансГаз, ҚазҰУ, ҚазҰПУ, ҚазҰТУ, ҚР, МАИ, Мемтерминком, МӨЗ, Сырбар, ТарМУ, ТМД, ҰБТ, ҰҒА, ҰТ* тәрізді көптеген атауларды ресми бекітіп, аталған сөздіктерге енгізуге әбден болады деп білеміз. Себебі бұл атаулар біршама ұтымды жасалған әрі қазір жаппай бірізді қолданылатын дәрежеге жетті. Осы көрсетілген атаулардың арасында әріптік, буындық және аралас қысқартудың күрделі атаулардың қысқартылып алынған нұсқасын жасау кезінде үлгі ретінде пайдалануға болатын барлық түрлері бар. Сондай-ақ жасалуы, айтуға қолайлылығы

жағынан аса ұтымды болмаса да тілімізде бұрыннан қолданып келе жатқан *БҰҰ, ЖОО, ҚХР* сияқты көптің көзі әбден үйренген атауларды да осы қатарға қосқан орынды деп білеміз.

3. Сәтсіз жасалған, тілдік нормалараға сәйкес келмейтін қысқарған сөздерді анықтап, оларды қолданбау жөнінде ұсыныстар енгізіп, олардың тізімін баспасөзде және арнаулы басылымдар мен сайттарда жариялау. Мысалы, АӨҚО, АМУ, АМЛ, БЖӘ, ББЖК БАРИ, БӨҚЖА, ЕҚҚЖДБ, ЖҚКҚ, КМЖЗҰИ, ҚӨТ, МЖӘ, ТҮҚЖБ, ӨСЕҚ сияқты қысқарған атауларды сол тізімге қосуға болады.

4. Қазір қандай көп таралыммен шығарғанмен де сөздіктер жұрттың бәріне бірдей жете бермеуі мүмкін. Қысқарған сөздердің электрондық сөздігін немесе қазақ тіліндегі кез келген қысқарған сөздің толық нұсқасын көрсетіп бере алатын компьютерлік бағдарлама жасаудың пайдалы болары сөзсіз.

5. Тілші ғалымдар салалық мамандарға арналған күрделі атаулардың қысқартылған нұсқасын жасаудың жолдарын көрсететін әдістемелік құрал жасағандары жөн. Көптеген арнаулы салаларда кездесетін қысқартылған атаулардың сауатты жасалмауы осындай құралдардың сөзсіз қажеттілігін көрсетіп отыр.

6. Қысқарған сөздерді шет тілдерінен қабылдауға, оларды аудару-аудармауға байланысты ережелімізді жасап, қолданысқа енгізумен қатар кеңестік кезеңде жасалған кейбір ережелерді қайта қарау қажеттігі туындап отыр. Мысалы, «Халықаралық стандарт сипатындағы аббревиатуралар «қазақшаланбайды» – деген ережеміз қазір үнемі сақтала бермейді. Бұрын «аударуға болмайды» деп келген қысқарған атауларымыздың бірқатарының қазақша нұсқалары қолданылып жүр.

Осы сияқты жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп отырса, қысқарған сөздеріміз дұрыс жасалып, олардың тіліміздегі қолданысы да қалыпқа түсуіне негіз қаланады.

## Қазіргі қазақ баспасөзіндегі қолданылып жүрген қысқарған атаулар (2008-2012 жылдар)

### А

**А–20** – «*Азия жиырмалығы*». Елбасымыз «А–20» деген атпен «Азия жиырмалығын» құруды ұсынды. «Егемен Қазақстан», 21 сәуір 2009 жыл. № 141-142 (25539); А–20 әлем тізгінін Азияға ауыстыратын күшке айнала алады. «Айқын», 21 сәуір 2009 жыл. № 69 (1250).

**ААҚ (ААО)** – *ашық акционерлік қоғам*. Тараптар энергетика саласындағы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ пен «Газпром нефть» ААҚ арасындағы ынтымақтастықты дамыту жөніндегі бірқатар мәселені талқылады. «Егемен Қазақстан», 5 қыркүйек 2008 жыл. № 273-274 (25244); Электр қуаттарын үнемдеу мәселесі «Томский электроламповый завод» ААҚ-та кеңінен сөз болды. «Егемен Қазақстан», 26 қараша 2010 жыл. № 502-503 (26346).

**АӘА (САР)** – *арнайы әкімшілік аудан*. Осы күні Қазақстан Премьер-Министрі Кәрім Мәсімов Сянган АӘА ақша-кредит әкімшілігінің (орталық банк) орынбасары Йю Кван Чоймен кездесті. «Егемен Қазақстан», 24 қараша 2009 жыл. № 386-388 (25785).

**АӘДИ** – *адам әлеуетінің даму индексі*. Қазақстан 169 мемлекеттегі денсаулықтың, білім мен кірісінің жиынтық ұлттық көрсеткіші болып табылатын адам әлеуетінің даму индексіне (АӘДИ) 2010 жылы 66-орын алды. «Алматы ақшамы», 6 қараша 2010 жыл. №136 (4381).

**АӘК [РВК]** – *аудандық әскери комиссариат*. «Бәзгенұлы Байзақ (дұрысы – Бәзікенұлы – Қ.Ә.) 1894 жылы туған, қазақ, Торғай АӘК-нан шақырылған, сержант, 215-атқыштар дивизиясының 711-атқыштар полкінде қызмет атқарған. «Егемен Қазақстан», 7 қараша 2009 жыл. № 368 (25765).

**АБЖ (АСУ)** – автоматтандырылған басқару жүйесі. АБЖ арқылы ұрыс кезінде бригада қолбасшысы батальон командирін көзімен көріп, операцияны басқарып отыруға мүмкіндігі бар. «Айқын», 27 наурыз 2009 жыл. № 52 (1233).

**АБҰҒО (ННЦМР)** – Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы. «Егемен Қазақстан», 16 шілде 2008 жыл. № 215 (25186).

**АВР** – алтын-валюта резерві. АВР-нің өсуі жыл басында 4,6 млрд долларды құрады. Осылайша, елдің АВР-і дағдарысқа дейінгі деңгейге дейін қалпына келтіріліп қана қойған жоқ, 60 млрд доллар белгісіне жуықтап, одан асып түскені туралы айтуға болады. «Айқын», 29 желтоқсан 2010 жыл. № 241 (1665).

**АДБ** – Азия Даму банкі. Ол сондай-ақ ХВҚ, ЕҚДБ, АДБ, Орталық Азия одағы, АӨСШК сияқты барлық өңірлік және халықаралық ұйымдарға жүйелі түрде қосылу саясатын жүргізді. «Егемен Қазақстан», 30 қазан 2010 жыл. № 450-451 (26294).

**АДР (АДР)** – Ауғанстан Демократиялық Республикасы. АДР-дың Қарулы күштерінің дамуына жәрдем берілді. «Егемен Қазақстан», 25 ақпан 2009 жыл. № 74-77 (25474).

**АЕК (МРП)** – айлық есептік көрсеткіш. Қауіпсіздігін тағынбаған жүргізушілерге 5 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде салынады. «Нұр Астана». 17 шілде 2008 жыл. № 29 (242); Ол ай сайын пайдаланған ғимараттың шаршы метріне 1,5 АЕК көлеміндегі төлем. «Айқын», 27 қаңтар 2009 жыл. № 11 (1192); 1993 жылғы Ережеге сай еңбекке жарамсыздық төлемінің көлемі АЕК емес, жалақы мөлшері өзгерген жағдайда қайта есептелуші еді. «Айқын», 5 ақпан 2010 жыл. № 19(1443); ...ал құрылтайшы болған жеке кәсіпкерге 50 АЕК көлемінде айыппұл салады. «Айқын», 13 мамыр 2011 жыл. № 84 (1751).

**АЕЛ (ЛАГ)** – Араб елдері лигасы. Комиссия құрамына Ливия, Мысыр, Катар, Ирак және Йеменелдерінің жетекшілері

мен АЕЛ бас хатшысы енген. «Айқын», 30 наурыз 2010 жыл. № 52 (1476).

**АЗИЯКЕҢЕС** – Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары кеңесі (АӨШСК – СВМДА). АзияКеңес және қазіргі әлем. «Егемен Қазақстан», 19 тамыз 2008 жыл. № 254-255 (25226).

**АИТВ** – адамның иммун тапшылығы вирусы. АИТВ инфекциясын жұқтырғандарға және ЖИТС-пен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету. «Егемен Қазақстан», 29 қыркүйек 2009 жыл. № 315-318 (25715).

**АКТУ (СПТУ)** – Ауылдық кәсіптік-техникалық училище. Бұл сол кездегі Үкіметтің «қасабына» түсіп кеткен АКТУ (СПТУ) мен ҚКТУ-лардың (ГПТУ) кепіетінің ұрып жатқаны шығар. «Егемен Қазақстан», 30 мамыр 2009 жыл. № 190-191 (25588).

**АҚ (АО)** – акционерлік қоғам. Тараптар энергетика саласындағы «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ пен «Газпром нефть» ААҚ арасындағы ынтымақтастықты дамыту жөніндегі бірқатар мәселені талқылады. «Егемен Қазақстан», 5 қыркүйек 2008 жыл. № 273-274 (25244).

**АҚДИБ** – Адам және демократиялық институттар бюросы. Кездесу барысында тараптар 2010 жылғы ЕҚЫҰ-ға Қазақстан төрағалығы тұсында АҚДИБ-пен салиқалы және тиімді ынтымақтастық орнағандығын атап өтті. «Айқын», 2 наурыз 2011 жыл. № 39(1706).

**АҚК** – Адам құқықтары жөніндегі кеңес. Жақында БҰҰ Бас Ассамблеясы АҚК-ге жаңа 18 мүше қабылданды. «Егемен Қазақстан», 14 қараша 2012 жыл. № 746-751 (27823).

**АҚТҚ (ВИЧ)** – адамның қорғаныс тапшылығының қоздырғышы (вирус иммунодефицита человека). АҚТҚ және ЖҚТБ-дан қалай сақтану керек. ЖҚТБ & AIDS ЖОО студенттеріне арналған бұқтеме. (Буклеттен). Он айда 349 адам

АҚТҚ жұқтырған. «Алматы ақшамы», 14 қараша 2009 жыл. № 133(4224); Алматыда АҚТҚ асқынып тұр. «Айқын», 28 шілде 2010 жыл. № 135 (1559); Тек уақыт өте келе АҚТҚ жұқтырған адам жиі ауыратын болады. «Астана ақшамы», 23 тамыз 2011 жыл. № 95 (2705); Дәрігерлер тұңғыш рет АҚТҚ-дан айықтырды. «Алаш айнасы», 5 наурыз 2013 жыл. № 36 (947).

**АҚШ (США)** – Америка құрама штаттары. Олар негізінен АҚШ пен Оңтүстік Кореядан келгендер. «Егемен Қазақстан», 15 шілде 2008 жыл. № 213-214 (25185). АҚШ-тың атышулы шырмауығы адамзатқа апат әкеледі. «Қазақстан-Zaman», 24 шілде 2008 жыл. № 30 (697); АҚШ-та ақша «жасаған». «Жас Қазақ», 15 қазан 2010 жыл. № 40 (300); Қазақ елінің көшбасшылығын АҚШ мойындайды. «Айқын», 15 қазан 2010 жыл. № 191 (1615).

**АЛТК (КСДЛ)** – Аға лауазымды тұлғалар комитеті. Жақында ішкі мемлекеттік процедуралардың нәтижесі бойынша Анкара Қазақстанның ұсынысымен келісетіндігін мәлімдесе, АЛТК-тың осы отырысында ол ресми түрде жария етілді. «Егемен Қазақстан», 24 ақпан 2009 жыл. № 72-73 (25470); АЛТК отырысы нәтижесінде энергетикалық қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық жөніндегі тұжырымдама мен іс-әрекеттер жоспары бекітілді. «Егемен Қазақстан», 26 қаңтар 2010 жыл. № 24-25 (25871).

**АМЛ** – Араб мемлекеттерінің лигасы. АМЛ жоспарына сәйкес Сирия Президенті Башар Асад биліктен кетіп, елді басқару тізгінін өзінің бірінші орынбасары – бірінші вице-примьер Фарук әл-Шараға тапсыруы тиіс болатын. «Егемен Қазақстан», 24 қаңтар 2012 жыл. №27-32 (2704).

**АМТ (АМТ)** – «Арселор Миттал Теміртайу» АҚ. Дерек көдерінің мәліметінше, жұмыс орнын сақтау үшін «АМТ» комбинатының өндірістік цехтарынан жөндеу учаскелеріне

екі жарым мың жұмысшыны ауыстыруды жоспарлап отыр. «Айқын», 21 қаңтар 2009 жыл. № 7 (1188).

**АМУ (ОАГ)** – Америка мемлекеттерінің ұйымы. АМУ бас хатшысы ЕҚЫҰ Тұрақты кеңесінің мәжілісінде Ұйымның тарихында тұңғыш рет сөз сөйледі. Америка Құрама Штаттары мен Канада ЕҚЫҰ мен қатар, АМУ-ға да мүше мемлекеттер болып табылады. «Егемен Қазақстан», 29 қазан 2010 жыл. № 447-449 (26292).

**АНТ (ИПГ)** – ақпараттық насихат тобы. Жиында басты мақсат бойынша, Елбасының биылғы Қазақстан халқына Жолдауын талқылау, ақпараттық насихат тобының АНТ құрамын бекіту және басқа да бірқатар мәселелер қаралды. «Айқын», 5 ақпан 2010 жыл. № 19 (1443).

**АОМКДИ (АОИРПС)** – Алматы облыстық мамандар кәсібін дамыту институты. Конференцияны ашқан АОМКДИ директоры Күлімхан Жәйшібекова: «Бүгінгі оқушы – ертеңгі ел азаматы, өз Отанының патриоты», – деді. «Егемен Қазақстан», 22 шілде 2008 жыл. № 220-221 (25192).

**АОК (АОС)** – Азия олимпиялық кеңесі (Азиатский олимпийский совет). Ал АОК Қазақстанда өтетін жарыстарды үнемі бақылап тұратын болады. «Егемен Қазақстан», 3 қараша 2010 жыл. № 456 (26299); АОК талабы бойынша қонақүйлердің мәртебесі үш жұлдыздан кем болмауы керек. «Егемен Қазақстан», 29 желтоқсан 2010 жыл. № 552-555 (26398); Досмұхамедов АОК вице-президенттігіне сайланды. «Алаш айнасы», 21 шілде 2011 жыл. № 126 (578).

**АӨК//АөК (АПК)** – Аграрлық өнеркәсіп кешені. Алдағы тамыз айында Шортандыда, қыркүйек айында Алматының іргесіндегі Көлді ауылында АӨК мамандарының білім жетілдіру орталығы ашылады. «Айқын», 22 шілде 2008 жыл. № 134 (1071); Сондай-ақ ағымдағы жылы аграрлық кадрларды қайта даярлау про-

блемаларын шешу мақсатында «ҚазАгроИновация» АҚ ғылыми-зерттеу ұйымдарының базасында АӨК-те білім тарату орталықтарын ашты. «Айқын», 7 сәуір 2009 жыл. № 59 (1240); Қазақстанда АӨК саласындағы білімдерді жүйесін құру жөніндегі жобаны жүзеге асырып келеді. БТО қызметінің негізгі бағыты – АӨК-тің түрлі бағыттары бойынша қысқа мерзімді білім беру семинарларын өткізу. «Егемен Қазақстан», 15 қазан 2010 жыл. № 424-426 (26269).

**АӨҚО (АРФЦ)** – Алматы өңірлік қаржы орталығы. Толық атауы – ҚР Алматы қаласындағы өңірлік қаржы орталығы АӨҚО ҚРА (АРДРФЦ г.Алматы). «АӨҚО аймақтың қаржылық жүйесінің қозғаушы күші мәртебесін иеленді». «Егемен Қазақстан», 17 қыркүйек 2008 жыл. № 284 (25254); Бұл ұзақ мерзімдік жоспарда АӨҚО әмбебап қаржы орталығына айналатынын білдіреді. «Айқын», 3 ақпан 2009 жыл. № 16 (1197); АӨҚО-ны құру мемлекеттің қатысуы бар қазақстандық компаниялардың капиталдандыруын ұлғайту және қызметінің ашықтығын қалыптастыру арқылы, олардың бәсекеге қабілеттілігі жөніндегі мемлекет стратегиясының құрамдас бөлігі болып табылатындығын айта кету қажет. «Егемен Қазақстан», 26 қараша 2010 жыл. № 502-503 (26346).

**АӨЫСШ (СВМДА)** – Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес. Геосаяси мүдделестік тұрғысынан қарағанда, Пәкістан – АӨЫСШ бастамасын бірден қолдаған мемлекеттердің бірі. “Жас Алаш”, 6 желтоқсан 2003 жыл.

**АӨСШК (СВМДА)** – Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі. Түркия АӨСШК эстафетасын қабылдайды. (мақала тақырыбы). «Егемен Қазақстан», 14 ақпан 2009 жыл. № 63-64 (25461); Ол сондай-ақ ХВҚ, ЕҚДБ, АДБ, Орталық Азия одағы, АӨСШК сияқты барлық өңірлік және халықаралық

ұйымдарға жүйелі түрде қосылу саясатын жүргізді. «Егемен Қазақстан», 30 қазан 2010 жыл. № 450-451 (26294).

**АӨСШК АЛТК** – Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңестің Аға лауазымды тұлғалар комитеті. Қатысушылар АӨСШК АЛТК алдында өткен арнайы жұмыс тобының отырыстарының тиісті ұсыныстарын қарастырып, мақұлдады. «Егемен Қазақстан», 24 ақпан 2009 жыл. № 72-73 (25470).

**АӨІСШК (СВМДА)** – Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі. Иордания АӨІСШК-ке мүше болмақ. «Айқын», 13 маусым 2008 жыл. № 108 (1045).

**АПА** – Азиялық Парламенттік Ассамблея. Қазақстан АПА құрамына мүшелікке қабылданды. «Егемен Қазақстан», 11 желтоқсан 2009 жыл. № 413-415 (25812).

**АрқМПИ** – Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты (толық атауы – Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты. Ыбырай Алтынсаринның 170 жылдық мерейтойын лайықты атап өту – АрқМПИ-дың төл міндеті екені сөзсіз. АрқМПИ студенті Тоба Өтепбаев пен Құлжа қаласына келген жас ақын Жақсылық Орынбасар айтысы жұртшылықтың ерекше ықыласына бөленді. «Егемен Қазақстан», 27 қаңтар 2012 жыл. № 39-40 (27112).

**АСОА** – Азиялық сайлау органдары ассоциациясы. Сонымен қатар отырыста АСОА-ның веб-сайтын ашу және АСОА-ға мүше елдер арасындағы ақпарат алмасуды күшейту жолдарын іздестіру көзделуде. «Егемен Қазақстан», 31 шілде 2012 жыл. № 436-441(27515).

**АСПХК (МКАПП)** – Азиялық саяси партиялардың халықаралық конференциясы. Онда тұрақты комитеттің отырысы мен АСПХК Бас ассамблеясының сессиясын елордада өткізу айтылған, – деген ресми өкілдің сөзінше, шетелдіктердің бұл



қолқасына – Қазақстанның аймақтық және ғаламдық деңгейде күн санап артып келе жатқан беделі негіз болған. «Айқын», 26 наурыз 2009 жыл. № 51 (1232); Кеше Сенат Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев Азия саяси партиялары халықаралық конференциясы тұрақты комитетінің 10-отырысына қатысуға Астанаға келген АСПХК Тұрақты комитетінің тең төрағалары Хосе де Венесиа мен Чжонг Ы-Йонгты қабылдады. «Егемен Қазақстан», 28 наурыз 2009 жыл. № 117-118 (25515).

**АСШК (СВМДА)** – *Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес*. АСШК төрағалығы да Еуропа құрлығында орналасқан мұсылман елі Түркияның тізгініне өтпек. «Айқын», 19 қаңтар 2010 жыл. № 6 (1430).

**АтМӨЗ (АНПЗ)** – *Атырау мұнай өңдеу зауыты*. Ал жергілікті экологтар АтМӨЗ-дің санитарлық аумақ шекарасын анықтауды, сонымен бірге, қоршаған ортаның тазалығына ұдайы мониторинг жасайтын құрылғы орнатуды кешіктірмеу қажеттігін атап көрсетті. «Егемен Қазақстан», 15 шілде 2008 жыл. № 213-214 (25185).

**АТӨ (АТР)** – *Азия тынықмұхиты өңірі*. Демократияның өз қазақстандық моделін іздестіруде Қазақстан басшылығы ХХ ғасырдың екінші жартысында АТӨ-нің бірқатар елдерінде табысты іске асырылған «азиялық демократия» деп аталатын демократияның өнегелеріне талай рет оралған болатын. «Егемен Қазақстан», 11 қараша 2009 жыл. № 371-372 (25769).

**«АТП» АЭА («ИТП» СЭЗ)** – *«Ақпараттық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағы (Парк инновационных технологий ПИТ)*. Премьер-Министрге жұмыс жайын баяндаған «АТП АЭА» дирекциясы бас басқармасының инфрақұрылымды дамыту мәселелері жөніндегі директоры Е.Құсайыновтың сөзінде бұл орайда әлі де шешімін күткен бірталай өзекті мәселелер бар екендігі аңғарылды. «Егемен

Қазақстан», 2 тамыз 2008 жыл. № 234-235 (25206).

**АТУ (АТУ)** – *Алматы технологиялық университеті*. «Жас Алаш», 15 шілде 2008 жыл. № 56 (15306).

**АТЭЫ** – *Азия-Тынық мұхит экономикалық ынтымақтас­тығы*. Ендігі кезек АТЭЫ-ның саммитіне тиеді. АТЭЫ – бүгінгіден болашағы жақындау ұйым. «Егемен Қазақстан», 19 қараша 2010 жыл. № 493-494 (26337).

**АҰІК (ВКНМ)** – *Аз ұлттар істері жөніндегі Жоғары комиссия (АҰІЖК)*. Ол Е.Шәймерденді Гаага қаласындағы ЕҚЫҰ АҰІК штаб-пәтеріне келіп-қайтуға, сондай-ақ Нидерланды Корольдігінің тіл саласындағы оң тәжірибесімен танысуға шақырды. «Егемен Қазақстан», 29 мамыр 2009 жыл. № 188-189 (25586).

**АФЗ (АФЗ)** – *Ақтөбе ферроқорытпа зауыты*. АФЗ-ның алпыс бесі. Ақтөбе ферроқорытпа зауытының 65 жылдығы кең көлемде атап өтілді. «Егемен Қазақстан», 23 шілде 2008 жыл. № 222 (25193).

**АХАЖ (ЗАГС)** – *Азаматтардың хал актілерін жазу*. АХАЖ саласы бойынша «Жеке тұлға» бағдарламасы аудандарда іске асып жатыр. «Егемен Қазақстан», 5 тамыз 2008 жыл. № 23-237 (25208); Аудандық АХАЖ қызметіне халық дән риза. «Егемен Қазақстан», 4 ақпан 2009 жыл. № 45-48 (25445).

**АХАТ (ЗАГС)** – *Азаматтардың хал актілерін тіркеу*. Бәйдібек аудандық АХАТ бөліміне барып анықтама қағазын сұрасам, баламды өлгендер қатарына қосып қойыпты. «Айқын», 7 желтоқсан 2010 жыл. № 227 (1651).

**АХШИ (АИНХ)** – *Алматы халық шаруашылығы институты (Қазіргі – ҚазЭУ)*. К.Дүйсенбаевтың ұйымдастырушылық қабілеті АХШИ «Есеп-экономикалық» факультетінің деканы болған жылдарында жарқырай көрінді. «Егемен Қазақстан», 25 ақпан 2009 жыл. № 74-77 (25474).

**АШҚҚҚ** – Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры. Сөйтіп АШҚҚҚ осымен екінші жыл қатарынан «Егінжай» бағдарламасының көздеген мақсаты мен талаптарына сәйкес шағын фермерлік шаруашылықтарға көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге несиелер беріп келеді. «Егемен Қазақстан», 30 қыркүйек 2011 жыл. № 467-471 (26863).

**АШМ (МСХ)** – Ауыл шаруашылығы министрлігі. Осы секілді бірқатар былықтардың бетін ашқан прокурорлар жергілікті атқарушы органдарға, АШМ аумақтық басқармаларына 23 ұсыным даярлап, сыбайлас жемқорлыққа жол берген лауазымды тұлғаларды тәртіптік жауапкершілікке тарту мәселесін де қарастыруды талап етті. «Айқын», 3 наурыз 2009 жыл. № 36 (1217); АШМ басшылығы әп дегеннен-ақ бар айыпты аймақ басшыларына аудара салды. «Айқын», 3 қараша 2010 жыл. № 204 (1628); АШМ басшысы салада тамыр жайған бір алаяқтықты әңгімелеп берді. «Айқын», 26 қаңтар 2012 жыл. № 16 (1927).

**АШТӨ** – ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер. Көп ұзамай бұл дизельдік отын АШТӨ-ге жеткізіледі. ҚР Ауылшаруашылығы министрі атап айтқандай, қазақстандық АШТӨ-лерді алаңдататын үлкен мәселелердің бірі – дәстүрлі астық сату нарықтарының шектеулілігі. «Ана тілі», 20-26 қазан 2011 жыл. № 42 (1090).

**АЭА** – арнайы экономикалық аймақ. АЭА-ларды дамыту – елді дамыту. «Егемен Қазақстан», 24 шілде 2009 жыл. № 245-246 (25644); Жаңа АЭА «Үштік одақтың» шектеуін қытайлық тауарлардың айналып өтуіне жол ашатынға ұқсайды. «Айқын», 29 желтоқсан 2010 жыл. №241 (1665); Заңда инвестиция салуға ұсынылатын жеңілдіктер пакетін кеңейту мен АЭА қатысушыларына рұқсат берілетін шаралар санын қысқарту қарастырылған. «Егемен Қазақстан», 4 қазан 2011 жыл. № 474-478 (26870).

**АЭБУ (АУЭС)** – Алматы энергетика және байланыс университеті.

**АЭЗ** – арнайы экономикалық зона. «Заң жобасындағы басты ұсынылып отырған шаралар АЭЗ жұмысның тиімділігін арттыруға бағытталған. Онда АЭЗ әкімшілігін АҚ ұйымдастыру-құқықтық формасындағы басқарушы компаниялармен алмастыру көзделіп отыр. «Алаш айнасы», 11 қаңтар 2011 жыл. № 1 (453).

**АЭС (АЭС)** – Атом электр стансасы. Ұлттық компанияның қаржылық мүмкіндігі АЭС салуға жеткілікті. «Айқын», 23 шілде 2008 жыл. № 135 (1072); «Біздер, қазақтар сендерге тәжірибелік АЭС салып, күмәнді істеріңді былықтыруға жол бермейміз», – деді. «Жас Алаш», 7 қаңтар 2009 жыл. № 7 (15361); Алайда Қазақстанның АЭС салудан бас тартатын түрі жоқ. «Жас Алаш», 26 сәуір 2011 жыл. № 32 (15594).

**АФК (АФК)** – Азия футбол конфедерациясы. Дегенмен АФК-да ойнаған кезде аяқдоп шеберлеріміз жетістіктерге жеткенін де айта кеткен жөн. «Айқын», 29 сәуір 2009 жыл. № 75(1256).

**АІБ** – аудандық ішкі істер бөлімшесі. Алайда ауылдық округ әкімі С.Бәсібеков жетім қыздың қамқоршысы емес екеніне қарамастан, өзінің лауазымдық өкілеттігін асыра пайдаланып, пәтерді Талғар АІБ учаскелік инспекторына жалға беріп қояды. «Айқын», 19 қаңтар 2010 жыл. № 6 (1430).

**АІБ КТІЖБ** – аудандық ішкі істер бөлімшесі кәмілетке толмағандар ісі жөніндегі басқарма. Байзақ АІБ КТІЖБ бастығы, полиция майоры Дидар Сағыновтың айтуынша, Байзақ аудандық соты жайсыз отбасы ретінде полицияның жеке психиатор-нарколог дәрігердің есебінде тұрған Д.Нерадивыйларды ата-аналық құқығынан айыру жөнінде шешім шығарды. «Егемен Қазақстан», 27 тамыз 2010 жыл. № 348-350 (26193).

## Ә

**ӘӘК (BBC)** – әскери әуе күштері (военно-воздушные силы). Жауынгерлік есептоптар зенитті-зымыранды кешеннен әуе нысаналарын атса, ӘӘК-тің ұшақтары ӘШҚК позицияларына әуе бомбаларын тастады. «Алаш айнасы», 29 қыркүйек 2011 жыл. № 171 (623).

**Әділет міні (МинЮст)** – ҚР Әділет министрлігі. Ведомстволарға қарасты мекемелердің органдар мен санақты өткізу жөніндегі біріккен тәртібін әзірлеу және қабылдауды (КБМ, ҚМ, ПМ, ТЖМ, ҰҚК, Әділет міні, СІМ, ДСМ, БҒМ, Еңбек міні) жүзеге асыру; «Егемен Қазақстан», 25 ақпан 2009 жыл. № 74-77 (25474).

**ӘЖК (СИК)** – әлеуметтік жеке код. Бұл ретте орташа айлық табыс әлеуметтік жеке код (ӘЖК) бойынша міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің (МӘСЖ) қатысушысына Қорға түскен әлеуметтік аударымдар сомасы негізінде анықталады. «Ана тілі», 5-11 қараша 2009 жыл. № 44 (985).

**ӘКК (СПК)** – әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация. Президенттің бастамасымен құрылған әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациялар (ӘКК) 146 инвестициялық жобаны қаржыландыруға мүдделілік танытты. «Нұр Астана», 28 тамыз 2008 жыл. № 35 (248); Әкімдік пен ӘКК меморандумға қол қойды. «Айқын», 13 наурыз 2009 жыл. № 43(1224); Көксу ауылшаруашылық колледжінің директоры Мәлік Қарасаев «Жетісу» ӘКК-мен бірлесіп, жақсы істі қолға алғанын жеткізді. «Егемен Қазақстан», 5 ақпан 2010 жыл. № 40-42 (25888); «Жетісу» ӘКК-ы «Алматы» болып өзгерді. «Алматы ақшамы», 30 қазан 2010 жыл. № 133 (4378); ӘКК әлеуеті күшейе бермек. «Егемен Қазақстан», 25 қаңтар 2013 жыл. № 49-53(27992).

**ӘСЗО (ЦВСИ)** – Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығы. Орталықтың вице-президенті Бейбіт Шахановтың

айтуынша, қазірдің өзінде 9 ғылым докторы, 13 ғылым кандидаты, 2 магистр, жалпы саны 38 қызметкер жұмыс істеуге кірісіп кеткен, заманауи құрылғы, жаңа техникалық құрал-жабдықтармен жабдықталған ӘСЗО ғылыми зерттеулерді өз күшімен, сонымен қатар қазақстандық, шетелдік танымал ғалымдармен бірлесіп жүргізеді. «Айқын», 22 тамыз 2008 жыл. № 157 (1094).

**ӘШҚК (ПВО)** – әуе шабуылына қарсы қорғаныс (противовоздушная оборона). Жаттығулар барысында құрамалар мен бөлімдердің, ӘШҚК әскерлері бөлімшелерінің іс-қимылдарын ұйымдастру мәселелері пысықталды. Жауынгерлік есептоптар зенитті-зымыранды кешеннен әуе нысаналарын атса, ӘӘК-тің ұшақтары ӘШҚК позицияларына әуе бомбаларын тастады. «Алаш айнасы», 29 қыркүйек 2011 жыл. № 171 (623).

**ӘЫК** – әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісім. ...Болгария Республикасы мен Румынияның ӘЫК-ге қосылуы туралы хаттаманы ратификациялау туралы» заң жобалары қаралатын болады. «Егемен Қазақстан», 15 маусым 2010 жыл. № 233-234 (26080).

## Б

**БАӘ (ОАӘ)** – Біріккен Араб Әмірліктері. БАӘ президенті Қазақстанға ресми сапармен келді. «Айқын», 15 шілде 2008 жыл. № 129 (1066); Бұл БАӘ Президентінің билік тұтқасын қолға алғалы бері елімізге жасаған алғашқы ресми сапары. «Ел», 22 шілде 2008 жыл. № 29 (157); БАӘ-де бір-ақ рет ескертеді. «Алматы ақшамы», 11 тамыз 2011 жыл. № 93 (4495).

**БАҚ (СМИ)** – Бұқаралық ақпарат құралдары. 2011 жылы Қазақ елінде өтетін VII қысқы Азия ойындарына әлемнің 20-дан астам елінен 800 спортшы, 1000-ға жуық БАҚ өкілдері, 150 құрметті қонақ келеді деп күтілуде. «Егемен Қазақстан», 15 шілде 2008 жыл. № 213-214 (25185); БАҚ-тың «қолы» бай-

лаудан босайтын болды. «Айқын», 12 қараша 2008 жыл. № 213 (1150).

**БАМ (БАМ)** – *Байкал-Амур магистралі*. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» жобасы еліміздің жастарын кең түрде жұмысқа жұмылдыратын бір кездегі БАМ аталып кеткен екпінді комсомол-жастар құрылысы – «Байкал-Амур» магистралі сияқты ауқымды құрылыс болуы керек. «Айқын», 16 сәуір 2010 жыл. № 65 (1489).

**БАМ (МСИ)** – *Байланыс және ақпарат министрлігі*. Операторлар Кеңесінің (БАМ жанындағы телекоммуникациялық қызмет көрсететін барлық компаниялардың жетекшілері кіретін кеңесші орган) кезекті жиынында бұл ұсыныс ұялы байланыс нарығының барлық қатысушыларынан қолдау тапты. «Айқын», 11 қыркүйек 2010 жыл. № 167 (1591).

**БАФ** – *Боао азиялық форум*. БАФ мемлекет қайраткерлерінің, ықпалды іскер топтардың, халыаралық ұйымдардың, ірі ғалымдар мен сарапшылардың Азия мемлекеттерінің алдағы дамуы және дүниежүзінің басқа аймақтарымен үнқатысуы бойынша пікірлер, болжамдар және жаңа ойлар мен алмасатын әмбебап сұхбат алаңы болып табылады. «Егемен Қазақстан», 2 наурыз 2013 жыл. № 79 (28018).

**БББО (ЦАО)** – *Баламалы білім беру орталығы*. Білім және ғылым министрлігінің, Балалардың құқығын қорғау комитетінің, «Шеврон» компаниясының және «Жастардың жетістіктері БББО-ның өкілдері 12 жылдық білім беру бағдарламасына пән ретінде енгізілген «Кәсіптік дайындық» курсының әдістемесімен және оқулықтарымен танысып, өз ойларын ортаға салды. «Жас Қазақ», 22 қаңтар 2010 жыл. № 2 (262).

**ББЖК БАРИ (РИ)** – *Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын*

*республикалық институт*. Семинарды ББЖК БАРИ директоры п.ғ.к., профессор Бахтияр Өрісбайұлы Сманов сөз сөйлеп, семинардың бүгінгі маңыздылығына тоқталды. «Айқын», 19 наурыз 2010 жыл. № 48 (1472).

**БДҰ (ВОЗ)** – *Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы*. Бүкіл дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (БДҰ) мәліметі бойынша, Қазақстан өкпе ауруынан батыс Еуропадан ондаған есе артта қалған. «Нұр Астана». 17 шілде 2008 жыл. № 29 (242). Осыдан отыз жыл бұрын Қазақстанды әлемге танытқан БДҰ мен БҰҰБҚ-ның ұйымдастыруымен болған атақты Алматы конференциясын өткізуге дайындық барысы ауыл, аудан ауруханаларын, фелдшерлік-акушерлік пункттерді де қамтыды. «Егемен Қазақстан», 4 қазан 2008 жыл. № 304-305 (25275).

**БЖӘ** – *Бейбітшілік жолындағы әріптестік*. БЖӘ бағдарламасы аясындағы ынтымақтастық туралы айтатын болсақ, ол азаматтық төтенше жоспарлауды, дағдарысқа қарсы реттеуді, қарулы күштер мен қорғаныс құрылымдарын демократиялық бақылауларды, қорғаныс саясаты мен стратегиясын, әскери жаттығулар мен әскери білім беруді қоса алғанда НАТО-мен өзара іс-қимылдың кең ауқымын қамтиды. «Егемен Қазақстан», 10 маусым 2009 жыл. № 200 (25597).

**БЖЗҚ** – *Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры*. БЖЗҚ өз қызметін қалай жандандырады? «Қазақстан-Zaman», 4 сәуір 2013, жыл. № 13 (934).

**БЖК** – *«Бизнестің жол картасы -22-020» (бағдарламасы)*. Осы жылы УИИД бағдарламасы шеңберінде салынып жатқан жеміс-жидек өсіруге арналған жылыжайдың инфрақұрылымын жүргізу үшін кәсіпкер БЖК бағдарламасының көмегіне жүгінеді. «Астана ақшамы», 15 қыркүйек 2011 жыл. № 105 (2715); БЖК – бизнестің жол картасы. 24 KZ телеарнасы. Жаңалықтар 6.05. 2013. Сағ.14.00

**БЖСМ (ДЮСШ)** – *Балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі.* – Ең бірінші басын ашып алатын мәселе, БЖСМ облыстық бюджеттегі мекеме облыстық спорт комитетіне қарайды. Ал енді шағымшылардың сөзіне келсек, БЖСМ тек спортшы балалармен айналысуы керек. «Жас Алаш», 18 қараша 2010 жыл. № 92 (15550).

**БЖЭС (БТЭС)** – *Балқаш жылу-электр стансасы.* Негіздемелік келісімде БЖЭС-тың құрылысы жобасын жүзеге асырудағы стратегиялық әріптестіктің басты ұстанымдары белгіленіп-бекітілген. «Айқын», 26 наурыз 2009 жыл. № 51 (1232).

**БЗЖҚ** – *Біріктірілген (біріктіріліп жатқан) зейнетақы жинақтау қоры.* БЗЖҚ қаржысы ЕХПО–2017-ге жұмсалмайды. «Қазақ үні», 5 наурыз 2013 жыл. № 9(572).

**БИН** – *бизнес-идентификациялық нөмір.* БИН-ді заңды тұлғалар алатын болса, жеке тұлғалар үшін ЖИН жарамды. «Айқын», 9 ақпан 2010 жыл. № 21 (1445).

**БКТ (ЕТТ)** – *бірыңғай кеден тарифі.* «Егемен Қазақстан», 29 желтоқсан 2011 жыл. № 660-665 (27057).

**БҚАТУ (ЗКАТУ)** – *Батыс Қазақстан агро-техникалық университеті.* Сөйтіп, қаңтар айында қала әкімі, облыстық Ішкі істер департаменті басшысы және ең үлкен қос университет (Махамбет атындағы БҚМУ мен Жәңгір хан атындағы БҚАТУ) ректорлары арасында арнайы келісімге қол қойды. «Айқын», 11 ақпан 2009 жыл. № 22(1203).

**БҚМУ (ЗКГУ)** – *Батыс Қазақстан Мемлекеттік университеті.* Сөйтіп, қаңтар айында қала әкімі, облыстық Ішкі істер департаменті басшысы және ең үлкен қос университет (Махамбет атындағы БҚМУ мен Жәңгір хан атындағы БҚАТУ) ректорлары арасында арнайы келісімге қол қойды. «Айқын», 11 ақпан 2009 жыл. № 22(1203).

**БҚО (ЗКО)** – *Батыс Қазақстан облысы.* Басқа облыстардың ауылдарында жаппай «қырғынға» ұшыраған кітапханалар БҚО-да 372-сі де аман сақталған. «Егемен Қазақстан», 30 мамыр 2009 жыл. № 190-191 (25588).

**БӨП** – *бақылап-өткізу пункті.* Оңтүстік шекара шебін нығайту мақсатында Қордай ауданының Қарасу ауылынан «Қарасу» БӨП-інің жаңа ғимараты бой көтерді. «Қарасу» БӨП-інің негізгі тарихы 1993 жылдан басталады. «Айқын», 25 сәуір 2012 жыл. № 75 (1986).

**БПҮК** – *Бас прокурорлар үйлестіру кеңесі.* Сондай-ақ форум шеңберінде А.Дауылбаев Украина, Ресей, Армения, Баларусь Бас прокурорларымен, сонымен қатар БПҮК атқарушы хатшысымен екіжақты кездесулер өткізіп, кездесу барысында алдағы ынтымақтастықтың перспективалары талқыланды. «Алаш айнасы», 4 қазан 2012 жыл. № 176(858).

**БРМФ** – *Бүкіләлемдік рухани-мәдени форум.* Брифингте сенатор Төлеген Мұхамеджанов БРМФ-ны ұйымдастырушылар туралы да ақпарат берді. «Егемен Қазақстан», 11 қыркүйек 2010 жыл. № 368-369 (26212); Мен осы тұрғыда БРМФ-ның бастамасын қолдаймын. «Айқын», 29 қыркүйек 2011 жыл. № 180 (1847).

**БҰО (НЛО)** – *белгісіз ұшатын объект немесе беймәлім ұшқыш объект (неопознанный летающий объект).* Вьетнамда БҰО құлады. «Жас Алаш», 9 шілде 2008 жыл. № 54 (15305); БҰО-ның келе жатқанын адам алыстан сезіп, еш себепсіз мазалана бастайды екен. «Халық сөзі», 21 тамыз 2012 жыл. № 66(210).

**БСН** – *бизнес-сәйкестендіру нөмірі.* Міне, осы уақытқа дейін Қазақстанның барлық азаматтары Мәліметтерді тіркеудің бірыңғай жүйесіне кіріп, ЖСН – жеке сәйкестендіру нөміріні, БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірін алып үлгерулері керек.

«Алматы ақшамы», 10 қараша 2011 жыл. № 131 (4533).

**БСС – бөлшек сауда салығы.** БСС – бөлшек саудада сатылған тауар мен көрсетілген қызметке салық. «Жас Алаш», 8 сәуір 2008 жыл. № 28 (15278).

**БСҰ (ВТО) – Бүкіләлемдік сауда ұйымы.** Соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту, ӘКК мен тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу, т.б. мәселелерге қатысты кейбір заңнамалық актілерге, ал БСҰ-ға еруге байланысты толықтырулар мен өзгерістер енгізу мәселелері қаралды. «Егемен Қазақстан», 20 наурыз 2009 жыл. № 105-107 (25504). Мемлекет басшылары Қазақстан мен Ресейдің БСҰ-ға кіруі үдерісі бойынша ақпарат алмасты және бұл үрдісті үйлестіріп отыруға уағдаласты. «Егемен Қазақстан», 5 мамыр 2009 жыл. № 158-159 (25556); М.Ломоносов атындағы ММУ-дың посткеңестік кеңістіктегі қоғамдық-саяси процестерді зерттеу жөніндегі ақпараттық-сараптамалық орталығының сарапшысы Юлия Якушеваның пікірінше, «Кеден одағына кіруден Қазақстанға келетін ең үлкен пайда – бұл рынокта еркін бәсекелесуге үйрену мүмкіндігі, БСҰ-ға мүше болғаннан кейін жаһандық бәсекелестікке үздік дайындалуға үлкен мүмкіндік. «Егемен Қазақстан», 22 сәуір 2011 жыл. № 160-163 (26565).

**БТЖ (БТЖ) – «Баку-Тбилиси-Жейхан» құбыры.** Британдық компанияның өкілі «БТЖ»-ға қосылған біздің мұнайдың нақты көлемі қанша екендігін атаған жоқ. «Нұр Астана», 6 қараша 2008 жыл. № 45 (258).

**БТО – білімдерді тарату орталықтары.** Әр БТО-да теориялық білімдер беру үшін қажетті инфрақұрылымдар бар. БТО қызметінің негізгі бағыты – АӨК-тің түрлі бағыттары бойынша қысқа мерзімді білім беру семинарларын өткізу. «Егемен Қазақстан», 15 қазан 2010 жыл. № 424-426 (26269).

**БҰДЖ//БҰДСЖ – Бірыңғай Ұлттық денсаулық сақтау**

*жүйесі.* БҰДСЖ бойынша қайта тіркеу Алматы қаласында 1 қарашадан басталып кетті. «Алматы ақшамы», 16 қараша 2010 жыл. № 140 (4385); Дегенмен, БҰДСЖ-нің әлі де қарапайым жұрт түгілі, денсаулық сақтау иелерінің өздері түсінбейтін жақтары көп. «Алматы ақшамы», 25 қараша 2010 жыл. № 143 (4388); БҰДЖ бағдарламасы – еліміздің медицина саласындағы ең ірі бағдарламаның бірі. «Алаш айнасы», 3 қараша 2011 жыл. № 195(647).

**БҰҰ (ООН) – Біріккен ұлттар ұйымы.** БҰҰ Бхуттоның өлімін тексереді. «Айқын», 10 шілде 2008 жыл. № 128(1065); Елбасы БҰҰ мінберінен ғаламдық мәні бар ұсыныстар айтты. «Айқын», 23 қыркүйек 2011 жыл. № 176 (1843); Бірақ сол мәселені шешуге болатынын БҰҰ Даму Бағдарламасының Қазақстандағы тұрақты өкілі Екатерина Паниклованың сөзінен ұқтық. «Айқын», 12 қазан 2011 жыл. № 189 (1856).

**БҰҰ БА (ГА ООН) – БҰҰ Бас Ассамблеясы.** Атап айтсақ, 2011 жылдың қыркүйек айында Нью-Йоркте өткен БҰҰ БА 66-шы сессиясында айтылған Астананың соңғы бастамасын жеткізді. «Егемен Қазақстан», 13 қазан 2011 жыл. № 493 (26885).

**БҰҰБҚ (ДФ ООН) – Біріккен ұлттар ұйымының Балалар қоры.** Осыдан отыз жыл бұрын Қазақстанды әлемге танытқан БДҰ мен БҰҰБҚ-ның ұйымдастыруымен болған атақты Алматы конференциясын өткізуге дайындық барысы ауыл, аудан ауруханаларын, фелдшерлік-акушерлік пункттерді де қамтыды. «Егемен Қазақстан», 4 қазан 2008 жыл. № 304-305 (25275).

**БҰҰДБ (ПРООН) – БҰҰ-ның даму бағдарламасы.** Жоба нәрлендірушілері – Қазақстандағы БҰҰДБ мен Қазақстандағы Ұлыбритания елшілігі. «Егемен Қазақстан», 24 қараша 2009 жыл. № 386-388 (25785); БҰҰДБ мәлімдемесіне қарағанда, ұлттық парк жаһандық маңызға ие Сиверс жабайы алма ағаштарын сақтап қалу мақсатында құрылмақ. «Алматы

ақшамы», 16 қаңтар 2010 жыл. № 6 (4251); Өйтпегенде ше, БҰҰДБ Семей өңіріндегі оралмандардың тілегін орындап отыр. «Айқын», 12 қазан 2011 жыл. № 189 (1856).

**БҰҰ ЕҚБ** – *Біріккен Ұлттар ұйымының Есірткімен қылмыс жөніндегі басқармасы*. Ю.Федотов БҰҰ ЕҚБ-ның Қазақстанмен арадағы ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтті. «Егемен Қазақстан», 23 сәуір 2011 жыл. № 164-165 (26567).

**БҰҰ-ЕҚЫҰ** – *Біріккен ұлттар ұйымы – Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы*. БҰҰ-ЕҚЫҰ форматындағы үнқатысу. «Егемен Қазақстан», 16 қазан 2009 жыл. № 337-339 (25756).

**БҰҰ ЖҚББ (ООН)** – *Біріккен ұлттар ұйымы*. Кездесу барысында Қазақстан Республикасы мен БҰҰ ЖҚББ арасындағы ынтымақтастықтың өзекті мәселелері талқыланды. «Егемен Қазақстан», 19 наурыз 2010 жыл. № 100-103 (25949).

**БҰҰ ҚК (СБ ООН)** – *Біріккен ұлттар ұйымының Қауіпсіздік кеңесі*. Алайда Пхеньян үстіміздегі жылдың 4 сәуірінде БҰҰ ҚК-нің келісімін бұза отырып, баллистикалық зымыран сынады. «Айқын», 15 сәуір 2009 жыл. № 65(1246).

**БЭЖ** – *Біртұтас энергия жүйесі*. «БЭЖ-дің жүйелік операторы ретінде біз Қазақстан Республикасының жедел индустриялық-инновациялық даму қарқынына қажетті энергияны қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерімізді жұмсаймыз». «Егемен Қазақстан», 5 маусым 2009 жыл. № 195-196 (25593).

**БЭЖ (ЕЭП)** – *Бірыңғай экономикалық кеңістік (Единое экономическое пространство)*. Осыған орай 2010 жылдың 2 ақпанында Премьер-Министр Кәрім Мәсімов БЭЖ құру мәселелері бойынша кеңес өткізді. «Егемен Қазақстан», 5 ақпан 2010 жыл. № 40-42 (25888); Сондай-ақ БЭЖ шеңберіндегі мемлекеттерде өнеркәсіптік субсидия бөлу жөнінде бірыңғай ереже

жұмыс істейтін болады. «Егемен Қазақстан», 8 желтоқсан 2010 жыл. № 522 (26365); Қазақстанның экономикалық мүдделерін әзірлеу және жылжыту әрі КО мен БЭЖ шеңберінде ашылатын жаңа мүмкіндіктерді пайдалану мақсатында бизнес қоғамдастықпен белсенді бірлескен жұмыс жалғастырады. «Айқын», 16 наурыз 2011 жыл. № 47(1714); БЭЖ-тің қатарын толықтыру тиімді. «Айқын», 20 қазан 2011 жыл. № 195(1862).

**БЭФ (ВЭФ)** – *Бүкіләлемдік экономикалық форум*. БЭФ жыл сайын дәстүрлі түрде Давоста өткізіліп келеді. «Егемен Қазақстан», 30 қаңтар 2009 жыл. № 34-37 (25434).

## Г

**ГБО** – *гипербариялық оттектендіру әдісі*. ГБО әдісінің кереметі неде? «Нұр Астана», 2 ақпан 2012 жыл. № 05 (426).

**ГМ (ГМ)** – *генетикасы модификацияланған//гендік модифицирленген*. Британия ғалымдары – генетикасы модификацияланған ГМ-картоптың, Италия ғалымдары ГМ-сояның, Австралия ғалымдары – ГМ-асбұршақтың, француз зерттеушілері ГМ-жүгерінің жануарлар ағзасына қауіпті екендігін дәлелдеген. «Алаш айнасы», 7 қазан 2011 жыл. № 177 (629).

**ГМО (ГМО)** – *гендік-модифицирленген организмдер*. Әлем ГМО-ға қарсы. ГМО деген не? «Айқын», 25 тамыз 2011 жыл. № 157 (1824); ГМО деген атына үріккеніміз болмаса, оның қандай болатынын, пайда-зияны қаншалық екенін қарапайым халық әлі біле бермейміз. «Алаш айнасы», 7 қазан 2011 жыл. № 177 (629).

**ГМӨ (ПГМ)** – *гендік модификация өнімдері*. ГМӨ – ірі ауқымдағы, болашағы бар ірі алпауыт елдердің эконмикасына тигізетін әсері бар бизнес көзі. «Егемен Қазақстан», 27 тамыз

2008 жыл. № 263-266 (25236); Бұған негіз де жоқ емес, кейде бір теледидардан ГМӨ-ге қатысты жаңсақ хабарлар беріліп жатады. «Алаш айнасы», 7 қазан 2011 жыл. № 177 (629).

**ГЫМҚ (МФГС)** – гуманитарлық ынтымақтастық мемлекетаралық қоры. Жақында Мәскеуде Ресей Федерациясы Үкіметі мен ТМД елдерінің гуманитарлық ынтымақтастығы мемлекетаралық қоры (ГЫМҚ) және ТМД атқару комитетінің арасындағы келісімге Білім және ғылым министрі, ГЫМҚ басқарма төрағасы Жансейіт Түймебаев, Ресей Федерациясы сыртқы істер министрі Сергей Лавров және ТМД атқарушы комитетінің төрағасы Сергей Лебедев қол қойды. «Егемен Қазақстан», 25 сәуір 2009 жыл. № 147 (2554).

**ГЭС (ГЭС)** – гидроэлектростанция. Кең-байтақ республиканың экономикасы мен тұрғындарын электр энергиясымен қамтамасыз ету саласындағы бірінші кезектегі ауқымды міндеттердің бірі – Мойнақ ГЭС-і құрылысын салу болып табылады. «Егемен Қазақстан», 14 тамыз 2008 жыл. № 252 (25222).

**ГФР (ГФР)** – Германия Федеративтік Республикасы. Қазіргі даму барысы аталған мәселелер бойынша ГФР ұстанымының сол кездегі ахуалды және болашақ дамуды дұрыс бағалағанына дәлел. «Айқын», 12 қараша 2008 жыл. № 213(1150); Соның айғағы, қазіргі таңда ГФР Қазақстанның 6 ірі сыртқы сауда серіктестіктерінің қатарына кіреді. «Егемен Қазақстан», 27 қаңтар 2009 жыл. № 26-29(25426); Ал алмасу тәсілімен біраз студент ГФР, Қытай, Үндістан, Польша, Ресей университеттерінде оқып жүр. «Егемен Қазақстан», 11 маусым 2010 жыл. № 228-230 (26076); ГФР канцлері Ангела Меркель қолдау көрсеткен бағдарлама АЭС-тер жұмысының мерзімін 2005 жылға дейін ұзартуды қарастырған болатын. «Егемен Қазақстан», 16 наурыз 2011 жыл. № 90-93 (26495).

## Ғ

**ҒБРО (РЦКС)** – Ғарыштық байланыс және радио-электрондық құралдардың электр магниттік үйлесімділігі республикалық орталығы. ҒБРО осы салада жеткілікті тәжірибенің және білікті мамандардың жоқтығына қарамастан «Гейзер» ҒӨФ» ЖШБ ресейлік компаниясымен бірге Ресей Федерациясының, Қытайдың, Голландияның Үндістанның, Сингапурдың Байланыс әкімшіліктерімен қазақстандық орбиталық позицияларды халықаралық үйлестіру бойынша кездесулер өткізді. «Егемен Қазақстан», 19 наурыз 2010 жыл. № 100-103 (25949).

**ҒЗЖ (НИР)** – Ғылыми-зерттеу жұмыстары. Осы үш ғылыми-зерттеу институтының ҒЗЖ қаржыландыру көлемі 143,5 млн теңгені құрайды. «Айқын», 11 ақпан 2009 жыл. № 22(1203).

**ҒЗИ (НИИ)** – Ғылыми-зерттеу институты. Атап айтсақ, №41 бағдар сол жағалаудағы «жедел медициналық жәрдем көрсету ҒЗИ мен ескі қаладағы «Теплотранзит» ЖШС арасында жүретін болады». «Астана ақшамы», 14 тамыз 2008 жыл. № 96 (2260); Ресейде білім беру саласындағы зерттеулерді көптеген ҒЗИ, ғылыми орталықтар мен зертханалар жүргізеді. «Айқын», 11 ақпан 2009 жыл. № 22(1203); Олар «А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС базасында құрылған «Шортанды», «Қостанай ауыл шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС базасында құрылған «Қостанай», «Қазақ жер өңдеу және өсімдіктану ҒЗИ» ЖШС базасында құрылған «Үшқоңыр», «Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС базасында құрылған «Тассай» және «қазақ балық шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС-ның балқаш филиалы базасында құрылған «Балқаш» білімдерді тарату орталықтары. «Егемен Қазақстан», 15 қазан 2010 жыл. № 424-426 (26269).



**ҒЗКТӨ** – *ғылыми-зерттеу, конструкторлық-тәжірибелік өңдеу*. Жобаларды жүзеге асырып, жетілдіруге қолдау ретінде университетте технологиялар трансферті және коммерциализация нәтижелеріне жетуге негіз болатын ҒЗКТӨ орталықтары құрылды. «Айқын», 11 наурыз 2011 жыл. № 44 (1711).

**ҒЗО (НИЦ)** – *Ғылыми-зерттеу орталығы*. Бақтияр Әбділдаұлы. Таразиновациялық-гуманитарлық университетінің ҒЗО директоры. «Егемен Қазақстан», 3 наурыз 2009 жыл. № 84-86 (25483).

**ҒӨО (НПЦ)** – *Ғылыми-өндіріс орталығы*. «Алматықалжер» ҒӨО анығын айта алмады. «Қазақстан-Zaman», 11 ақпан 2010 жыл. № 06 (778).

## Д

**ДБ** – *Дүниежүзілік банк*. ДБ мен ХҚК өз баяндамаларында кәсіпкерлікпен айналысуды жеңілдететін реформалардың 183 елдің 125-інде жүргізілгендігін мәлім етеді. «Айқын», 22 қазан 2011 жыл. № 197 (1864).

**ДЕНСАУМИН** – *денсаулық сақтау министрлігі*. Денсау-минге өркениет енді жетті. «Халық сөзі», 23 қазан 2012 жыл. № 84 (228).

**ДИАҚБ (БДИПЧ)** – *Демократиялық институттар және адам құқығы жөніндегі бюро*. Сенат төрағасы Қазақстандағы демократиялық даму үрдісі оң сипатта екенін, оның өзі Қазақстанның ДИАҚБ-мен өзара іс-қимылдың нәтижесі ретінде қарастырыла алатынын атап өтті. «Егемен Қазақстан», 29 сәуір 2009 жыл. № 150-153(25550); Конференцияның пленарлық мәжілісінде ЕҚЫҰ-ның Іс басындағы төрағасы, Қазақстанның Мемлекеттік хатшысы – Сыртқы істер министрі Қанат Саудабаев, Данияның Премьер-министрінің орынбасары – Сыртқы

істер министрі Лене Эсперсен ханым және ДИАҚБ директоры Янеш Ленарчич сөз сөз сөйледі. «Егемен Қазақстан», 12 маусым 2010 жыл. № 231-232 (26076); Ғаламторда ЕҚЫҰ/ ДИАҚБ миссиясының күтіліп отырған саны 436 адамды, оның ішінде ұзақ мерзімді байқаушылар мен саны 36 адамды қамтиды. «Жас Алаш», 22 ақпан 2011 жыл. № 33 (1700).

**ДИЭФ** – *Дүниежүзілік Ислам экономикалық форумы*. 7-ші ДИЭФ аясында инвестициялық жобалардың көрмесі ұйымдастырылады. «Егемен Қазақстан», 7 маусым 2011 жыл. № 238-239 (26637).

**ДДСҰ(ВОЗ)** – *Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы*. ДДСҰ-ның мәліметі бойынша, алкогольдің кесірінен әлем бойынша жыл сайын екі жарым миллионнан аса адам ажал құшады. «Айқын», 16 ақпан 2011 жыл. № 29 (1696).

**ДДҰ (ВОЗ)** – *Дүниежүзілік Денсаулық сақтау Ұйымы*. «Егемен Қазақстан», 12 шілде 2008 жыл. № 212 (25183).

**ДМК** – *«Дала мен қала» газеті*. «ДМК»-ның дерегі. «Дала мен қала», 2 сәуір 2012 жыл. № 14 (444).

**ДНҚ** – *дезоксирибонуклеин қышқылы (дезоксирибонуклеиновая кислота)*. Әбілхайыр ханның ДНҚ-сын талдадық... Аталған ұрпақтардан қан үлгілері алынып, ДНҚ молекулалары бөлінеді және сапасы, концентрациялары анықталады. «Алаш айнасы», 17 шілде 2012 жыл. № 123 (805); Дүние ДНҚ-ға тіреліп тұр. «Айқын», 24 шілде 2012 жыл. № 135(2046).

**ДСҰ (ВТО)** – *Дүниежүзілік сауда ұйымы*. ДСҰ-ның қатары толықты. «Дала мен қала», 27 маусым 2008 жыл. № 25 (253); Қазақстан ДСҰ-ға қалай кірмек? «Астана ақшамы», 26 тамыз 2008 жыл. № 101 (2265); Попелюшка ДСҰ-дан қорықпайды. «Айқын», 14 сәуір 2009 жыл. № 64 (1245); Бірақ Франция Қазақстанның жақын келешекте ДСҰ-ға енуге деген ұмтылысын құптайды. «Айқын», 26 қараша 2010 жыл. № 220 (1644); Енді

ДСҰ мүшелігіне асығайық. «Айқын», 15 сәуір 2011 жыл. № 66 (1733).

**ДТҚ (ДДВ)** – *Демократиялық таңдау қозғалысы*. ДТҚ-ның мақсаты кімге қарсы одақтасамыз деген мәселенің айналасында болмауы керек деп ойладым. «Жас Алаш», 26 наурыз 2009 жыл. № 25 (15379).

**ДТҰ (ВТО)** – *Дүниежүзілік туристік ұйым*. Сонымен бірге, Дүниежүзілік туристік ұйымның Бас хатшысын сайлау және әлемдік туристік саясат қалыптастырудың шешуші мәселелері талқыланатын ДТҰ Бас ассамблеясының 18-сессиясын даярлау және өткізу міндеті тұр. «Егемен Қазақстан», 17 қаңтар 2009 жыл. № 14-15 (25412).

**ДҰҚ** – *Дүниежүзі ұйғырларының құрылтайы*. ДҰҚ – 1992 жылы Түркияда құрылған. ДҚҰ-ның қазіргі жетекшісі – Қытай азаматы, бірақ қазір АҚШ-та тұратын Рәбия Қадыр. ДҰҚ-ның штаб-пәтері Вашингтонда және Мюнхенде орналасқан. «Жас Алаш», 3 мамыр 2012 жыл. № 34 (15700).

## Е

**ЕАӘК** – *Еуро-Атлантикалық әріптестік Кеңесі*. Ал форум жұмысына НАТО-ға және ЕАӘК-ке мүше 50 елден басқа бірқатар халықаралық ұйымдардан өкілетті делегациялар, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысады деп күтілуде. «Егемен Қазақстан», 2 мамыр 2009 жыл. № 192-193 (25590); Айта кететін жайт, ЕАӘК-тің қауіпсіздік форумы алғаш рет Еуропа ауқымынан шығып, посткеңестік кеңістік елінде, соның ішінде Азия құрлығында тұңғыш рет өткізілді және бұл Қазақстан аумағында 2009 жылы ұйымдастырылған ең ауқымды шараның бірі болып табылады. «Егемен Қазақстан», 26 ма 2009 жыл. № 218-220 (25617).

**ЕАР (ЕАР)** – *Египет Араб Республикасы*. Б.Тасымов сондай-

ақ, ЕАР Азаматтық авиация министрі М.Шафикпен кездесті. «Егемен Қазақстан», 4 ақпан 2009 жыл. № 45-48 (25445).

**ЕАТО (ОЕАС)** – *Еуроатлантика келісімінің Ұйымы*. Ресей сарапшылары бұл жобаны ЕАТО (Еуроатлантика келісімінің Ұйымы) деп атауда. «Жас Қазақ», 1 тамыз 2008 жыл. № 30 (186).

**ЕАГИ (ЕАГИ)** – *Еуразия гуманитарлық институты*. ЕАГИ-де өтетін концерттерге үнемі қатысып, тамылжыта ән шырқайды. «Астана ақшамы», 11 қазан 2008 жыл. № 120 (2284).

**ЕБКБ (УБНБ)** – *Есірткі бизнесімен күрес басқармасы*. СҚО ПД ЕБКБ бастығы Ержан Мизамбаевтың айтуынша, арнайы шараларды өткізуге облыс прокурорының санкциясы алынған соң 11 наурызда «Доктор» есірткі сату үстінде қолға түсті. «Айқын», 13 наурыз 2009 жыл. № 43 (1224).

**ЕВРООДАҚ** – *Евросоюз*. Еуроодақ елдеріне бара алмай ма? «Егемен Қазақстан», 6 қаңтар 2011 жыл. № 2 (26404).

**ЕврЭҚҰ** – ... Ондай ұйымдардың қатарында АӨСШК, ЕврЭҚҰ атап өтуге болады. «Айқын», 26 қараша 2010 жыл. № 220 (1644).

**ЕДБ (ЕБР)** – *Еуразиялық даму банкі*.

**ЕДБ** – *екінші деңгейлі банктер*. Сөйтп, ЕДБ арасында 14 орыннан 10 орынға көтерілген. «Айқын», 3 наурыз 2011 жыл. № 40(1707); Бір қызығы – өткен жылдың қорытындысы бойынша ЕДБ-гер етек-жеңін біраз жинаған тәрізді. «Айқын», 20 наурыз 2011 жыл. № 69 (1736).

**ЕЖЗҚ** – *Ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары*. ЕЖЗҚ-лар енді халықтың ерікті жарналарын ғана тарта алады. «Қазақстан- Zaman», 4 сәуір 2013, жыл. № 13 (934).

**ЕИБ** – *Еуропалық инвестициялық банк*. ЕИБ Алматының энергетика және экология салаларын қаржыландырады. «Алматы ақшамы», 22 мамыр 2010 жыл. № 62 (4307). ЕО-ға мүше мемлекеттер ЕИБ мүшелері болып табылады. «Алаш айнасы», 27 қазан 2010 жыл. № 186 (412).

**ЕИТИ** – *Екібастұз инженерлік-техникалық институты (Толық атауы – Қ.Сәтбаев атындағы Екібастұз инженерлік-техникалық институты)*. ЕИТИ түлектерінің Ресей, Канада, АҚШ, Германия және тағы басқа елдерде білімдерін дәлелдеп, табысты қызмет етіп жатқаны айтуға тұрарлық. «Алаш айнасы», 21 қазан 2011 жыл. № 187 (639).

**ЕК (ЕС)** – *Еуропалық Кеңес.*

**ЕК (ЕК)** – *Еуропалық комиссия.*

**ЕКПА (ПАСЕ)** – *Еуропа Кеңесі Парламенттік Ассамблеясы.* «Егемен Қазақстан», 17 қыркүйек 2008 жыл. № 284 (25254); Сондай-ақ ЕКПА қабылдаған қарарда орын алған оқиғаға халықаралық бақылаушылар жіберіп, оны талдау, зерттеу мәселесі қарастрылған. «Айқын», 4 қазан 2008 жыл. № 187 (1124); Төраға 2011 жылғы сәуірдегі Қазақстандағы президенттік сайлауға қатысқаны және нақты бағалауы үшін ЕКПА делегациясының басшысы Э. Пападимитриуға ризашылығын білдірді. «Егемен Қазақстан», 13 қаңтар 2012 жыл. № 13-14 (27085).

**ЕКДБ//ЕКҚДБ (ЕБРР)** – *Еуропа қайта құру және даму банкі.* ЕКДБ Қазкоммерцбанкке қолдау көрсетті. «Айқын», 21 мамыр 2009 жыл. № 89 (1270); БҰҚ Жаһандық экологиялық қор, БҰҰ ДБ, ЮНИФЕС, Дүниежүзілік банк, ЕКДБ сияқты халықаралық донорлар гранттарды бөлуге немесе тең қаржыландыруға негізделген халықаралық бағдарламалар бойынша жұмыс жасайды. «Егемен Қазақстан», 19 қаңтар 2010 жыл. № 14-15 (25861); Кездесу барысында Қазақстан мен ЕКДБ арасындағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды. «Егемен Қазақстан», 17 ақпан 2010 жыл. № 59-60 (25906); Ұлттық банк ЕКҚДБ-мен бірігіп, МЖЗҚ акцияларының бақылау пакетін сатып алатын стратегиялық инвесторды тоғыз жылдан бері таппай келеді. «Алаш айнасы», 7 желтоқсан 2011 жыл. № 217 (669).

**ЕКҚЖДБ (ЕБРР)** – *Еуропа қайта құру және даму банкі.* Осыған қоса, келешекте ЕКҚЖДБ Қазақстан аймақтарындағы қатысу көкжиектерін кеңейте түсуді ұсынамын. ЕКҚЖДБ тарапынан республикамыздағы белсенділікке елдегі инвестициялық қолайлы ахуалдар игі ықпал етуде. «Астана ақшамы», 30 тамыз 2011 жыл. № 98 (2708).

**ЕКК** – *Еуропа Қауіпсіздігі туралы келісім.* Қазақстан өз кезегінде осы ЕКК туралы бастаманы қолдап, еуроатлантикалық қауіпсіздік архитектурасын қазіргі заман талабына сай жаңаландырудағы уақыты жеткен шара деп санаған болатын. «Егемен Қазақстан», 30 шілде 2009 жыл. № 223-224 (25621).

**ЕКТҚ** – *Еуропалық қаржылық тұрақтылық қоры (EFSF).* ХВҚ мен ЕКТҚ-ның ортақ қаржысын қосқан күннің өзінде ол Италияға қолдау көрсетуге жетпейді дейді. «Айқын», 28 қазан 2011 жыл. № 201 (41868).

**ЕҚЫК** – *Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақ келісімі.*

**ЕҚЫҰ (ОБСЕ)** – *Еуропадағы Қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы.* Қазақстанның ЕҚЫҰ-на басшылық жасауы оның әлемдегі геосаяси орнын айқындайды. «Ел», 15 шілде 2008 жыл. № 28 (156).

**Еңбек міні** – *ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі [Минтруд].* Ведомстволарға қарасты мекемелердің органдар мен санақты өткізу жөніндегі біріккен тәртібін әзірлеу және қабылдауды (КБМ, ҚМ, ПМ, ТЖМ, ҰҚК, Әділет міні, СІМ, ДСМ, БҒМ, Еңбек міні) жүзеге асыру; «Егемен Қазақстан», 25 ақпан 2009 жыл. № 74-77 (25474).

**ЕО (ЕС)** – *Еуропалық одақ.* ЕО-ның саясатында мүдденің Шығысқа қарай ығысуы орын алды. «Егемен Қазақстан», 20 қыркүйек 2008 жыл № 287 (25257); Бұл орайда ЕО-ның жетекші әрі беделді мүшесі Германияның Қазақстанға беретін тәжірибелік ықпалы зор. «Егемен Қазақстан», 4 ақпан 2009

жыл. № 45-48 (25445); Чехияның Еуроодақтағы төрағалығын ескере отырып, екі ел сыртқы істер ведомстволары ҚР – ЕО форматындағы өзара әрекеттестіктің бірқатар өзекті мәселелері туралы пікір алысты. «Айқын», 22 сәуір 2009 жыл. № 70 (1251); Қазіргі уақытта Қазақстан ЕО комиссиясының шешімін күтіп отыр. «Айқын», 16 наурыз 2011 жыл. № 47(1714).

**ЕО** – *Еуразиялық одақ*. ЕО дегеніңіз тұнып тұрған саясат. ЕО КСРО бола алмайды және ондай біртұтас мемлекет құрылмайды. (Р.Сәрсенбайұлы). «Жас Алаш», 19 наурыз 2013 жыл. № 22 (15791).

**ЕОБ** – *Еуропалық орталық банк*. Ал қазақстандық сарапшыларды тыңдасақ, ЕОБ Еуроаймақ үшін «үлкен үштікке» балама болатындай рейтингтік агенттік құрмақшы. «Айқын», 23 желтоқсан 2010 жыл. № 237 (1661).

**ЕСЖ АҚ (АО ЕТС)** – *Еуразиялық сауда жүйесі Акционерлік қоғамы*. Мамандардың айтуынша, ЕСЖ отандық тауар нарығына үлкен серпіліс әкелмек. «Дала мен қала» 2 наурыз 2009 жыл. № 8 (287).

**ЕурАзЭҚ (ЕврАзЭС)** – *Еуразия экономикалық қоғамдастығы (Евроазийское экономическое сообщество)*. ЕурАзЭҚ-тың ең жоғарғы басқару органы – мүше елдердің мемлекет басшылары кіретін Мемлекетаралық кеңес болып табылады. «Егемен Қазақстан», 6 ақпан 2009 жыл. № 49-52 (25449); ЕурАзЭҚ-тың Бас хатшысы үкімет басшыларының алдағы маусым айында өтетін кездесуінде тағы 6 халықаралық шартқа қол қойылатынын хабарлады. «Егемен Қазақстан», 15 мамыр 2009 жыл. № 170-172 (25569).

**ЕурАзЭҚ ПАА** – *Еуразия экономикалық қоғамдастығының Парламентаралық ассамблеясы*. Түстен кейін Қайрат Мәми ЕурАзЭҚ ПАА жауапты хатшысы П.Зверевпен жүздесті. «Егемен Қазақстан», 10 қараша 2011 жыл. № 535-536 (26928).

**ЕУРООДАҚ** (*Еуропалық одақ*) – *Евросоюз*. АҚШ пен Еуроодақ – әскери шығын бойынша көшбасшы. «Айқын», 12 тамыз 2011 жыл. № 148 (1885).

**ЕҰЕБ** – *Еуразиялық ұлтүстілік есептік бірлік (қызметі)*. Қазақстан, әлбетте, ЕурАзЭҚ және ШЫҰ бойынша әріптестерімен бірге жаңа сападағы валютаның өңірлік эмиссиялық орталығын құру үшін біртіндеп қолайлы жағдайлар жасауға әзір, бұл валюта өзіне Еуразиялық ұлтүстілік есептік бірлік қызметін ала алар еді, оны осынау сөз тіркесінің аббревиатурасы бойынша ЕҰЕБ деп алуға болар еді. «Егемен Қазақстан», 3 ақпан 2009 жыл. № 42-44 (25441); Мұны «транзитал» деп атауымен қоймай, Қазақстанды да аймақтық валюта ЕҰЕБ-ға енгізуге әзірлігін айтады. «Жас Алаш», 26 ақпан 2009 жыл. № 17(15371).

**ЕҰУ (ЕНУ)** – *Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті*. Айнұр Жетпісбаева, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің студенті. «Астана хабары», 15 шілде 2008 жыл. № 83 (2247); Алғашқы отырысқа Ғылыми-сараптық кеңестің мүшелері, ЕҰУ-дың жетекші ғалымдары, этносаралық қатынастар саласын зерттеумен шұғылданып жүрген сарапшылар, зерттеушілер, мемлекеттік органдардың өкілдері мен этномәдени бірлестіктердің және жас ғалымдар келіпті. «Егемен Қазақстан», 24 ақпан 2009 жыл. № 72-73 (25470);

**ЕЭК (ЕЭК)** – *Еуропалық экономикалық комиссия*. ЕЭК БҰҰ-ның бес аймақтық комиссиясының бірі болып табылады. «Егемен Қазақстан», 12 наурыз 2009 жыл. № 97 (25494); Литва Республикасының Сыртқы істер министрі Аудронюс Ажубалиспен және БҰҰ Бас хатшысының арнайы өкілі ретінде Қырғызстанға жіберілген БҰҰ Бас хатшысының орынбасары – Еуропа экономикалық комиссиясының (ЕЭК) атқарушысы хатшысы Ян Кубишпен телефон арқылы сөйлесті. «Егемен

Қазақстан», 9 сәуір 2010 жыл. № 126-128 (25974); ЕЭК: бұл неғылған батпанқұйрық? «Жас Алаш», 1 қараша 2011 жыл. № 87 (15649).

**ЕЭК (ЕЭС)** – *Еуропалық экономикалық қоғамдастық*. Жалпы, конференция өздерін өтпелі кезеңдегі елдер қатарына жатқызатын мемлекеттердегі жаңа инновациялық кәсіпорындарды сырттан қаржыландырудың тетіктерін дамытудың өзекті мәселесін талқылауға арналғанмен, жиын барысында БҰҰ, ЕЭК экономикалық ынтымақтастық және интеграция бойынша комитетінің өзара байланысты салаларындағы инновациялық кәсіпорындар мен кәсіпкерлікті дамыту, инновацияларды қаржыландыру және зияткерлік меншік құқықтарын коммерцияландыру әлеуетін арттыру мәселесі де кеңінен талқыланғанын атап өткен жөн. «Егемен Қазақстан», 22 сәуір 2009 жыл. № 178-180 (25577); Оған 28 мемлекеттің басшылары мен Солтүстік Атлант альянсына қатысушы мемлекеттердің үкімет басшыларынан өзге, Ауғанстан президенті Хамид Карзай, НАТО бас хатшысы Андреас Фог Расмуссен, БҰҰ бас хатшысы Пан Ги Мун, ЕЭК Кеңесінің президенті Херман Ван Ромпей, еурокомиссияның төрағасы Жозе Мануэль Баррозу, сонымен қатар Жапония мен Дүниежүзілік банктің, Солтүстікатлантикалық альянстың әріптес елдерінің өкілдері қатысты. «Айқын», 23 қараша 2010 жыл. № 217 (1641).

## Ж

**ЖАҚ (ЗАО)** – *Жабық акционерлік қоғам*. Оның атқарушы директоры, «Свет XII века» ЖАҚ директорлар кеңесінің төрағасы Владислав Голубев энергия үнемдеуге мүмкіндік туғызатын қарапайым өнімді және жаңа шамды көрсетті. «Егемен Қазақстан», 26 қараша 2010 жыл. № 502-503 (26346).

**ЖАО** – *жергілікті атқару органдары*. Жергілікті атқару органдарының (ЖАО) баспана салуы және тұрғын үй жинағының жүйесі арқылы өткізуі. «Айқын», 7 сәуір 2011 жыл. № 60 (1727).

**ЖАОО (BCUZ)** – *жоғары арнайы оқу орындары*. Ал Германияның ЖАОО-сы күрделі техниканы, технологиялық үрдістерді меңгерген және өндірістік менеджмент тәсілдерін жақсы білетін инженерлерді даярлайды. «Айқын», 11 ақпан 2009 жыл. № 22 (1203).

**ЖАҰ** – *жергілікті атқару ұйымдары*. Соның ішінде 2011 жылы ЖАҰ арқылы тұрғын үй салуға 28 миллиард теңге қарастырылып отыр екен. «Айқын», 3 наурыз 2011 жыл. № 40 (1707).

**ЖБО** – *Жедел басқару орталығы*. Бұл үшін қазіргі қолданыстағы бақылаудың автоматтандырылған жүйелерін бірыңғай кешенге біріктіру, шекарадан қосымша мемлекеттік бақылаулардың түрін алу және ЖБО алыстан бақылау орталығы ретінде пайдалану қарастырылған. «Егемен Қазақстан», 24 ақпан 2009 жыл. № 72-73 (25470).

**ЖГТУ** – *Жамбыл гуманитарлық-техникалық университеті*. «Әділет» демократиялық партиясы 1 грантқа ие болса, Жамбыл гуманитарлық-техникалық университеті 1 грант пен олимпиадаға қатысушыларға ЖКТУ-ға оқуға түскен жағдайда 15 % жеңілдік жасайтын болды. «Егемен Қазақстан», 3 маусым 2009 жыл. № 194 (25591).

**ЖҒТК (ВНТК)** – *Жоғары ғылыми-техникалық комиссия*. ЖҒТК мүшелері іргелі ғылыми зерттеулердің басымдықтары мен негізгі бағыттарын, сондай-ақ ҚР Білім және ғылым министрлігі 2009-2011 жылдары іске асыруды қарастырып отырған ғылыми-техникалық бағдарламаны мақұлдады. «Айқын», 11 шілде 2008 жыл. № 127 (1064); ЖҒТК мүшелері

Қазақстан Республикасының инновациялық даму мәселелерін қарады. «Егемен Қазақстан», 9 мамыр 2009 жыл. № 165-167 (25564).

**ЖЖМ (ГСМ)** – *жанар-жағар май*. Осы бағалар арасындағы алшақтаушылықтың артуы кесірінен, ЖЖМ-ның ол жақтан келетін дәстүрлі импортының тоқтағаны былай тұрсын, тіпті біздің оларға ЖЖМ экспортымыздың ұлғаятын түрі бар. «Айқын», 30 наурыз 2010 жыл. № 52 (1476); Олар пайдаланылатын құрылыс материалдарының, ЖЖМ-ның ұдайы қымбаттатып отырылуына, жол құрылысы жұмыстарын уақытында орындамауға қатысты» деп нақтылаған М.Құл-Мұхаммед комиссия отырысында осы салаларда тәртіп орнату үшін жауапты органдардың не істеп жатқандығы қаралатындығын айтты. «Айқын», 12 мамыр 2012 жыл. № 85 (1996); ЖЖМ-нің үлесі – 35 тиын. «Айқын», 25 шілде 2012 жыл. № 136 (2047).

**ЖЗҚ (НПФ)** – *Жинақтаушы зейнетақы қоры*. «БТА Қазақстан» ЖЗҚ еліміздің зейнетақы қорларының арасында ең жоғары табыстылықты көрсетіп келеді. «Егемен Қазақстан», 23 шілде 2008 жыл. № 222 (25193); Бейнетінің зейнетін көру үшін ЖЗҚ-ны қалай таңдаған дұрыс? «Жас Алаш», 19 сәуір 2011 жыл. № 30 (15592); ЖЗҚ-дан жеңілдіктерді зейнетке шықпай жатып та алуға болады. «Астана ақшамы», 11 тамыз 2011 жыл. № 90 (2700).

**ЖИН (ИИН)** – *жеке идентификациялық нөмір (индивидуальный идентификационный номер)*. Оның орнын ЖИН (ИИН) – жеке идентификациялық нөмір басады. «Алматы ақшамы», 4 ақпан 2010 жыл. № 14 (4259); БИН-ді заңды тұлғалар алатын болса, жеке тұлғалар үшін ЖИН жарамды. «Айқын», 9 ақпан 2010 жыл. № 21 (1445); Бір «ЖИН» алуға көп күн кетеді. «Айқын», 7 мамыр 2010 жыл. № 79 (1503).

**ЖИТС (СПИД)** – *жұқтырылған имун тапшылығы син-*

*дромы*. ...ЖИТС-тың (СПИД) алдын алу және оған қарсы емдеу орталығына келіңіз. «Астана ақшамы», 23 тамыз 2011 жыл. № 95 (2705); АИТВ инфекциясын жұқтырғандарға және ЖИТС-пен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету. «Егемен Қазақстан», 29 қыркүйек 2009 жыл. № 315-318 (25715).

**ЖКО (ДТП)** – *жол-көлік оқиғасы*. Сол сияқты қозғалыс жиілігі жоғары, балабақшалар мен мектеп маңайындағы және ЖКО жиі орын алатын жерлер әбден анықталды. «Егемен Қазақстан», 18 қараша 2008 жыл. № 348-349(25319); Бұл орайда өркениетті елдер ЖКО бола қалған жағдайда адамның опат болмауын о баста ойластырап қойғаны белгілі. «Егемен Қазақстан», 5 ақпан 2010 жыл. № 40-42 (25888).

**ЖҚКҚ** – *Жедел іс-қимыл күштік құрылымы*. Төртіншісі, ЖҚКҚ бөлімдері туралы келісім ҰҚШҰ-ға мүше барлық елдер ратификацияланған соң ғана күшіне енгенін жөн санайды. «Айқын», 6 маусым 2009 жыл. № 101 (1282).

**ЖҚС (АЗС)** – *жанармай құю стансасы (заправка)*. Неге мемлекеттің меншігіндегі ЖҚС-тарда жекеменшік ЖҚС-тардан жоғары? «Дала мен қала» 2 наурыз 2009 жыл. № 8 (287).

**ЖҚТБ (СПИД)** – *жұқтырған қорғаныс тапшылық белгілері (синдром приобретенного иммунодефицита)*. Дүниежүзілік денсаулық ұйымының мәліметі бойынша АИТВ/ЖҚТБ індетінің шоғырланған сатысында тұр. «Егемен Қазақстан», 17 қаңтар 2009 жыл. № 14-15 (25412); Дүниежүзілік жұқтырылған қорғаныш тапшылығының белгісімен (ЖҚТБ – СПИД) күресу күні аясында Әуезов ауданының барлық білім беру ошақтарында, халықтың денсаулығын қорғап, денсаулық жүйесін қолдау және салауатты өмір салтын қалыптастыру, насихаттау мақсатында түрлі іс-шаралар өткізілді. «Алматы ақшамы», № 149 (4240); Олардың ішінде ЖҚТБ-ға айналып үлгергендері – 843.

«Айқын», 28 шілде 2010 жыл. № 135 (1559); Бұл ұсыныстар аймақтағы алты елдің ЖҚТБ-дан қорғау, оның алдын алу мен емдеу бағытындағы саясаты мен түрлі заңнамаларын сараптай отырып жасалыпты. «Айқын», 22 қаңтар 2011 жыл. № 11-12 (1678-1679).

**ЖММК** – жоғары мамандандырылған медициналық көмек. Аталған аймақта ЖММК технологияларының және диагностиканың күрделі әдістерінің, мамандандырылған көмекпен емдеудің жоқтығы жағдайында, емделуші республикалық медициналық ұйымға келесі тәріппен бағытталады. «Алматы ақшамы», 4 қазан 2011 жыл. № 116 (4518).

**ЖМУ** – *Жетісу мемлекеттік университеті (толық атауы – I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті)*. ЖМУ магистрі – «XXI ғасыр оқытушысы». «Алаш айнасы», 13 сәуір 2013 жыл. № 61 (972).

**ЖОЛПОЛ** – *жол полициясы*. ЖОЛПОЛ ақша жымқырудың жаңа тәсілін тапқан ба? «Халық сөзі», 17 шілде 2012 ж. № 56 (200).

**ЖОО** (ВУЗ) – *жоғары оқу орны*. Біздің елімізде ЖОО бітірген жас мамандардың 80 пайызының жұмыссыз қалу қаупі бар. «Айқын», 19 шілде 2008 жыл. № 133 (1070). Украинаның ғылыми ботаниктер қоғамдастығының өкілі Ольга Ковпенко факультетінің мерейтойымен құттықтап, Украинаның бұрыннан келе жатқан ЖОО – Харьков ұлттық университетінің атынан ғылыми жұмыстарда табысқа жетуді тіледі. «Айқын», 16 мамыр 2009 жыл. № 86 (1267); ЖОО бітіргеннен соң қоғамға керекті, пайдалы болуы үшін қажет. «Айқын», 6 қазан 2010 жыл. № 184 (1608).

**ЖПБ** (УДП) – *жол полициясы басқармасы*. Аталған автокөліктің мемлекеттік саны сол күні ЖПБ жеке батальонының

штабына өткізілген. «Алматы ақшамы», 13 ақпан 2010 жыл. № 18 (4263); Демек, барлық жол-көлік оқиғаларында адам шығыны орын алған жоқ, – делінген ЖПБ таратқан мәлімдемеде. «Алматы ақшамы», 10 қараша 2011 жыл. № 131(4533).

**ЖРВЖ** – *жедел респираторлық вирусты жұқпасы*. Дегенмен, өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда, ЖРВЖ аурулары 5,9 пайызға азайған. «Алматы ақшамы», 14 қараша 2009 жыл. № 133 (4224).

**ЖРВИ** – *жімі респираторлы вирустық инфекция*. Ал қазан айынан бері республика көлемінде ЖРВИ-дің 24332 жағдайы тіркеліп үлгерді. «Алаш айнасы», 13 қазан 2010 жыл. № 176 (402); Тұмау мен ЖРВИ таралуының шарықтау шыңы әдеттегідей күз бен қыс айларына келеді. «Айқын», 20 қазан 2010 жыл. № 194 (1618).

**ЖРК** (ЛРТ) – *жеңіл рельсті көлік*. Бас жоспарға сәйкес ЖРК жобасы 59,3 шақырым қашықтықты қамтиды. «Айқын», 24 сәуір 2009 жыл. № 72 (1253).

**ЖСАЖ** – *Жинақталған салықтық ақпараттық жүйесі*. Тарату туралы салық төлеушілердің барлық өтініштері Жинақталған салықтық ақпараттық жүйесі (ЖСАЖ) электрондық базасына енгізіледі, олардан өтініштерді қарауға бақылау жүргізіледі. «Алматы ақшамы», 24 қараша 2009 жыл. № 137 (4228).

**ЖСБ** (ОВД) – *жалпы сыртқы борыш*. Осы факторлар бойынша мұндай ұзақ мерзімді болашаққа болжамдардың жоқ болуына байланысты ЖСБ-тың абсолюттік мөлшеріне баға беру мүмкін емес. «Айқын», 26 желтоқсан 2009 жыл. № 240 (1421); Қысқару динамикасын ескере отырып, банктік борыштың ЖСБ жалпы көрсеткішіне ықпал ету проблемасының, оған қызмет көрсету проблемасының толық шешілгенін айтуға болады. «Айқын», 29 желтоқсан 2010 жыл. № 241 (1665).

**ЖСДП** (ОСДП) – *Жалпыхалықтық социал-демократиялық*

*партия.* Егер алдыңғы Парламент сайлауының нәтижелеріне сүйенсек, оппозициялық ЖСДП 4,54 пайыз дауыс алып, екінші орынға шықса, «Ақ жол» партиясы 3,09 пайыз ғана дауыс жинаған. «Айқын», 13 қараша 2008 жыл. № 214 (1151); Амбиция – оппозицияның созылмалы дерті екенін оппозиция серкелерінің бірі, ЖСДП төрағасы Жармахан Тұяқбай да мойындады. «Айқын», 23 сәуір 2009 жыл. № 71 (1252); Яғни биліктік қарым-қатынаста жетекші рөл атқарып отырған «Нұр Отан» партиясынан басқа ресми тіркелген 9 саяси партия, «Айқын», 14 қаңтар 2011 жыл. № 6 (1673); ЖСДП мен Азаттың біріккенін ескерсек, онда 8 партия қызмет етуде. «Айқын», 2 ақпан 2010 жыл. № 16 (1440); ЖСДП лидерлері толып жатқан сандар мен фактілерді келтіре отырып, елге нақты өзгерістер керек екендігін айтты. «Егемен Қазақстан», 29 желтоқсан 2011 жыл. № 660-665 (27057).

**ЖСН (ИИН)** – *жеке сәйкестендіру нөмірі.* Паспортқа жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) және иесінің қолы жазылды. «Айқын», сәуір 2008 жыл. № 60 (1241); Қазіргі уақытта Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығымен ЖСН қолдануға өту дайындық жұмыстарына байланысты бірқатар іс-шаралар жүргізілуде. «Астана ақшамы», 9 тамыз 2011 жыл. № 89 (2699); ЖСН-іңіз бар ма? «Астана ақшамы», 8 қараша 2011 жыл. №128 (2738); Жаңа жылдан бастап ЖСН енгізіледі. «Алаш айнасы», 28 желтоқсан 2011 жыл. № 230 (682).

**ЖТА** – *жүрек-қан тамыр аурулары.* ЖТА қауіпті жүктілік кезінде ұрыққа әсер етуден бастап, сәбилік, жасөспірімдік және қартайған шақта жалғаса келе бүкіл өмір бойы жинақталады. ҚР агенттігінің деректеріне сәйкес жұмыс істейтін (16 – 62,5 жастағы) ер адамдардың өлу себептерінің құрылымында ЖТА алдыңғы қатарда тұр. «Алматы ақшамы», 20 қазан 2011 жыл. № 123 (4525).

**ЖТҚ (ИЖС)** – *жеке тұрғын-үй құрылысы.* 80 мыңнан астам адам ЖТҚ-ға арналған жер телімін алудың кезегінде тұр, ал бірақ Астана қаласының 2030 жылға дейінгі Бас жоспарындағы бөлініп берілуге тиесілі жер ауқымы сұраныстағыдан төрт есе аз. Оған қоса, ЖТҚ үшін берілген жер телімі басқа мақсаттарға пайдаланылса, Мемлекеттік жер қорына кері қайтарылып алынады, арендаторлар оған иелік ету құқығынан айырылады. «Астана ақшамы», 26 қаңтар 2012 жыл. № 10 (2771).

**ЖУРФАК** – *журналистика факультеті.* Журфактың Наурыз тойы. «Ана тілі», 21-27 сәуір 2011 жыл. № 16 (1061); Әлемнің журналист ғалымдары – журфакта. «Алаш айнасы», 7 желтоқсан 2011 жыл. № 217 (669); Журфакты тамамдап, диплом алуды күтіп жүрген кезіміз. «Қазақ әдебиеті», 9 желтоқсан 2011 жыл. № 49 (3265).

**ЖҮЕҚ** – *Жалпыұйлік есептеуіш құралы.* Бұл өңір ЖҮЕҚ орнату жоспары 67 пайыздан асырды. Мәселен, қазіргі кезде ЖҮЕҚ жылу беретін компаниялар өздері орнатып жатыр. «Айқын», 9 қазан 2011 жыл. № 189 (2100).

**ЖҮК** – *жеке үйлер командалары.* Сөйтіп, ПИК пен ЖҮК-тер арасындағы жарыста I орынды – Жетісу ауданы, II орынды – Әуезов ауданы, III орынды – Медеу ауданы иеленді. «Алматы ақшамы», 17 қазан 2009 жыл. № 121 (4212).

**ЖШБЖ** – *жеке шоттардың бірыңғай жүйесі.* Орталық депозитарий тіркеушілердің ЖШБЖ-де тіркеген операцияларын көрсету кезінде мәмілені тіркеуге негіз болатын бастапқы құжаттарға қол жеткізе алмайды. «Егемен Қазақстан», 21 желтоқсан 2011 жыл. № 641-644 (27036).

**ЖШС (ТОО)** – *жауапкершілігі шектеулі серіктестік.* «Ер сай каспиан Контрактор» ЖШС-ға Маңғыстау облысында жұмыс істеу үшін мына мамандар қажет. «Егемен Қазақстан», 2 шілде 2008 жыл. № 198-199 (25170); Сондай-ақ Жаңақала



ауданындағы Бірлік асыл тұқымды мал зауыты ЖШС-нің директоры Қанат Ешімов пен Бөкей ордасы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сахтар Хайруллин мал азығын дайындау жылдан-жылға қиындап бара жатқанын айтты. «Егемен Қазақстан», 4 ақпан 2009 жыл. № 45-48 (25445); Олар «А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС базасында құрылған «Шортанды», «Қостанай ауыл шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС базасында құрылған «Қостанай», «Қазақ жер өңдеу және өсімдіктану ҒЗИ» ЖШС базасында құрылған «Үшқоңыр», «Оңтүстік-Батыс мал және өсімдік шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС базасында құрылған «Тассай» және «Қазақ балық шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС-ның Балқаш филиалы базасында құрылған «Балқаш» білімдерді тарату орталықтары. «Егемен Қазақстан», 15 қазан 2010 жыл. № 424-426 (26269);

**ЖІӨ (ВВП)** – жалпы ішкі өнім Елдегі ЖІӨ-нің 20 пайызын алматылық кәсіпкерлер береді; Қазір бұл елдер ЖІӨ көлемінен бірінші алпауыт үш елдің қатарына қосылып отыр. «Айқын», 12 тамыз 2008 жыл. № 149 (1086); ЖІӨ 200 миллиард долларға жете ме? «Жас Алаш», 7 қыркүйек 2010 жыл. № 71 (15529).

**ЖЭК** – Жаңартылған энергия көздері. Заң жобасына жаңартылған энергия көздерін (ЖЭК) пайдалану, оларды салу барысындағы жеңілдіктер мен қолдаулар, олар шығарған энергияны кепілдікті сатып алу мәселелері, т.б. көзделген екен. «Егемен Қазақстан», 5 маусым 2009 жыл. № 195-196 (25593).

**ЖЭО (ТЭЦ)** – жылу-энергетикалық орталығы. ЖЭО қуаты отыз пайызға өсті және ішкі қайнар көздерден электр энергияны сатып алу мөлшері төмендеді. «Астана ақшамы», 14 тамыз 2008 жыл. № 96 (2260); Сондықтан ЖЭО құрылыстарының қажеттілігі алға жылжыған уақытпен бірге өткірлене түсуде. «Айқын», 11 ақпан 2009 жыл. № 22(1203); Жөндеуден өткен

2-ЖЭО жылу қуатын көбейтті. «Алматы ақшамы», 19 қазан 2010 жыл. № 128 (4373); Барлық ЖЭО-да көмір мөлшері 15 күнге жетерлік болу керектігін қадап айтты. «Айқын», 14 қаңтар 2011 жыл. № 6 (1673).

**ЖЭС (ТЭС)** – жылу электр стансасы. Балқаш ЖЭС-нің жайы талқыланды. «Айқын», 11 шілде 2008 жыл. № 127(1064); Сол-ақ екен қоғамдық ұйымдар, диаспора жетекшілері, жеке-леген депутаттар бiшкектегі тозығы жеткен, күрделі жөндеуді қажет ететін ЖЭС-ты (ТЭЦ) жекеменшікке, оның ішінде Машкевичке беру жайындағы ұсынысанын қарша боратты. «Жас Алаш», 30 қыркүйек 2008 жыл. № 78 (15328); Сенат Балқаш ЖЭС-ін бақылауға алады. «Айқын», 29 наурыз 2013 жыл. № 54(2209).

### 3

**ЗҚҚ (ПРО)** – зымыранға қарсы қорғаныс. Румынияда ЗҚҚ орнығады. «Егемен Қазақстан», 9 ақпан 2010 жыл. № 46-47 (25893); Қандай да бір шабуылдан, ең алдымен, лаңкестік шабуылдан қорғаныс мақсатында НАТО елдері зымыранға қарсы қорғаныс (ЗҚҚ) шараларын жүргізсе, оны Мәскеу өзіне қарсы әрекет деп бағалады. «Егемен Қазақстан», 26 қараша 2010 жыл. № 502-503 (26346).

**ЗТҚ** – ..... Мәдениет және ақпарат министрлігінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша «Қазақстанның Азаматтық альянсы» ЗТҚ мен Ақпараттық халықаралық академия «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асыру механизмдері» атты дөңгелек үстел өткізіп, онда әлеуметтік тапсырыс тетігін жетілдіру мәселесін кеңінен талқыға салды. «Егемен Қазақстан», 5 қыркүйек 2008 жыл. № 273-274 (25244).

**ЗТМО** – Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық.

Мұндай жағдайда алушылар ЗТМО бөлімшелерін, қызмет көрсететін банкті және басын куәландыратын құжаттардағы өзгерістер туралы хабарламайды. Құжаттарды алушының тегінде, атында, әкесінің атында, туған күнінде ЗТМО мәліметтері және жеке басын куәландыратын құжаттарда ТӘЖ арасында айырмашылықтар болған жағдайда, онда 2012 жылы алушының банк шотына зейнетақы, базалық зейнетақы төлемінің сомасын есепке қосуда қиындықтар пайда болады. «Астана ақшамы», 9 тамыз 2011 жыл. № 89 (2699); Сонымен қатар, жеке басын куәландыратын құжаттарда өзгертулер болғандығы туралы өздеріне қызмет көрсететін банк, ЗТМО бөлімшелеріне алушылар хабарламайды. «Алматы ақшамы», 22 желтоқсан 2011 жыл. № 155 (4557).

## И

**ИДБ (ИБР)** – *Ислам даму банкі*. Бұған ИДБ 170 млн АҚШ долларын бөледі деп жоспарлауда. «Айқын», 16 ақпан 2010 жыл. № 26 (1450); Сонымен бірге, Қазақстан ИДБ-ның құрылымдық бөлімшесінің мүшесі болып табылады. Бүгінде еліміз ИДБ аясында өзге де ислам қаржы ұйымдарымен ынтымақтастық орнатуды қолға алуда. «Егемен Қазақстан», 16 наурыз 2011 жыл. № 90-93 (26495).

**ИДО (ИДЦ)** – *Интернет Дата Орталығы*. 2009-2010 жылдар ішінде, ИДО республикамыздың барлық облыс орталықтарында ашылатын болады. «Егемен Қазақстан», 31 желтоқсан 2008 жыл. № 420-421(25390); Интернет Дата орталығы (ИДО) Қызылорда облыстық телекоммуникациялар дирекциясының бас ғимаратында қоныс тепкен. «Егемен Қазақстан», 13 қаңтар 2010 жыл. № 8-9 (25855).

**ИЖТМ (МИНТ)** – *Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі*.

**ИКАО** – *Халықаралық азаматтық авиация ұйымы*. Қазақстан 1992 жылдан бері ИКАО-ның мүшесі және осы халықаралық ұйымның стандарттары мен ұсыныстарын ұстану бойынша барлық шараларды іске асыруда. «Егемен Қазақстан», 18 желтоқсан 2011жыл. № 640 (27032).

**ИКҰ (ОИК)** – *Ислам конференциясы ұйымы*. ИКҰ-ның Бас хатшылығы осы жағымды жаңалықты басқа мүше елдерге таратып, үлгі алуға шақырды. «Айқын», 11 шілде 2008 жыл. № 127(1064); Сонымен қатар, әлемдік қоғамдастық Қазақстанды 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға, 2011 жылы ИКҰ-ға төрағалық етуге сенім білдірді. «Егемен Қазақстан», 21 сәуір 2009 жыл. № 141-142 (25539); ИКҰ-ның тұрақты өкілдігі ашылды. «Егемен Қазақстан», 2 сәуір 2010 жыл. № 117-119 (25965).

**ИИР (ИИР)** – *Иран Ислам Республикасы*. Бұл мәселе биылғы сәуір айының басына жоспарланып отырған ҚР Президенті мен ИИР Президентінің кездесуінде жан-жақты талқыланады. «Егемен Қазақстан», 12 наурыз 2009 жыл. № 97 (25494).

**ИБҰ** – *Ислам ынтымақтастығы ұйымы*. Сондықтан біз ИБҰ төрағасы ретінде осы мәселелерді шешуде салмақты әрі негізді әдістер ұсынуымыз керек. «Айқын», 12 шілде 2011 жыл. № 125 (1792); ИБҰ төрағалығы: міндеттер мен мүмкіндіктер. «Егемен Қазақстан», 28 шілде 2011 жыл. № 329-332 (26726); ИБҰ министрлері Стамбұлда Сомали мәселесін талқылайды. «Алаш айнасы», 17 тамыз 2011 жыл. № 144 (596).

## К

**КАЫМ** – *Кикілжіңдердің алдын алу және оған ықпал ету жөніндегі механизм*. ЕҚЫҰ-ның Іс басындағы төрағасы КАЫМ аясында жер-жердегі тиісті құрылымдар арасындағы тікелей жұмыс байланыстарын жүргізу ӘБЖ маңына жақын

жатқан аудандардағы жағдайды тұрақтандыруға қол жеткізуге мүмкіндік бері, бірте-бірте тұрғындардың тіршілігін қалпына келтіру үшін жағдай туғызатыныны көлденең тартты. «Егемен Қазақстан», 29 қазан 2010 жыл. № 447-449 (26292).

**КБД** – *Кедендік бақылау департаменті*. Алматы қаласы бойынша КБД-де жек құрамы арасында мемлекеттік тіл кеңінен қолданылып, құжат айналымының қазақ тілінде жүргізілуі үшін оған бірқатар іс-шаралар атқарылып келеді. «Алматы ақшамы», 5 қараша 2011 жыл. № 130 (4532).

**КБК (КТК)** – *Кедендік бақылау комитеті*. (ҚР Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті). Соның бір дәлелі, жақында құрылған КБК жедел басқару орталығы. «Егемен Қазақстан», 24 ақпан 2009 жыл. № 72-73 (25470).

**КЕҢШАР** – *совхоз*. Алатау кеңшарының тұрғынымыз. «Жас Алаш», 29 қаңтар 2009 жыл. № 9 (15363).

**КЖП** – *Курд жұмысшы партиясы*. КЖП түрік армиясымен бітімге келмек. Айта кету керек, КЖП 1979 жылы құрылған. «Егемен Қазақстан», 20 наурыз 2013 жыл. № 90 (28029).

**КҚК** – *Каспий құбыры консорциумы*. КҚК мүмкіндігі (*мақала тақырыбы*).

«Нұр Астана», 15-12 мамыр. № 20(233).

**КҚТҮ** – *көп қабатты тұрғын үйлер*. Тұрғындар арасында жүргізілетін жөндеудің сметалық құнының адалдығына күмән тууына әкелетін КҚТҮ басқару органдары мен жергілікті басқару органдарының тұрғын үй инспекцияларының шалалықтар. «Алматы ақшамы», 10 қараша 2011 жыл. № 131(4533).

**КМЖЗҰИ** – *Кәсіпкерлік мәселелерін жүйелі зерттеудің ұлттық институты*. КМЖЗҰИ-дің бағалауынша, мұндай көрсөкыр шаралар шағын бизнес нысандарының қатарын кем дегенде 20-25 пайызға кемітіп, көптеген жұмыс орындарының қысқаруына алып келуі мүмкін. «Ана тілі», наурыздың 5-і, 2009 жыл. № 9 (950).

**КМК** – *коммуналдық-мемлекеттік кәсіпорындар*. Ал КМК-лар жергілікті маңызы бар су нысандарын жұмыс қалпында ұстаумен, жөндеумен және шаруаларға су жеткізіпе берумен айналысар еді. «Айқын», 21 мамыр 2010 жыл. № 88 (1512).

**КО (ТС)** – *Кеден Одағы*. Қазақстанның экономикалық мүдделерін әзірлеу және жылжыту әрі КО мен БЭЖ шеңберінде ашылатын жаңа мүмкіндіктерді пайдалану мақсатында бизнес қоғамдастықпен белсенді бірлескен жұмыс жалғастыырды. «Айқын», 16 наурыз 2011 жыл. № 47(1714); КО тұрғанда қымбатшылықтың көкесін әлі көреміз. «Жас Алаш», 19 наурыз 2010 жыл. №22(15792); КО – кері кетіретін одақ. «Жас Алаш», 21 мамыр 2013 жыл. №39(15809).

**КОК** – *Кедендік одақ комиссиясы*. Қазақстан үшін КОК шешімінің міндеттік сипатқа ие екендігі туралы он қорытындыларын берді. «Егемен Қазақстан», 13 ақпан 2010 жыл. № 54-56 (25902).

**КОКП (КПСС)** – *Кеңес Одағы Коммунистік Партиясы*. Алматы қаласында марксизм-ленинизмнің және КОКП саясатының насихатшысы болуы да сол жылдардың еншісінде. «Егемен Қазақстан», 25 ақпан 2009 жыл. № 74-77 (25474).

**КО СЭЖ ТН** – *Кеден одағы сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы*. Бірыңғай кедендік тариф – бірыңғай кедендік аумаққа үшінші елдерден әкелінетін тауарларға қолданылатын, кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай кедендік номенклатурасының (КО СЭЖ ТН) сәйкес жүйеленген кедендік баж ставкаларының жиынтығы. «Егемен Қазақстан», 29 желтоқсан 2009 жыл.

**КСРО (СССР)** – *Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы*. Әнуар Сқақұлы «КСРО Ішкі істер министрлігінің еңбек сіңірген қызметкері», «Милиция үздігі» атағын алды

және КСРО Ішкі істер министрлігі мен Қазақ КСР Ішкі істер министрлігінің құрмет құрмет грамоталарымен марапатталды. «Егемен Қазақстан», 15 шілде 2008 жыл. № 213-214 (25185); Сонымен, фестивальдің алғашқы сыйлы қонағы – КСРО халық әртісі Бибігүл Төлегенова. «Айқын», 23 шілде 2008 жыл. № 135 (1072); КСРО – ең күшті бактериологиялық қаруды қолданған держава. «Қазақстан-Zaman», 11 ақпан 2010 жыл. № 06 (778); КСРО үшін болған соңғы қантөгіс. «Айқын», 11 тамыз 2011 жыл. № 147 (1814).

**КТ** – компьютерлік томография. Алғашқы кезеңдерде обырды (рак), әрине, білікті дәрігерлердің және қажетті бағдарламалық қамсыздандырудың көмегімен, УДЗ (ультра дыбысты зерттеу), рентген, КТ (компьютерлік томография) және МРТ (магнитті резонансты томография) арқылы оңай анықтауға болады (Айнаш Есали). «Егемен Қазақстан», 15 ақпан 2012 жыл. № 61 (27133).

**КТК (КНПК)** – Каспий тұрба-құбыр консорциумы. Қазақстанның КТК-дағы квотасы жылына қазіргі 27 млн 52, 5 млн тоннаға дейін ұлғаяды. «Айқын», 6 қазан 2010 жыл. № 184 (1608).

**КТҚС** – Каспий теңізінің қазақстандық секторы. Атырау қаласы, Ақтау қаласы, Маңғыстау облысының Түпқараған ауданындағы Құрық кенті КТҚС игерудің мемлекеттік бағдарламасына сәйкес жағалаулық инфрақұрылымды қалыптастырудың төрт негізгі пункті болып анықталды. «Егемен Қазақстан», 3 қараша 2010 жыл. № 456 (26299).

**КТС** – корпоративтік табыс салығы. Ал КТС бойынша аванстық төлемдерді алып тастау, шағын және орта бизнеске айтарлықтай жеңілдік жасамақ. «Нұр Астана», 28 тамыз 2008 жыл. № 35 (248).

**КХДР (КНДР)** – Корей Халық-Демократиялық Республи-

касы. Кездесу барысында Қазақстан мен КХДР арасындағы екіжақты қарым-қатынастар, оның ішінде парламентаралық ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланды. «Егемен Қазақстан», 25 шілде 2008 жыл. № 355-356 (25326); КХДР – Нирегя «G» тобы. «Айқын», 6 тамыз 2008 жыл. № 145 (1082); КХДР-да өткен жылдың аяғында ақша реформасы жүргізілген болатын. «Егемен Қазақстан», 17 ақпан 2010 жыл. № 59-60 (25906); Жұрт бұған жауап ретінде КХДР қандай әрекетке барады деп мазасызданып отыр. «Егемен Қазақстан», 27 шілде 2010 жыл. № 301-303 (26147); (Рейтер ақпарат агенттігінің таратқан ақпараттары бойынша, КХДР басшысы 17 желтоқсанда жүрек таламсынан қайтыс болған. «Егемен Қазақстан», 22 желтоқсан 2011 жыл. № 645-646.

## Қ

**ҚАБА** – Қазақстандық автокөлік бизнесі Ассоциациясы. Сатылған көліктердің басым бөлігі Қазақстанда құрастырылған машиналарға тиесілі, – деді ҚАБА президенті Арсений Сидоров. ҚАБА мәлімдегендей, 2010 жыл отандық автоқұрастырушы өндірістердің пайда болуымен ерекшеленеді. «Егемен Қазақстан», 4 ақпан 2011 жыл. № 36-37 (26439).

**ҚАЖ (УИС)** – Қылмыстық атқару жүйесі. Негізгі алты бағыттан тұратын жоспарда заңдарды жетілдіру, ҚАЖ қызметінің сапасын арттыру, сот-сараптама жұмысын жетілдіру, зияткерлік меншік құқығы мен әділет органдары тарапынан жасалатын қызметтерді жақсарту мәселесі қамтылған. «Заң газеті», 18 ақпан 2011 жыл. № 24 (1840).

**ҚАЖК** – Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті. Гүлжәмила Ноқрабекова, Жамбыл облысы бойынша ҚАЖК басқармасы әділет аға лейтенанты. «Ана тілі», 4-10 маусым 2009 жыл.

№ 21(962); ҚАЖК – сот шешімімен бас бостандығынан айырылғандардың жазасын өтеуді қамтамасыз ететін құрылым. «Алаш айнасы», 4 тамыз 2011 жыл. № 135 (587). ..

**«ҚазАгроИнновация» АҚ** – «Қазақ аграрлық инновация» Акционерлік қоғамы. «ҚазАгроИнновация» АҚ құрылды. «Айқын», 22 шілде 2008 жыл. № 134 (1071).

**«ҚазАгроҚаржы» АҚ** – «Қазақ аграрлық қаржы» акционерлік қоғамы. Сондықтан біз осы салаға бейімделген «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ сияқты құрылымдар арқылы жұмыс істеп келеміз. «Айқын», 22 шілде 2008 жыл. № 134 (1071); «ҚазАгроҚаржы» – ауылды нақты қолдау. «Егемен Қазақстан», 5 желтоқсан 2012 жыл. № 799-801(27872).

**ҚазАҚ (КазОА)** – Қазақстан Авторлар қоғамы. Қазақ «ҚазАҚ»-ты біле ме екен? «Айқын», 13 қараша 2009 жыл. № 213 (1394); Соның арқасында қөзіміз ҚазАҚ мүшелерінің саны 1600-ге таяды. «Айқын», 26 тамыз 2011 жыл. № 158 (1825).

**ҚазАқпарат (КазИнформ)** – Казахское информационное агентство. ҚазАқпараттың хабарлауынша, кеңесте Үкімет басшысы шілденің 14-індегі селекторлық кеңесте берген тапсырмасының орындалуы туралы Энергетика және минералдық ресурстар министрі мен Ауыл шаруашылығы министрінің есебін тыңдады. «Айқын», 19 шілде 2008 жыл. № 133 (1070).

**«Қазақтелеком» АҚ** – АО «Казахтелеком». Өткен жылдың ақпанында ғана “Қазақтелеком” АҚ қаладағы тарифтерін 18 пайызға, ауылда 30 пайызға көтерді емес пе?” – деді Тінекеев. “Жас Алаш”, 3 мамыр, 2012 жыл. № 34 (15700).

**«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК** – «Қазақ атом өнеркәсібі» Ұлттық атом компаниясы. «Қазатомөнеркәсіп» тікелей интеграцияланған трансұлттық компания қалыптастыруды

аяқтады. «Айқын», 23 шілде 2008 жыл. № 135 (1072); «Қазатомөнеркәсіп» балабақша салады. «Егемен Қазақстан», 18 қараша 2009 жыл. № 379-380 (25777).

**Қаз АУ (КазАУ)** – Қазақ аграрлық университеті. «Егемен Қазақстан», 16 қыркүйек 2008 жыл. № 109 (2273).

**Қаз АТУ (КазАТУ)** – Қазақ агро-техникалық университеті. «Егемен Қазақстан», 16 қыркүйек 2008 жыл. № 109 (2273).

**ҚАЗБАТ (КАЗБАТ)** – Қазақ батальоны. ҚАЗБАТ-тың келесі жорығы Грузия ма? «Айқын», 27 қыркүйек 2008 жыл. № 182 (1119).

**ҚазБСҚА (КазГАСА)** – Қазақ Бас сәулет-құрылыс академиясы. 27 маусым 2009 жылы ҚазБСҚА (КазГАСА) ғимаратында ПНГ және ТГВ – 74 түлектерінің жоғары оқу орнын бітіруіне арналған 30 жылдық кездесу кеші өтеді. «Жас Алаш», 15 мамыр 2009 жыл. № 39 (15393); Бүгінгі күні ҚазБСҚА студенттерінде толық компьютерлік техникамен жабдықталған екі тәжірибелік аудитория бар. «Егемен Қазақстан», 11 мамыр 2011 жыл. № 190-193 (26595).

**ҚазБШҒЗИ (КазНИИРХ)** – Қазақ Балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты. Сондықтан Ауыл шаруашылығы министрлігінің комитеттері мен зертханалары, «Қазагроинновацияның» ҚазБШҒЗИ ЖШС ғалымдар түзген зерттеулер мен болжамдар негізінде уақыт оздырмай нақты тұжырымдар жасап, жергілікті кәсіпкерлер, жеке қожалықтар бірлесе атақаратын бағдарлама жасауға, соны заң тұрғысынан бекітуге ықпал етуі керек. «Егемен Қазақстан», 25 ақпан 2009 жыл. № 74-77 (25474).

**ҚазГерМұнай** – КазГерНефть. «ҚазГерМұнай» – Қызылорданың жылуы мен жарығы. «Жас Алаш», 29 қазан 2008 жыл. № 86 (15336).

**ҚазГЗУ (КазГЮУ)** – Қазақ Гуманитарлық Заң университеті.

Мәселенің мәнісін көпшілікке нақты түсіндіру мақсатымен кеше Астанада баспасөз мәслихатын өткізген ҚазГЗУ-дің басшылығы өкілдерінің айтуынша, үшбу ЖОО-ның жабылды деп үзілді-кесілді айту қате. «Айқын», 21 тамыз 2008 жыл. № 156 (1093); Шара барысында ҚазГЗУ-дағы тәртіп бұзушылық бойынша студенттердің ісін қарайтын және олар туралы әділ шешім шығаратын, университеттің ғылыми кеңесінің мүшесі ретінде студенттердің мүддесін қорғап қатысатын ҚазГЗУ Фемидасының таңдау байқауы өтеді. «Жас қазақ», 29 қазан 2010 жыл. № 42 (302).

**ҚазҒарыш** – *Қазақ ғарыш агентігі*. Ол өткен жылғы жұмыстардың ҚазҒарыш агенттігінің Стратегиялық жоспарының екі негізгі бағыты, яғни «Ғарыш инфрақұрылымын құру және дамыту», екіншісі, «Ғарыш қызметінің ғылыми және ғылыми-техникалық базасын дамыту» бойынша жүргізілгенін және олардың алдағы уақытта жалғаса беретінін айтты. «Егемен Қазақстан», 14 ақпан 2013 жыл.

**Қаз ККА** – *Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы*. (толық атауы – М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы). Кездесуге Абай атындағы Қаз ҰПУ, Тұран, М.Тынышбаев атындағы ҚазККА, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институты, Каспий университеті, ҚазҰТУ, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, ҚазҰАУ, Алматы энергетика және байланыс институты, жекеменшік университеттердің басшылары қатысты. «Айқын», 19 қараша 2010 жыл. № 215 (1639).

**ҚАЗКОМ (КАЗКОМ)** – *Қазақ коммерциялық банкі*. Көркем және эмоцияға толы жарнама роликтерімен бірге баспасөзде және көшелердегі жарнамаларда ҚАЗКОМ-ның жаңа имидждік суреттері жариялана бастады. «Айқын», 9 қазан 2008 жыл. № 190 (1127); ҚАЗКОМ-ның басқарушы директоры Бауыржан

Қуатовтың ПД және банктің қауіпсіздік қызметінің бірлескен жұмысына жоғары баға берді. «Айқын», 7-13 мамыр 2009 жыл. № 18 (959); Тамаша қызметі үшін ҚАЗКОМ-ға рахмет. «Егемен Қазақстан», 12 маусым 2010 жыл. № 231-232 (26076).

**ҚазҚҰК** – *Қазақ Ұлттық консерваториясы (толық атауы – Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясы)*. Байқауда музыка теориясы мамандығы бойынша Астана қаласындағы Қаз ҰӨУ профессоры, өнертану ғылымының кандидаты С.Елеманова және ән салу мамандығы бойынша Құрманғазы атындағы ҚҰК профессоры Ғ.Есімов бастаған қазылар алқасы төрелік етті. «Айқын», 19 сәуір 2011 жыл. № 68 (1735).

**ҚазМАТУ (КазГАТУ)** – *Қазақ мемлекеттік агротехникалық университеті*.

**ҚазМҚПУ** – *Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті*. Осы байқауда ҚазМҚПУ-дің № 2 жатақханасындағы 10-шы бөлме «Ең үздік бөлме» атағын жеңіп алды. «Егемен Қазақстан», 29 қыркүйек 2009 жыл. № 315-318 (25715).

**ҚазММУ (КГМУ)** – *Қазақ мемлекеттік медицина университеті. (Казахский государственный медицинский университет)*. Ардақ Байбарақызы, С.Асфандияров атындағы ҚазММУ тағамтану кафедрасының аға оқытушысы, медицина ғылымдарының кандидаты. «Айқын», 18 қараша 2009 жыл. № 216 (1397).

**ҚазХҚжӘТУ//ҚазМХҚӘТУ (КазГУМОиМЯ)** – *Қазақ Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті*. Франция, Италия, Словакия, елшіліктері мен халықаралық ұйымдардың өкілдері, белгілі саясаттанушылар, ҚазХҚжӘТУ профессор-оқытушылары мен студенттері қатысқан алқалы жиынды аталған оқу орнының ректоры Сәлима Құнанбаева

ашып, мәслихаттың басты мақсаты Астана Саммитін қолдау екенін жеткізді. «Егемен Қазақстан», 27 қараша 2010 жыл. № 504 (26347).

**«ҚазМұнайГаз» АҚ** – «Қазақ мұнай-газ» Акционерлік қоғамы (АО «КазМунайГаз»). Адам ресурстарын тиімді басқару – «ҚазМұнайГаз» компаниясының басты ұстанымы. «Айқын», 8 қараша 2008 жыл. № 21 (1148).

**«ҚазМұнайТеңіз» АҚ** – «Қазақ мұнай-теңіз» акционерлік қоғамы.

**ҚАЗМЫРЫШ** (Казцинк) – Қазмырыш – халық қамқоры. «Егемен Қазақстан», 13 қазан 2010 жыл. № 422-423 (26266).

**ҚазНет** (КазНет) – *Қазақ интернеті*. ҚазНет: жаңа даму жолы. «Егемен Қазақстан», 31 желтоқсан 2008 жыл. № 420-421(25390).

**ҚазNet** – *Қазақ интернеті*. ҚазNet, киберқауіпсіздік және адам құқы. «Айқын», 4 ақпан 2010 жыл. № 18 (1442).

**ҚазОРҒИИ** – *Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты*. Ол орталық ҚазОРҒИИ-дің негізінде құрылып, олардың жұмысын үйлестіріп, басшылық жасайды. «Егемен Қазақстан», 18 қараша 2010 жыл. № 492 (26335).

**ҚАЗПОШТА** – *казпочта*. «Қазпоштаның» Бас кассасын тонап кетті. «Айқын», 3 қазан 2008 жыл. № 186 (1123).

**ҚазТАГ** (КазТАГ) – *Қазақ телеграф агенттігі*. Біз бұрынғы ҚазТАГ-тың дәстүрін сақтаймыз және халықаралық ақпарат агенттіктерінің де тәжірибесін пайдаланамыз. «Жас Алаш» (МБМ), 9 қыркүйек 2008 жыл. № 72 (15322).

**ҚазТБУ** – *Қазақ технология және бизнес университеті*. Бұл жолғы ҚазТБУ мейманы – астаналық Құрмантай Айтжанов. «Нұр Астана», 10 мамыр 2012 жыл. № 19 (440).

**«Қазтелерадио» АҚ** – «Қазақ теледидар радио» Акционерлік қоғамы. «Қазтелерадио» АҚ-тың 2008 жылғы телерадиоха-

барларын тарату құралдарын толық өшіре отырып, металл тіреулерді (мұнара мен дінгектерді) бояу кестесі. «Егемен Қазақстан», 22 шілде 2008 жыл. № 220-221 (25192).

**«Қазтеміртранс»** – *Казтеміртранс*. «Қазтеміртранс» еуразиялық көлік жүйесінің негізгі элементі болады. «Егемен Қазақстан», 21 қазан 2008 жыл. № 319-320 (25290).

**«ҚазТрансГаз» АҚ** – АО «КазТрансГаз». «ҚазТрансГаз» рейтингі жоғары. «Нұр Астана». 17 шілде 2008 жыл. № 29 (242). «ҚазТрансГаз» таланттарға қолдау көрсетті. «Нұр Астана», 31 шілде 2008 жыл. № 31 (244).

**«ҚазТрансОйл»** – АО «КазТрансОйл». «ҚазТрансОйл» АҚ-та жоғары білікті мамандар жұмыс істейді. «Егемен Қазақстан», 5 қыркүйек 2008 жыл. № 273-274 (25244).

**Қаз ҰАУ** (Каз НАУ) – *Қазақ ұлттық аграрлық университеті*. Тындырылған іс нәтижесіне ризашылығын білдірген «Филипп Моррис Қазақстан» компаниясы ескерткіш-сыйлық ретінде ҚазҰАУ-ге республикадағы алғашқы ашылған электрондық кітапхананы салып берді. «Егемен Қазақстан», 24 қыркүйек 2008 жыл. № 109 (2273); ҚазҰАУ-де ректор Лоо Цжи Цзянг болып қайтты. «Алматы ақшамы», 9 мамыр 2009 жыл. №54-55 (4146); Алдымен жиналған қонақтар ҚазҰАУ аумағында орналасқан қазақ-жапон инновациялық орталығымен танысты. «Алматы ақшамы», 23 қазан 2010 жыл. № 130 (4375).

**ҚазҰЖҒА** – *Қазақ ұлттық жаратылстану ғылымдары академиясы*. Маңдайашадағы жазу (Астана).

**ҚазҰМУ** (КазНМУ) – *С.Асфендияров атындағы Ұлттық медицина университеті*.

**ҚазҰӨУ** – *Қазақ ұлттық өнер академиясы*. Тойжан Егінбаева, музыкатанушы, өнертану ғылымдарының кандидаты, ҚазҰӨУ-нің профессоры. «Егемен Қазақстан», 8 қазан 2010 жыл. № 414-415 (26258); Байқауда музыка теориясы

мамандығы бойынша Астана қаласындағы Қаз ҰӨУ профессоры, өнертану ғылымының кандидаты С.Елеманова және ән салу мамандығы бойынша Құрманғазы атындағы ҚҰК профессоры Ғ.Есімов бастаған қазылар алқасы төрелік етті. «Айқын», 19 сәуір 2011 жыл. № 68 (1735); Бір сөзбен айтқанда, есептік концертке қатысқан ҚазҰӨУ-дің оқытушылары, аспиранттары мен студенттері өздерін жан-жақты қырынан танытты. «Егемен Қазақстан», 7 наурыз 2013 жыл. № 82 (28021).

**ҚазҰПУ** (*Каз НПУ*) – *Қазақ ұлттық педагогика университеті*. (Толық атауы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика университеті). Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Абай атындағы ҚазҰПУ жөнінде де сын айтылды. «Айқын», 29 шілде 2008 жыл. № 139 (1076).

**ҚазҰУ** (*КазГУ*) – *Қазақ Ұлттық университеті*. БАҚ басшылары ҚазҰУ-де бас қосты. «Қазақ әдебиеті», 20 маусым 2008 жыл. № 25 (3081).

**ҚазҰТУ** (*КазНТУ*) – *Қазақ Ұлттық техникалық университеті* (толық атауы – Қ.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық университеті). Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ екінші жоғары техникалық білім алу үшін жоғары кәсіби білімі бар тұлғаларды, орта кәсіби білімі бар азаматтарды негізгі мамандығы тектес мамандықтар бойынша жоғары кәсіби білім алуға шақырады. Қ.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық университеті мына кафедралардың профессорлық-оқытушылар құрамының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды. «Егемен Қазақстан», 30 шілде 2008 жыл. № 228-231 (25202).

**ҚазҰЭК** (*Каз НЭБ*) – *Қазақ ұлттық электрондық кітапханасы*. Сонымен қоса, министрлік «Электрондық мемлекеттік кітапханалық қор – ҚазҰЭК» ([www.kazneb.kz](http://www.kazneb.kz)). Жобасын жүзеге асыруда. «Айқын», 21 ақпан 2009 жыл.

№ 30 (1211); Сондықтан әлеуметтік маңызды басылымдар бағдарламасы бойынша, шығарылған барлық кітаптарды ҚазҰЭК-ке енгізу шарт. «Айқын», 28 қыркүйек 2012 жыл. № 182 (2093).

**ҚазЭУ** (*КазЭУ*) – *Қазақ Экономика университеті*. Әли Әбішев – Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ-дің ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор. «Егемен Қазақстан», 25 ақпан 2009 жыл. № 74-77 (25474).

**ҚАКЖ** – *Қылмыстық-атқару комитеті жүйесі// Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті*. ҚАКЖ мекемелері ғимараттарының тым ескіріп, күрделі жөндеуден өтпегендеріне көп болғандығы жөнінде айтылып жатады. Біздің мәліметіміз бойынша, ҚАКЖ дәрігерлермен бар-жоғы 40 пайыз ғана қамтамасыз етілген. ҚАКЖ-ға бөлініп жатқан мемлекеттік бюджет көлемі жеткілікті ме? «Алаш айнасы», 26 қазан 2011 жыл. № 190 (642).

**ҚАКЖ** – *Қалалық ақпараттық кітапхана жүйесі*. Интернетте, жекелеген ресми басылымдарда қолданылып жүрген қысқарым.

**ҚАМ** – *Қызылқия, Арысқұм, Майбұлақ*. Қызылқия, Арысқұм, Майбұлақ мұнай кеніштері қысқартылып, ҚАМ деп аталады екен. «Айқын», 9 маусым 2010 жыл. № 101 (1525).

**ҚАӨ** (*КАП*) – *Қазатомөнеркәсіп (Казатомпром)*. Олар: «Қазақстан темір жолы» (ҚТЖ), «Қазмұнайгаз» (ҚМГ), «Қазақтелеком» (ҚТК), «Қазатомөнеркәсіп» (ҚАӨ), «Эйр-Астана», Екібастұз ГРЭС-і өкілдері. «Қазақстан-Zaman», 30 қыркүйек 2010 жыл. № 39 (810).

**ҚарМУ** (*КарГУ*) – *Қарағанды мемлекеттік университеті*. Е.Букетов атындағы ҚарМУ-дың оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты Нұрсахан Бесембекова: – Әлекең ескерткішті Қарағанды қаласының орталығында, Лениннің



орнына немесе Құрылысшылар даңғылы бойына қою керек. «Айқын», 5 қараша 2010 жыл. № 206 (1630).

**ҚАРПОЛ** [*ФинПол*] – қаржы полициясы. Қарполда орынбасар ауысты. «Халық сөзі», 23 қазан 2012 жыл. № 84(228).

**ҚАТУ** – *С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті*. Осынау беделді басқосуда көптеген ғалымдар, соның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академиктері Сәбит Байзақов пен Эрвин Госсен С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ орман шаруашылығы ф«Егемен Қазақстан», 14 сәуір 2009 жыл. № 133-134 (25531).

**ҚАУ** (*КАУ*) – *Қазақ-америка университеті*. КАУ студенті жеңімпаздар қатарында. «Президент және Халық», 16 қаңтар 2009 жыл. № 02 (175).

**ҚАУЭЭП** – ..... Ал 2002 жылы Қызылорда қаласындағы ҚАУЭЭП-ті сырттай тәмамдап, заңгер мамандығын алып шықты. «Қазақстан-Заман», 30 қыркүйек 2010 жыл. № 39 (810).

**ҚӘЭАБИ** – *Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық ақпарат және болжау институты*. Бұл туралы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық ақпарат және болжау институтының (ҚӘЭАБИ) сайлауалды жасаған зерттеу қорытындысында көрсетілген. «Айқын», 11 наурыз 2011 жыл. № 44 (1711).

**ҚБ** (*ОО*) – *қоғамдық бірлестік*. «Көкбозат» ҚБ мемлекеттік және шетелдік тәжірибелерге сүйене отырып деструктивті діни ағымдардың әсеріне ұшырағандарға психологиялық және заңдық көмек көрсетуде. «Егемен Қазақстан», 14 мамыр 2011 жыл. № 196-199 (26601).

**ҚБТУ** (*КБТУ*) – *Қазақ-Британ техникалық университеті*. ҚБТУ түлектеріне диплом тексерілді. «Айқын», 6 маусым 2008 жыл. №103(1040); ҚБТУ өзінің технологиялық мүмкіндігін еселеді. «Айқын», 26 маусым 2008 жыл. № 117 (1054); Өйткені ҚБТУ-дың мақсаты – әлемдік рейтингтерге ену. «Айқын», 26

наурыз 2010 жыл. № 50 (1474); АВЕТ агенттігі ҚБТУ-ды мойындады. «Егемен Қазақстан», 17 тамыз 2011 жыл. № 375-376 (26770).

**ҚЕБА** – *Қазақстандағы Еуропа Бизнес-ассоциациясы*. ҚЕБА басқармасының директоры Бижан Фарамарзи Қ.Тоқаевты еуропалық аудиторияға таныстыра отырып, оның Қазақстанның Еуропалық Одақ елдерімен сындарлы ынтымақтастықты дамытуға қосқан зор үлесі туралы айтты. «Егемен Қазақстан», 14 наурыз 2009 жыл. № 100-101 (25498).

**ҚДБ** (*БРК*) – *Қазақстанның Даму Банкі*. Оған Ұлттық әл-ауқат қорының басқарма төрағасы Қайрат Келімбетов, ҚДБ басқарама төрағасының бірінші орынбасары Нұрлан Құсайынов және Еуропалық инвестициялық банктің президенті Филипп Мэйстадт қол қойды. «Алаш айнасы», 27 қазан 2010 жыл. № 186 (412).

**ҚДП** – *Қазақстанның демократиялық партиясы («Ақ жол»)*. Бүгінгі таңда «Ақ жол» ҚДП еліміздегі интеграциялық үдерістерге қолдау көрсетіп келеді. «Егемен Қазақстан», 29 желтоқсан 2011 жыл. № 660-665 (27057).

**ҚДТ** (*ДВК*) – *Қазақстанның демократиялық таңдауы*. Бұл азаматтар да ескі оппозицияның өкілдері секілді ҚДТ-ға бізден кейін кірді. «Жас Алаш», 26 наурыз 2009 жыл. № 25 (15379).

**ҚЖА** – *қан айналым жүйесі аурулары*. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтеріне сәйкес 2007 жылы ҚЖА-дан қайтыс болғандардың саны 81793 адамды құраған. «Егемен Қазақстан», 17 қаңтар 2009 жыл. № 14-15 (25412).

**ҚЖМ** – *Құқық жоғары мектебі*. Ұстазымыз жоғары оқу орнын тәмамдағаннан кейін бірден КСРО ІІМ ҚЖМ – де оқытушылық жұмысқа қалдырылып, онда 1982 мен 1984 жылдар аралығында криминология және еңбек-түзеу құқығы кафедрасының оқытушысы болып жұмыс істейді. «Егемен

Қазақстан», 8 қазан 2011 жыл. № 486-487 (26879).

**ҚЖО** – *Қазақстан Жазушылар одағы*. Жиналыс құжатын керек еткен кісі ҚЖО-ның мұрағатжайынан да таба алар, ал Олжастың Мұқағалиды жеп қоярдай кіжініп сөйлегеніне өзім куә болған ол жиналыстың қалай өткені Әбілмәжін Жұмабаевтың, Нұрмахан Оразбековтің естеліктерінде айтылыпты. «Қазақ әдебиеті», 15 сәуір 2011 жыл. № 14 (3230); Бұл көркем романды моңғол тілінен тікелей қазақшалаған ҚЖО-ның мүшесі, жазушы Абай Мауқара. «Қазақ әдебиеті», 22 шілде 2011 жыл. № 28-29 (3245).

**ҚЖО РҚБ** – *Қазақстан Жазушылар одағы Республикалық қоғамдық бірлестігі*. ҚЖО РҚБ-нің Құрметті төрағасы болып кем дегенде бір толық мерзімде басқарма төрағасы болған, ҚЖО РҚБ-нің дамуына және нығаюына елеулі үлес қосқан, ҚЖО РҚБ мүшелерінің көпшілігі арасында құрметке ие, жоғары іскерлік беделі және моральдық адамгершілік қасиеттері бар ҚЖО РҚБ-нің мүшесі сайлана алады. «Жас Алаш», 11 қараша 2010 жыл. № 90 (15548).

**ҚИДИ** – *Қазақстандық индустрияны дамыту институты*. Қазір ҚИДИ отандық кәсіпорындарды модернизациялауға арналған мамандарды даярлау тұжырымдамасын әзірлеуде. «Алаш айнасы», 22 шілде 2011 жыл. № 127 (579).

**ҚИК АҚ (АО КИК)** – *«Қазақстан ипотекалық компаниясы» Акционерлік қоғамы*. Ал «ҚИК» АҚ-тың бағдарламасы бойынша жылдық ставкасы 19,5 пайызға дейін берілген ипотекалық займдар сөзсіз қайта қаржыландырылады. «Егемен Қазақстан», 17 сәуір 2009 жыл. № 136-138 (25535); ҚИК көмегімен тұрғын үй жағдайын жақсартыңыз. «Айқын», 11 қазан 2011 жыл. № 188 (1855); Тұрақты сыйақы мөлшерлемелерімен қатар, ҚИК төмендегідей құбылмалы мөлшерлемені де ұсынады. «Айқын», 12 қараша 2011 жыл. № 212 (1879).

**ҚК (УК)** – *Қылмыстық кодексі*. Аталған іспен айналысқан аудандық полиция офицері ҚК-нің 107 және 137 баптарымен қылмыстық іс қозғайды. «Егемен Қазақстан», 11 қаңтар 2011 жыл. № 6-7 (26409).

**ҚКБ (ККБ)** – *Қазкомерцбанк*. Қазақстандық ірі банктердің бірі ҚКБ үшін капиталды ұлғайту – тұрақтандыру стратегиясының бір бөлігі болып табылады. «Айқын», 21 мамыр 2009 жыл. № 89 (1270).

**ҚКП** – *Қазақстан Коммунистік партиясы*. Келесі күні ҚКП-ның жұмысы тоқтатылғаны жайлы хабар жетті. «Жас Алаш», 13 қазан 2011 жыл. № 81 (15643).

**ҚКП ОК (ЦК КПК)** – *Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті*. Кешірім Бозтайұлы 1987 жылы ҚКП ОК ұсынуымен Семей облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. «Алаш айнасы», 24 тамыз 2011 жыл. № 149 (601).

**ҚКХП (КНПК)** – *Қазақстан коммунистік халықтық партиясы*. Сайлау учаскелеріндегі адамдарға ҚКХП-ның бағдарламасы мен тұғырнамасы, плакаттар мен күнтізбелер үлестіріліп берілді. «Егемен Қазақстан», 29 желтоқсан 2011 жыл. № 660-665(27057); ҚКХП Астана қаласында да өзінің сайлауалды үгіт-насихат шараларын ұйымдастырып, жұртшылықты партияның тұғырнамасымен таныстырды. «Түркістан», 22 желтоқсан 2011 жыл. № 51 (909).

**ҚКТУ (ГПТУ)** – *Қалалық кәсіптік-техникалық училище*. Бұл сол кездегі Үкіметтің «қасабына» түсіп кеткен АКТУ (СПТУ) мен ҚКТУ-лардың (ГПТУ) кепіетінің ұрып жатқаны шығар. «Егемен Қазақстан», 30 мамыр 2009 жыл. № 190-191 (25588).

**ҚКЭК** – *қалпына келетін энергия көздері*. Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Қазақстанның ҚКЭК жағына көңілі ауып отырғандығының тағы бір себебін

түсіндірді. «Айқын», 13 мамыр 2011 жыл. № 84 (1751).

**ҚҚА (АФК)** – *Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау агенттігі (Қаржылық қадағалау жөніндегі агенттік)*. ҚҚА басшысы банктер еншісіндегі қаржы қоры 15-30 пайыздан кем болмауы керек дейді. «Түркістан», 30 қазан 2008 жыл. № 44 (746); Сондай-ақ ҚҚА-ның валюталық ақшалай түсімі жоқ заемшыларға валюталық кредиттерді беруді ынталандырмауы бөлігіндегі қызметі. «Айқын», 29 желтоқсан 2010 жыл. №241 (1665); ҚҚА-ның іс-әрекеті әсіресе сыртқы қаржылық қауіп-қатердің күшеюіне қарай қадағалаудың жұмсартылуын күтуге болмайтыныны көрсетті. «Егемен Қазақстан», 26 тамыз 2011 жыл. № 391-394 (26788).

**ҚҚК (КФК)** – *Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау жөніндегі комитет (Қаржылық қадағалау комитеті)*. ҚҚК-ға орташа алағанда күніне 21 өтініш түседі және бір сәтте бір қызметкердің өңдеуінде 20-дан 40-қа дейін хат болады. Оның ішінде ҚҚА-і, ал қазір агенттіктің заңды мұрагері – ҚҚК. «Егемен Қазақстан», 30 шілде 2011 жыл. № 337-341 (26735); ҚҚК қызметінің осы саласы туралы айтып беріңізші. «Егемен Қазақстан», 26 тамыз 2011 жыл. № 391-394 (26788).

**ҚҚМУ (КУПС)** – *Казахский университет путей сообщения*. ҚҚМУ түлектерінің 95 пайызы бүгінде өз мамандықтары бойынша тұрақты жұмысқа орналасқан. «ТРАНЗИТ. kz». 2009 жыл. № 6 (20).

**ҚҚС (НДС)** – *қосымша құн салығы*. «Жас Алаш», 8 сәуір 2008 жыл. № 28 (15278); 2009 жылдың 30 қарашасын қоса алған мерзімге дейін ҚҚС бойынша тіркеу есебіне қоюды растау үшін өтініш бермеген салық төлеушілер 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚҚС бойынша тіркеу есебінен шығарылатын болады. «Егемен Қазақстан», 24 қараша 2009 жыл. № 386-388 (25785).

Оның үстіне тау-кен саласындағы кәсіпорындарда қаражат жетіспеушілігі оларға ҚҚС-ны қайтарып беруге мәжбүр еткен. «Егемен Қазақстан», 14 сәуір 2009 жыл. № 133-134 (25531); Темір жол тасымалына ҚҚС алынып тасталды. «Алаш айнасы», 24 тамыз 2011 жыл. № 149 (601).

**ҚҚФ (ФФК)** – *Қазақстан футбол федерациясы*. Сейсенбі күні ҚҚФ-ның кезекті отырысында футбол басшылары бірауыздан осындай мәмілеге келді. «Жас Алаш», 4 ақпан 2010 жыл. № 10 (15468); Олжас Абраевтың ҚФФ сайтындағы жеке блогынан үзінді. «Алаш айнасы», 21 сәуір 2012 жыл. № 68 (750).

**ҚМГ (КМГ)** – *ҚазМұнайГаз (КазМунайГаз)*. Олар: «Қазақстан темір жолы» (ҚТЖ), «Қазмұнайгаз» (ҚМГ), «Қазақтелеком» (ҚТК), «Қазатомөнеркәсіп» (ҚАӨ), «ЭйрАстана», Екібастұз ГРЭС-і өкілдері. «Қазақстан-Zaman», 30 қыркүйек 2010 жыл. № 39 (810); ҚМГ ҰК-тың еншілес кәсіпорны Мақат ауданына қарасты Башонас және Ескене ауылдарындағы коммуналдық кәсіпорындарды тұрғын үйлерді жылыту үшін отындық мұнаймен қамтамасыз етіп отыруды жалғастырмақ. «Егемен Қазақстан», 23 қазан 2010 жыл. № 438 (26281); «ҚМГ» – «Ақордадан» кейін. «Нұр Астана», 24 қараша 2011жыл. № 46 (415).

**ҚМГИ (КИНГ)** – *Қазақ Мұнай және газ институты (Казахский институт нефти и газа)*. Солтүстік каспий жобасы бойынша ҚМГИ Қашаған, Қайнар, Ақтоты кенорындары бойынша қазба байлығы қорының есебін жүргізді. «Егемен Қазақстан», 3 қараша 2010 жыл. № 456 (26299).

**ҚМДБ (ДУМК)** – *Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы*. ҚМДБ-ның Ақмола облысындағы өкіл имамының баспасөз хатшысы. “Егемен Қазақстан”. қаңтар 2004 жыл; Ол жамиғаттың алдында ҚМДБ-ның облыстағы өкілі, аталған мешіттің бас имамы Қанат Қыдырминге табыстады. «Егемен

Қазақстан», 11 ақпан 2009 жыл. № 59(25456); Иә, мешіт деген ҚМДБ құрылтайында бекітілген шарт бойынша жұмыс істейді. «Жас Қазақ», 17 сәуір 2009 жыл. № 15 (223); ҚМДБ-ның құқықтық мәртебесі саясатқа араласпайтын қайырымдылық ұйымы сипатында болуы тиіс. «Айқын», 24 маусым 2011 жыл. № 114 (1781).

**ҚМҚ (КАН)** – *Қазақстан мұнайшылар қауымдастығы*. ҚМҚ алдымен еліміздің мұнай өнеркәсібін, осы саладағы барлау мен өндірісті дамытуға ықпал етуге шақырады. «Егемен Қазақстан», 18 қараша 2008 жыл. № 348-349 (25319).

**ҚМУ (КГУ)** – *Қызылорда мемлекеттік университеті*. Білімнің құтханасы – Қорқыт ата атындағы ҚМУ-де оқырмандарының ыстық құшағына еніп, ықыласына бөленді. «Айқын», 22 шілде 2008 жыл. № 134 (1071).

**ҚМҚПУ (КГЖПУ)** – *Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университеті*. Сонымен үш тур бойынша, бас жүлдені ҚМҚПУ-дің «Күнғұмыр» командасы жеңіп алды. «Түркістан», 10 ақпан 2011 жыл. № 06 (864).

**ҚМУ (КГУ)** – *Қостанай мемлекеттік университеті (А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті)*. ҚМУ-дің аграрлық-биология факультеті. «Білім жаршысы», 29 қаңтар 2010 жыл. № 1 (75); Ахмет Байтұрсынов атындағы ҚМУ ректоры. «Егемен Қазақстан», 7 қаңтар 2011 жыл. № 3-4 (26406).

**ҚМЭБИ (КИМЭП)** – *Қазақстан Менеджмент, Экономика және Болжау институты*. Қазақстан Менеджмент, Экономика және Болжау институтының (ҚМЭБИ) халықаралық журналистика және бұқаралық ақпарат құралдары магистрі және Лондондағы Экономика және саяси ғылымдар мектебінің (LSE) мемлекеттік басқару магистрі ғылыми дәрежесі бар. «Ана тілі», қазанның 2-сі, 2008 жыл. № 40 (929); Наурыздың 20-нда ҚМЭБИ-

де қалалық жастар саясаты жөніндегі басқарманың қолдауымен «AIESES» ұйымының «Top talents» атты жобасының ашылу салтанаты өтеді. «Алматы ақшамы», 19 наурыз 2009 жыл. № 32 (4123); ҚМЭБИ-де әлем тілдері фестивалі өтті. «Алаш айнасы», 18 сәуір 2012 жыл. № 65 (747).

**ҚНҚ (КФК)** – *Қазақстан несиелеу қоры*. ҚНҚ Қазақстан Республикасы нарығындағы жұмысы кезеңінде клиентке бейімделген тұрақты әрі айқын микроқаржы ұйымы ретінде өз ұстанымын бекітті. «Президент және халық», 20 наурыз 2009 жыл. № 11 (184).

**ҚӨК (ОПК)** – *қорғаныс-өнеркәсіп кешені*. Отандық ҚӨК-ті дамытуға қолдау көрсету бойынша кешенді шараларға 156, оның ішінде 86 қазақстандық компания қатысқан «KADEKX-2010» қару-жарақ пен әскери техниканың көрмесінің өткізілуін жатқызуға болады. «Айқын», 18 ақпан 2011 жыл. № 31 (1698).

**ҚӨТ (ФПГ)** – *қаржы-өнеркәсіптік топтар*. Егер партия этикасы идеалды түрде тұлғаның әлеуметтік функциялары - ұжымдық сана, бірін-бірі қолдаушылық, келешекке деген жауапкершілік арқылы әрекет етсе, кландар мен ҚӨТ тобырлық инстинктерге және тамақ табуға деген ұмтылысқа жүгінеді. [Tairqazan.org](http://Tairqazan.org) 03.06.13

**ҚПК** – *қылмыстық-процессуалдық кодекс*. ҚПК-ге осындай өзгеріс енгізу заң әзірлеушілердің ведомстволық мүддені күйттеп кеткенінен туғаны даусыз. Сондықтан да қылмыстық қудалау ісіне ҚПК-ге енгізу үшін ұсынылған мұндай өзгерістерге жол берілмеген дұрыс деп санаймыз. «Егемен Қазақстан», 5 қараша 2011 жыл. № 529-530 (26922).

**ҚПО (КПО)** – *Қарашығанақ Петролеум Оперэйтинг*. Сот ҚПО-ның пайдасына шешті. «Егемен Қазақстан», 22 сәуір 2008 жыл. (мақала тақырыбы). Сайып келгенде, осы форумға қатысушы барлық компанияға ТШО мен ҚПО-ның болашақ

даму жоспарлары ұсынылды. «Айқын», 4 қазан 2008 жыл. № 187 (1124); Құрылыс жұмыстанының сапалы әрі уақытында жүргізілуіне ҚПО-ның әлеуметтік жобалар жөніндегі бөлімі бақылау жасайды. «Егемен Қазақстан», 4 қыркүйек 2010 жыл. № 360-361 (26204).

**ҚР (РК) – Қазақстан Республикасы.** Ескерткіш тақталар Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша және Ресей басшылығы мен Орынбор облысы әкімшілігінің қолдауымен орнатылды, деп хабарлады ҚР-дың РФ-дағы елшілігінің баспасөз қызметі. «Егемен Қазақстан», 26 қараша 2010 жыл. № 502-503 (26346).

**ҚР АӨК (АПК РК) – Қазақстан Республикасы Агроөнеркәсіп кешені.** ҚР АӨК-ге инвестициялық жобалар бойынша конкурс негізінде іріктеу басталды. «Егемен Қазақстан», 3 наурыз 2009 жыл. № 84-86 (25483).

**ҚР ӘҚБТК//ӘҚБТК (КАПН РК) – Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.** Бұл «Зият» шараларын өткізу барысында ҚР ӘҚБТК-нің 129 бабы бойынша 29 әкімшілік іс қозғалып сотқа жіберілді. «Заң», 18 шілде 2008 жыл. № 108 (1334); Талдықорған қаласы, Д.Қонаев көшесі 21 үйдің тұрғыны С.Исаев спирттік ішімдік ішіп, мас болып азаматтық некеде тұратын әйелі Г.Байбатшаевамен ағымдағы жылдың 7 қыркүйегінде қатты ұрысып, балағаттап, арына, намысына тиетін ауыр сөздер айтып, ҚР ӘҚБТК 79-5 бабы 1-тармағын өрескел бұзған. ҚР ӘҚБТК 111-бабы бойынша ата-ананың немесе заңды өкілдің балаларды дұрыс тәрбиелеу жөніндегі төл міндетін өз мәнінде орындамауларына байланысты биыл 59 әкімшілік іс қаралып 34 адамға ескерту беріліп, 24 адамға әкімшілік айыппұл салынды. «Егемен Қазақстан», 24 қараша 2010 жыл. № 497-500 (26343); Мысалы, олардың бірі Д.Ахметчин Атырау қаласы мамандандырылған әкімшілік

сотының 2009 жылдың қаңтардағы қаулысымен ҚР ӘҚБТК-нің 467-бабының 3-бөлігімен көлікті мас күйінде жүргізіп, жәбірленушінің денсаулығына зақым келтіргені үшін кінәлі деп танылып, 2013 жылға дейін жүргізушілік куәлігінен айрылған. «Айқын», 16 наурыз 2011 жыл. № 47 (1714).

**ҚР БҒМ//ҚР БжҒМ (МОН РК) – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі.** Әлеуметтік жетімдік ең маңызды проблемаға айналып отырғандығын алға тарқан БҒМ Балалар құқын қорғау комитетінің төрағасы Жұмажан Жүкенов ата-аналары тірі тастанды балалар саны 35 мыңға жеткендігінен хабардар етті. «Егемен Қазақстан», 29 мамыр 2009 жыл. № 188-189(25586); ССК құрамына қазақстандық және шетелдік жоғары кәсіби сертификатталған ҚР БжҒМ ҰАО сарапшылары кіргізілген. «Алматы ақшамы», 25 қараша 2010 жыл. № 143 (4388).

**ҚР БжҒМ ҰАО (НАЦ МОН РК) – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық акредитациялау орталығы.** ССК құрамына қазақстандық және шетелдік жоғары кәсіби сертификатталған ҚР БжҒМ ҰАО сарапшылары кіргізілген. «Алматы ақшамы», 25 қараша 2010 жыл. № 143 (4388).

**ҚР БП (ГП РК) – Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы.** Бұған қоса, ҚР БП Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті «Айқын» жобасын жүзеге асырып келеді. «Астана ақшамы», 1 қазан 2011 жыл. № 112 (2722).

**ҚР ДСМ (МЗ РК) – Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігі.** Сондықтан биыл емхана мен дәрігерлерді еркін таңдау үшін ҚР ДСМ 2009 жылдың 26-қаршасындағы № 794 бұйрығына сәйкес азаматтарды 2011 жылға емханаларға тіркеу жұмысы ерте қолға алынып отыр. «Алматы ақшамы», 16 қараша 2010 жыл. № 140 (4385).

**ҚР ИЖТМ (МИНТ РК)** – Қазақстан Республикасы индустрия және жаңа технологиялар министрлігі. Бұл мәселені шешуге ҚР ИЖТМ үлкен көмек көрсетті. «Алаш айнасы», 18 сәуір 2012 жыл. № 65 (747).

**ҚР ҚІЖК (УК РК)** – Қазақстан Республикасы Қылмыстық істер жөніндегі кодексі. ҚР ҚІЖК-нің 375-бабына сәйкес айыптау үкімі болжамға негізделмейді, ол тек ақиқат дәлелдердің жеткілікті жиынтығымен расталуы тиіс. ҚР ҚІЖК-нің 19-бабына сәйкес ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес. «Егемен Қазақстан», 13 қазан 2010 жыл. № 422-423 (26266).

**ҚР МАМ (МКИ РК)** – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі. ҚР МАМ Ақпарат және мұрағат комитеті байқаудың құрылтайшысы болып табылады. «Алматы ақшамы», 21 қараша 2009 жыл. № 136 (4227).

**ҚР МОМ (ГЦМ РК)** – Қазақстан республикасының мемлекеттік орталық мұражайы. Көрмеге ҚР МОМ қорындағы араб, латын және кирилл әліпбиінде жазылған алуан түрлі хаттар қойылған. «Айқын», 19 ақпан 2010 жыл. № 29 (1453).

**ҚР ТЖМ (МЧС РК)** – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі. Сағат 10-нан 40 минут өткенде ҚР ТЖМ-нің апаттар медицина орталығының 5 дәрігерден, 5 фельдшерден, 1 медбике мен 5 жүргізушіден тұратын қызметкерлері аттанған. «Егемен Қазақстан», 22 шілде 2008 жыл. № 220-221 (25192).

**ҚР СІМ (МИД РК)** – Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі. ҚР ТЖМ-нің оперативтік тобы СІМ-нің, ПМ-нің, ҰҚК Шекара қызметінің, Қаржы министрлігі кеден комитетінің, ҚР денсаулық сақтау министрлігінің өкілдерімен, сондай-ақ Қырғыз Республикасының Экология және төтенше жағдайлар министрлігімен және Денсаулық сақтау министрлігімен өзара байланыс ұйымдастырылған. «Егемен Қазақстан», 22 шілде 2008 жыл. № 220-221 (25192).

**ҚРҰБ (НБ РК)** – Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі. Қайта қаржыландыру мәселелері ҚҰРБ қызметіне жатпайды. «Айқын», 26 желтоқсан 2009 жыл. № 240 (1421).

**ҚР ҰҒА (НАН РК)** – Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы. ҚР ҰҒА академиктері – Аманжол Қошанов, Едіге Түркебаев, Мұхтар Бәкенов, Баян Рақышев, Бостандық ауданы әкімінің орынбасары Болат Ағыбаев және аудандық «НұрОтан» партиясы бөлімшесі атынан уәкілдер қатысты. «Айқын», 15 сәуір 2009 жыл. № 65 (1246).

**ҚР ЭСЖКА (РК)** – Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі. ҚР ЭСЖКА Ішкі қауіпсіздік басқармасы, қаржы полициясының сенім телефоны. «Алматы ақшамы», 15 қазан 2011 жыл. № 121 (4523).

**ҚР ПМ (МВД РК)** – Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі. ҚР ТЖМ-нің оперативтік тобы СІМ-нің, ПМ-нің, ҰҚК Шекара қызметінің, Қаржы министрлігі кеден комитетінің, ҚР денсаулық сақтау министрлігінің өкілдерімен, сондай-ақ Қырғыз Республикасының Экология және төтенше жағдайлар министрлігімен және Денсаулық сақтау министрлігімен өзара байланыс ұйымдастырылған. «Егемен Қазақстан», 22 шілде 2008 жыл. № 220-221 (25192).

**ҚСА** – Қазақстан студенттер альянсы. Арман бұған дейін ҚСА көшбасшысының орынбасары және Астанадағы филиалға жетекшілік еткен болатын. «Нұр Астана», 22 қараша 2012 жыл. № 47 (468).

**ҚСЗИ (КИСИ)** – Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты. ... сондай-ақ Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ) тартылды. «Егемен Қазақстан», 27 тамыз 2008 жыл. № 263-266 (25236); Тарих ғылымдарының докторы, ҚСЗИ

директоры Болат Сұлтанов ел дамуының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық жоспарын жүзеге асыру аса маңызды тарихи міндет болып табылатынын атап өтті. «Егемен Қазақстан», 13 ақпан 2010 жыл. № 54-56 (25902); ҚСЗИ бас ғылыми қызметкері, саяси ғылымдарының докторы Ю.Булуктаеваның «Жаңа сайлау кезеңі жағдайындағы партиялық диспозиция эволюциясы» тақырыбындағы ФСИ аға ғылыми қызметкері, саяси ғылымдардың кандидаты М.Нұрғалиеваның «Қазақстан саяси партияларының бүгінгі коммуникативтік құралдары» деген тақырыптағы баяндамалары тыңдалды. «Айқын», 28 желтоқсан 2011 жыл. № 243 (1910).

**ҚСҚК** – *Қазақстандық Салымдарды кепілдендіру қоры*. Айта кетсек, қазір Қазкоммерцбанк салымдары бойынша сыйақы ставкалары ҚСҚК бекіткен ең жоғарғы ставкалар деңгейінде сақталуда. «Айқын», 26 наурыз 2010 жыл. № 50 (1474).

**ҚСЫХК** – *Қауіпсіздікті сақтауға ықпал етуші халықаралық қуштер*. Одан әрі Қазақстанның Ауғанстандағы ҚСЫХК-ға көрсеткен нақты қолдауларын, атап айтқанда, қазақстандық бірнеше офицердің көмекке жіберілгенін, ал ал мұндай көмек Орталық Азия елдері арасынан бірінші болып жасалғанын жеткізді. «Егемен Қазақстан», 30 қаңтар 2010 жыл. № 33-35 (25881).

**ҚТГ (КТГ)** – *ҚазТрансГаз*. ҚТГ және оның серіктес ұйымдары ҚТГ-Алматы және ИОА бұл жұмыста негізгі орындаушылар болып табылады. «Егемен Қазақстан», 6 қазан 2010 жыл. № 410-413 (26256).

**ҚТЖ ҰК АҚ** – *Қазақстан темір жолы Ұлттық компаниясы Акционерлік қоғамы*. ҚТЖ-дан тағы дау шықты. «Жас Алаш», 5 маусым 2008 жыл. № 45 (15295); Қазір ҚТЖ паркінде 5200 вагон бар. «Алматы ақшамы», 4 қазан 2011 жыл. № 116 (4518);

ҚТЖ ірі ғаламдық көліктік жобаны жүзеге асыруда. «Айқын», 29 мамыр 2012 жыл. № 96 (2007).

**ҚТК (КТК)** – *Қазақтелеком (Казахтелеком)*. Олар: «Қазақстан темір жолы» (ҚТЖ), «Қазмұнайгаз» (ҚМГ), «Қазақтелеком» (ҚТК), «Қазатомөнеркәсіп» (ҚАӨ), «ЭйрАстана», Екібастұз ГРЭС-і өкілдері. «Қазақстан-Zaman», 30 қыркүйек 2010 жыл. № 39 (810).

**ҚТҚЖБ** – *Қазақстанның тұрғын-үй құрылыс жинақ банкі*. Өз кезегінде жергілікті әкімдіктер сол тізімдер негізінде ҚТҚЖБ салымдары мен сатып алу- сату шарттарын жасасады. «Айқын», 7 сәуір 2011 жыл. № 60(1727).

**ҚТЛ** – *қазақ-түрік лицейлері*. Б.Жұмағұлов ҚТЛ-ден үлгі алуға шақырды. «Қазақстан-Zaman», 30 тамыз 2012 жыл. № 35(905); ҚТЛ шәкірттері тағы да 43 алтын алды. «Қазақстан-Zaman», 4 сәуір 2013 жыл. № 13(934).

**ҚТО (ГЦТ)** – *қалалық телекоммуникациялар орталығы*. Осы жетістікке «Алматытелеком» ҚТО қалай қол жеткізді? «Ана тілі», наурыздың 12-сі, 2009 жыл. № 10 (951). Олар: «Қазақстан темір жолы» (ҚТЖ), «Қазмұнайгаз» (ҚМГ), «Қазақтелеком» (ҚТК), «Қазатомөнеркәсіп» (ҚАӨ), «ЭйрАстана» Екібастұз ГРЭС-і өкілдері. «Қазақстан-Zaman», 30 қыркүйек 2010 жыл. № 39 (810).

**ҚҰЭП (КНЭП)** – *«Атамекен» Одағы» Қазақстан ұлттық экономикалық палатасы*. «Егемен Қазақстан», 3 наурыз 2009 жыл. № 84-86 (25483); «Самұрық-Қазына» АҚ басқарушы директоры П.Брахме, «Атамекен» ҚҰЭП төрағасы А.Мырзахметов өз сөздерінде өзара пайдалы ынтымақтастықтың ықтимал бағыттары туралы да әңгімеледі. «Ана тілі», 15-21 желтоқсан 2011 жыл. № 50-51 (1098-1099).

**ҚФФ (КФФ)** – *Қазақстан футбол федерациясы*. ҚФФ-ның тәртіптік қадағалау комитеті жаңа футбол маусымындағы

алғашқы өзгерістерді енгізді. «Айқын», 4 ақпан 2009 жыл. № 37(1218); Дегенмен ҚФФ сарапшылар кеңесінің бейнетаспаларға сүйене отырып, шешім шығара бергендерін дұрыс деп ойламаймыз. «Алаш айнасы», 20 мамыр 2010 жыл. № 81(307); ҚФФ өз заңын өзі аяққа таптап отыр. «Жас қазақ», 5 қазан 2012 жыл. № 38(402).

**ҚХА (МАГ)** – қалалардың халықаралық ассамблеясы (*Международная ассамблея городов*). Мұнайлы астана – ҚХА-ның толыққанды мүшесі. «Айқын», 9 шілде 2008 жыл. № 125 (1062).

**ҚХА (АНК)** – Қазақстан халқы ассамблеясы (*Ассамблея народов Казахстана*). Бұған «Жаңа Қазақстан» депутаттық тобының ҚХА жастар қанаты құрған басқа парламентшілермен, мемлекеттік және қоғамдық органдармен жұмысының күшеюі де енеді. «Егемен Қазақстан», 4 қараша 2008 жыл № 334-335(25305); ҚХА Төрағасының орынбасары «кітапхана базасында депозитарлық кітапхананың ашылуы Ассамблеяға кітапхана жүйесінде өзінің ақпараттық «орнына» ие болуға мүмкіндік беретінін айтты. «Егемен Қазақстан», 28 наурыз 2009 жыл. № 117-118 (25515); Отырысқа Президент Әкімшілігі, ассамблея хатшылығы, республикалық этно-мәдени бірлестіктер, ҚХА-ның ғылыми-сараптамалық кеңесі, мемлекеттік органдар, Мемлекеттік қызмет істері агенттігі өкілдері қатысты. «Егемен Қазақстан», 24 қыркүйек 2011 жыл. № 453-456 (26849).

**ҚХЛ (МХЛ)** – Құрлықаралық хоккей лигасы. ҚХЛ картасын ұлғайтты. «Айқын», 11 қазан 2008 жыл. № 192 (1129); «Биыл ҚХЛ додасына Чехия, Швеция, Украина және литва клубтары қосылады» деп еді, бірақ осылардың ішінде украиналықтармен ғана келісім жасалыпты. «Алаш айнасы», 20 мамыр 2010 жыл. № 81(307); Биыл ҚХЛ тұрақты біріншілігінде Хабаровскінің «Амур» командасының екпіні күшті болып тұр. «Айқын», 4 қазан 2011 жыл. № 183 (1850).

**ҚХР (КНР)** – Қытай халық республикасы. ҚХР-дағы ауа райын болжау комитетінің алдағы ең басты мәселесі Олимпиада ойынының ашылу және жабылу салтанатындағы ауа райының тұрақтылығын қамтамасыз ету. «Егемен Қазақстан», 22 шілде 2008 жыл. № 220-221 (25192); ҚХР Төрағасы, сондай-ақ қытай жағы Бірлескен комиссия аясында трансшекаралық өзендердің су ресурстарын бөлу жөнінде келіссөздер өткізу үшін техникалық жағдайларды талқылауға әзір екенін атап көрсетті. «Егемен Қазақстан», 9 тамыз 2008 жыл. № 241 (25212).

**ҚХР ХӨБЖ ТК** – Қытай халық республикасы Халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жиналысы Тұрақты комитеті. Қазақстан Парламенті Сенатының Төрағасы ҚХР ХӨБЖ ТК басшысы У Бангоға ізгі тілектестігін жолдады. «Егемен Қазақстан», 22 желтоқсан 2011 жыл. № 645-646).

**ҚХТБ (ММТС)** – қалааралық, халықаралық телефон байланысы. Жалпы осы көрсеткіштердің өсуінің дұрыс динамикасы «Қазақтелеком» АҚ өткізетін, қызмет көрсету сапасын жаңғырту және жақсартуға байланысты, бұл абоненттік базаны ұлғайтуға, сонымен қатар ҚХТБ трафигінің өсуіне әкеп соқтырады. «Астана хабары», 2 тамыз 2008 жыл. № 91 (2255).

**ҚызПУ (ЖенПУ)** – Қыздар педагогикалық университеті. ҚызПУ-ге бәсеке оқу орны ашылмақ. «Айқын», 6 қараша 2008 жыл. № 209 (1146).

## Л

**ЛГБТ** – лесбианкалар, гейлер, бисексуалдар, трансгендерлер. Сонда, қарапайым тілмен айтсақ, ел халқының кем дегенде 4 пайызы ЛГБТ тобына жатуы мүмкін екен. Газет-журналдардың беттерінде «мен осындай болдым, ЛГБТ өкілі болғым келмейді» деген сипатта жазылған ашықхаттарды оқып жүрміз. «Айқын», 3 ақпан 2011 жыл. № 20 (1687).



## М

**МАЗ** – *Минск автомобиль зауыты*. Алғашқы кезекте МАЗ-бен республика қалалары аудандарындағы коммуналдық қызметке қажетті арнайы көліктер шығарудың жөн-жобасы белгіленді. «Егемен Қазақстан», 22 қаңтар 2011 жыл. № 20 (26422).

**МАИ (ГАИ)** – *мемлекеттік автоинспекция (Государственная автоинспекция)*. МАИ-дағы паракорлықтан арылу үшін жалақыны көтеру ғана қажет пе, әлде, Грузиядағыдай инспекторлар құрамын толық қайта жаңарту қажет пе? «Айқын», 11 шілде 2008 жыл. № 127(1064); МАИ қаһарына мінді. «Егемен Қазақстан», 5 тамыз 2008 жыл. № 23-237 (25208); МАИ мырза, жаңа заң орындалу үшін жағдай жаса! «Айқын», 15 шілде 2008 жыл. № 129 (1066); МАИ тексерістен өткіземіз дейтін мемлекеттік бақылаудың аты ғана бар. «Егемен Қазақстан», 5 ақпан 2010 жыл. № 40-42 (25888); Ал өткен жексенбіден бері «Алматы-Өскемен» тас жолының облыстық МАИ бекетінен Шығыс Қазақстан облысы шекарасына дейінгі учаскесі жабық тұр. «Ана тілі», 7-12 қаңтар 2011 жыл. № 1 (1046).

**МАЭК (МАЭК)** – *Маңғыстау атом энергетика комбинаты*. МАЭК-ке «мал» қайғы, халыққа жан қайғы. «Ел», 8 сәуір 2008 жыл. № 14 (142). Арасында МАЭК басшыларының бірі Данилов өзіне сөз берілмесе де, әдейі уақытты созбалап тұру мақсатында «мен айтайын» деп микрофонға жармасқанда, Мұхтар Үмбетов микрофонды оның қолынан жұлып алып, мінберден түсіп кетуге мәжбүр еткен және төралқада отырғандарға: «Біздер, қазақтар сендерге тәжірибелік АЭС салып, күмәнді істеріңді былықтыруға жол бермейміз», – деді. «Жас Алаш», 7 қаңтар 2009 жыл. № 7(15361).

**МӘСЖ (СОСС)** – *міндетті әлеуметтік сақтандару жүйесі*.

Бұл ретте орташа айлық табыс әлеуметтік жеке код (ӘЖК) бойынша міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің (МӘСЖ) қатысушысына Қорға түскен әлеуметтік аударымдар сомасы негізінде анықталады. «Ана тілі», 5-11 қараша 2009 жыл. № 44 (985).

**МӘСҚ (ГССФ)** – *мемлекеттік әлеуметтік сақтандару қоры*. МӘСҚ әлеуметтік аударымдарды шоғырландыруды және әлеуметтік тәуекел туындаған жағдайда, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға әлеуметтік төлемдер төлеуді жүзеге асырады. МӘСҚ халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуге айрықша көңіл бөледі. «Астана ақшамы», 1 қазан 2011 жыл. № 112 (2722); МӘСҚ әлеуметтік аударылымдарды шоғырландыруды және әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыға әлеуметтік төлемдер төлеуді жүзеге асырады. «Алматы ақшамы», 4 қазан 2011 жыл. № 116 (4518).

**МЖӘ** – *мемлекеттік-жекеменшіктік әріптестік*. МЖӘ «коммуналкаға» бет алды. Коммуналдық инфрақұрылымда МЖӘ жобаларан енгізу қажеттігі туралы ертеден айтылып жүр. «Алматы ақшамы», 10 қараша 2011 жыл. № 131(4533).

**МЖК ААЖ** – *Мемлекеттік жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесі*. МЖК ААЖ-ін өнеркәсіптік қолданысқа беру көзделіп отыр. «Алматы ақшамы», 7 маусым 2012 жыл. № 69 (4630).

**МЕМАППАРАТ** – *Госаппарат*. Мемаппарат 30 пайызға қысқартады. «Егемен Қазақстан», 3 қазан 2012 жыл. № 642-647 (27719).

**МЕМБАҒДАРЛАМА (Госпрограмма)** – *Мемлекеттік бағдарлама*. Министрдің мәліметінше, ағымдағы және алдағы жылы мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі қазіргі онжылдық мембағдарламаны жүзеге асырудың қорытындылары шығарылмақ, оның нәтижелері есепке алына отырып, жаңа

құжат түзіледі екен. «Айқын», 19 қараша 2009 жыл. № 217 (1398). 2004-2009 жылдары ауылдық аумақтарды дамытуға қаржыландырудың барлық кезеңдерін 766,1 млрд теңге, соның ішінде Мембағдарламаның шеңберінде жоспарланған 356,7 млрд теңгенің орнына 596,8 млрд теңге бағытталған. «Қазақстан-Zaman», 30 қыркүйек 2010 жыл. № 39 (810).

**МЕМҚЫЗМЕТ** – *Госслужба*. «Е-қызмет» Мемқызметке енетін болады. «Алаш айнасы», 24 ақпан 2012 жыл. № 32 (714); Мемқызметке қабылдау енді жария түрде өткізілмек. «Алаш айнасы», 5 қыркүйек 2012 жыл. № 582-587 (27660).

**МЕМҚЫЗМЕТКЕР** – *Госслужащий (Мемлекеттік қызметші)*. Үстіміздегі жылы сәуірден бастап барлық мемқызметкерлердің жалақысы өсті. «Айқын», 10 сәуір 2010 жыл. № 61 (1485); Мемқызметкерлер заңсыз аң атумен айналысып жүр. «Алаш айнасы», 2 қыркүйек 2011 жыл. № 155 (837); Шымкенттік мемқызметкерлер ойынханада сайран салып жүр. «Халық сөзі», 2 қазан 2012 жыл. № 78 (222).

**М Е М С А Н Э П И Д Е М Б А Қ Ы Л А У / / МЕМСАНЭПИДЕМҚАДАҒАЛАУ** – *Госсанэпидемнадзор*. Бұл ретте Мемсанэпидембақылау комитеті мамандарының кеңесін бергенді де жөн көріп отырмыз. «Айқын», 30 наурыз 2010 жыл. № 52 (1476); Компьютерлік терминалдарды мемсанэпидемқадағалау. «Жас өркен – Қостанай», 2010 жыл, қыркүйек – қазан. № 5 (48).

**МЕМСАРАПТАМА** – *госэкспертиза*. «Мемсараптама» РМК-нің ұйтқы болуымен Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ драма театрында еліміздің барлық этностарының басын қосқан тіл фестивалі өтті. «Егемен Қазақстан», 1 қазан 2011 жыл. № 472-473 (26865).

**МЕМСАТУ** – *госзакупка*. Мемсатудың таза, әділ өткенін

қалаймыз! Теледидар мен газетке құлақ түріп, көз салсаңыз мемсатудан ешқандай мін таппайсың. «Независимая газета», қараша 2011 жыл. № 11(104).

**МЕМСЫЙЛЫҚ** (*Госпремия*) – *Мемлекеттік сыйлық*. Әдебиетті біркісідей-ақ білетін бір әдебиетші жігіт пәленшекең Мемлекеттің сыйлықтың иегері атаныпты дегенді естігенде мұндай жазушыны естіген емеспін, мемсыйлық алды дегенде аты-жөнін бірінші рет естідім деп жазды. Демек, ондайларға мемсыйлық берілуін рухани жемқорлық емес деп тек имансыз адам ғана айтар. «Ана тілі», 22-28 сәуір 2010 жыл. № 16 (1009). «Мемсыйлық» дегеніміз – ел сыйлығы. «Жас Алаш», 13 шілде 2010 жыл. № 55 (15513); Мемсыйлықты берудің тағы нендей сиқыры барына мына бір ғана оқиғаны еске түсіру жеткілікті (Ғаббас Қабышұлы). «Жас Алаш», 24 қараша 2011 жыл. № 94 (15656).

**МЕМТЕРМИНКОМ** (*Гостерминком*) – *Мемлекеттік терминология комиссиясы*. Бұл комиссияның ресми толық атауы – ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы.

**МЕМХАТШЫ** (*Госсекретарь*) – *Мемлекеттік хатшы*. Дәркен Мемхатшыны тура Елбасының өзі болып құттықтады. «Айқын», 21 сәуір 2009 жыл. № 69 (1250); Мемхатшының назарында мемлекеттік тіл. «Айқын», 4 қыркүйек 2008 жыл. № 165 (1102).

**МҒ** – *мордиясы ғана қазақтар*. «МҒ»-лар қаптап кетті. «МҒ» деген кімдер? Мордиясы ғана қазақтар. (М.Шахановтың қолданысындағы қысқарған сөз). «Қазақстан-Zaman», 27 қыркүйек 2012 жыл. № 39(909).

**МДҚ** – *Мемлекеттік дерекқор*. Жылжымайтын мүлік автоматты түрде МДҚ-дағы Жылжымайтын мүлік тіркелімінен тексеріледі. «Егемен Қазақстан», 23 қыркүйек 2011 жыл. № 451-452(26845).

**МЖЗҚ (ГНПФ)** – Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры. МЖЗҚ сын сойылын Есеп комитетіне де сілтеді. «Айқын», 10 маусым 2009 жыл. № 103 (1284); Бүгінде МЖЗҚ акцияларын сатып алуға үш инвестор қызығушылық танытып отыр. Ұлттық банк ЕҚҚДБ-мен бірігіп, МЖЗҚ акцияларының бақылау пакетін сатып алатын стратегиялық инвесторды тоғыз жылдан бері таппай келеді. «Алаш айнасы», 7 желтоқсан 2011 жыл. № 217 (669).

**МЖМӘ** – Мемлекет және жеке меншік әріптестігі. Бұдан кейін Мәжіліс депутаты М.Тінікеев, «МЖМӘ орталығы» АҚ басқарма төрағасы Қ.Тілебалдиев, Көлік және коммуникация вице-министрі Д.Көтербеков, USAID-тың МЖМӘ транзакциясы бойынша сарапшысы Джилл Джемисон сөз алып, талқыланған мәселе жөнінде өз пікірлерін ортаға салды. «Егемен Қазақстан», 24 қараша 2010 жыл. № 497-500).

**МЖС** – мемлекеттік жеке серіктестік. Оның айтуынша, соңғы жылдары Қазақстанда МЖС-тың дамуы тежелуде. Бұл Қазақстандағы МЖС дамуының жоспарын өзгертіп жіберген. «Алаш айнасы», 25 сәуір 2012 жыл. № 70 (752); Атап айтқанда, Қазақстанда МЖС-ті әлеуметтік салада және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығында қолдануға шектеу қойылып тастапты. «Айқын», 25 сәуір 2012 жыл. № 75 (1986); Мәселен, МЖС жобаларының дайындығы мен жүзеге асырылуы 2008-2009 жылдардағы әлемдік қаржы дағдарысымен тұспа-тұс келді. «Егемен Қазақстан», 25 сәуір 2012 жыл.

**МКБ** – мемлекеттік кредиттік бюро. МКБ сондай-ақ өз қызметін коммерциялық емес нысанда жүзеге асыратын болады. «Егемен Қазақстан», 21 желтоқсан 2011 жыл. № 641-644 (27036).

**МКҚК (ГККП)** – Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын. «Есік Геосәулет» МКҚК-ында 39 адам еңбек етеді,

олардың төртеуі геодезияшы, алтауы жобалаушы қызметінде. «Егемен Қазақстан», 22 шілде 2008 жыл. № 220-221 (25192).

**МКҰ** – микрокредиттік ұйымдар. Осыған орай жұмыс істеп тұрған МКҰ көрсетілген үш жылдық кезең ішінде МКҰ болып қайта тіркелуі және есептік тіркеуден өтуі тиіс. МКҰ болып қайта тіркелмеген, жұмыс істеп тұрған МКҰ өзге ұйымдық-құқықтық нысанда қайта құрылуы не таратылуы тиіс. «Егемен Қазақстан», 25 сәуір 2012 жыл.

**МҚК (ГКП)** – Мемлекеттік қазыналық кәсіпорын. Жанында облыс хатшысы бородин, республикалық МҚК-нің төрағасы В.Т.Шевченко облыстық мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің басқарма бастығы И.И.Петрович, тағы басқалар бар. «Егемен Қазақстан», 25 ақпан 2009 жыл. № 74-77 (25474).

**МҚК/МҚМ (КГБ)** – Мемлекеттік Қауіпсіздік комитеті. МҚК дереу қылмыскерлерді табу үшін оперативтік топ құрады. «Егемен Қазақстан», 25 ақпан 2009 жыл. № 74-77 (25474); МҚМ-нің тергеу органдары мен Қазақ ССР-нің жоғары соты мені ұлтшылдық идеяны қазақ әдебиетінде насихаттадың, кеңеске қарсы бағытталған әдебиетті сақтадың, жора-жолдастарыңның арасында кеңеске қарсы өсек тараттың деп айыптап отыр», – деп алады да алғашқы үш бапты түгелдей түрмеде көрген қорлық-зомбылығын баяндауға арнапты. «Егемен Қазақстан», 28 желтоқсан 2011 жыл. № 655-659 (2701).

**МҚК (ГКП)** – Мемлекеттік қазыналық кәсіпорын. «Алматыжарнама» МҚК өкілі қала бойынша мерекелік безендіру жұмыстарымен шұғылданатын 14 жарнама агенттіктері бар екендігін айтып, олардың атын атап, түсін түстеп берді. «Алматы ақшамы», 14 қараша 2009 жыл. № 133 (4224).

**МҚҰ** – микроқаржы ұйымдары. МҚҰ қызметін қадағалау жүйесінде олар қолданыстағы заңнаманы бұзған жағдайда қадағалау арқылы ден қою шараларын қолдану көзделетін бо-

лады. Осыған орай жұмыс істеп тұрған МҚҰ көрсетілген үш жылдық кезең ішінде МҚҰ болып қайта тіркелуі және есептік тіркеуден өтуі тиіс. «Егемен Қазақстан», 25 сәуір 2012 жыл.

**ММ (ГП)** – Мемлекеттік мекеме. Астана қаласындағы «Көкбозат» қоғамдық бірлестігі «Ішкі саясат басқармасы» ММ-мен бірлесе отырып бүлдіргіш секталардың әсеріне ұшырағандарға қызмет көрсету орталығын ашты. «Егемен Қазақстан», 14 мамыр 2011 жыл. № 196-199 (26601).

**ММУ (МГУ)** – Мәскеу мемлекеттік университеті (Толық атауы – М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті). Сәуірдегі сайлауда барша қазақстандықтар тұрақтылыққа, сол тұрақтылықпен есімі қатар аталатын адамға дауыс берді, – дейді М.Ломоносов атындағы ММУ-дың посткеңестік кеңістіктегі қоғамдық-саяси үдерістерді зерттеу жөніндегі ақпараттық-сараптамалық орталықтың бас директоры Алексей Власов. «Айқын», 20 наурыз 2011 жыл. № 69 (1736); М.Ломоносов атындағы ММУ-дың посткеңестік кеңістіктегі қоғамдық-саяси процестерді зерттеу жөніндегі ақпараттық-сараптамалық орталығының сарапшысы Юлия Якушеваның пікірінше, «Кеден одағына кіруден Қазақстанға келетін ең үлкен пайда – бұл рынокта еркін бәсекелесуге үйрену мүмкіндігі, БСҰ-ға мүше болғаннан кейін жаһандық бәсекелестікке үздік дайындалуға үлкен мүмкіндік. «Егемен Қазақстан», 22 сәуір 2011 жыл. № 160-163 (26565); Мәселен, М.Ломоносов атындағы ММУ Азия және Африка елдері институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мейер Михаил Серафимович бізге конференциядан маңызды қорытынды жасағанын айтты. «Айқын», 24 мамыр 2011 жыл. № 91 (1758).

**МОАКАМ** – МОАКАМ-ға құштарлық байқалмайды. «Жас Алаш», 5 қараша 2009 жыл. № 89 (15443).

**МӨЗ (НФЗ)** – мұнай өңдеу зауыты. Ішкі рынокты сапалы

отынмен қамтамасыз ету мақсатында компания Атырау МӨЗ-ін қайта жаңарту жобасын іске асыруда. «Нұр Астана», 27 қараша 2008 жыл. № 48 (261); Атырау МӨЗ-ін жаңарту әрекеттері жасалынған, дегенмен, керек нәтижеге қол жетпеді. «Егемен Қазақстан», 2 наурыз 2011 жыл. № 65 (26467); Ал үшіншіден, қазақстандық МӨЗ-дер «Еуропа-5» стандарты деңгейіндегі бензин шығаруға қол жеткізеді. «Айқын», 5 қазан 2011 жыл. № 184 (1851).

**МРТ** – магнитті резонансты томография. Қашан көрсен де, оның жайбарақат жүргенін кездестірмейсің: жан ұшырып «анау клиентті МРТ-ға түсіру керек, жетінші палатағы сырқатты көрсету үшін академик-ортопедті шақырыңдар» деген секілді ауызекі қысқа бұйрықтар беріп, жүгіреді де жүреді. «Егемен Қазақстан», 6 қазан 2011 жыл. № 481(26873); Алғашқы кезендерде обырды (рак), әрине, білікті дәрігерлердің және қажетті бағдарламалық қамсыздандырудың көмегімен, УДЗ (ультра дыбысты зерттеу), рентген, КТ (компьютерлік томография) және МРТ (магнитті резонансты томография) арқылы оңай анықтауға болады (Айнаш Есали). «Егемен Қазақстан», 15 ақпан 2012 жыл. № 61 (27133).

**МСАК** – медициналық-санитарлық алғашқы көмек. Қалалық және ауылдық денсаулық сақтау деңгейінде МСАК құрылымына түсініктеме берілді. «Егемен Қазақстан», 27 шілде 2010 жыл. № 301-303 (26147).

**МСҰМ** – Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебі. Академияның құрамындағы МСҰМ президент Н.Назарбаевтың 2009 жылғы Жарлығымен ашылған еді. «Егемен Қазақстан», 22 маусым 2011 жыл. № 264-265 (26663).

**МСЭҚБ ММ** – Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қалалық басқармасы мемлекеттік мекемесі. Астана қаласының МСЭҚБ ММ. «Астана ақшамы», 26 тамыз 2008 жыл. № 101 (2265).

**МТҚ** – *Мемлекеттік тұрғын үй қоры*. ...Өткен жылы біз МТҚ-нан баспана алу кезегінде тұрған жетім балалар үшін «Искандер» ТК-нен бірнеше пәтер бөлдік, жатақхана ретінде, ол арендалық пәтермен қамтамасыз еткенге дейін уақытша берілді. «Астана ақшамы», 23 ақпан 2012 жыл. № 22 (2783).

**МТС** – *машина-трактор стансасы*. МТС-тің директоры болғысы келеді». «Жас Қазақ», 5 тамыз 2011 жыл. № 30 (342).

**МХР (МНР)** – *Моңғол Халық Республикасы*. Осы еңбегі үшін Моңғолияның Ұлы Халық Хуралы оны «Найрамдал» (Достық) медалімен, ал МХР-дың жоғары кәсіптік органы алтыншы бесжылдық екпіндісінің төсбелгісімен марапаттады. «Егемен Қазақстан», 25 ақпан 2009 жыл. № 74-77 (25474); МХР-да тұратын белгілі ақын Сұраған Рахметұлымен сұхбаттасудың сәті түсті. «Қазақ әдебиеті», 16 желтоқсан 2011 жыл. № 50 (3266).

**МЮ** – *Манчестер Юнайтед*. Соңғы кезде шетелдік телеарналар «МЮ»-дің қарызға белшесінен батқанын жарыса жариялауда. «Алаш айнасы», 22 қаңтар 2010 жыл. № 7 (233).

## Н

**НУ** – *Назарбаев университеті*. НУ-ға ауысу жеңілдеді. «Нұр Астана», 19 шілде 2012 жыл. № 29 (450).

## О

**ОАЖД** – *«Орталық Азия + Жапония» диалогы*. ОАЖД шеңберінде өңір елдерінің Жапониямен ынтымақтастығының барлық спектрі бойынша конструктивті пікір алысу жүріп жатыр. «Айқын», 19 тамыз 2008 жыл. № 154 (1091).

**ОАҚ(ЦАС)**–*Орталық Азия Қоғамдастығы*. Қазақстан өңірлік және континенталдық интеграция бойынша өз әріптестерімен (ТМД, ЕурАзЭҚ, ОАҚ және ШЫҰ) әлдеқашаннан бері ХХІ ғасырдың бірінші ширегінің жаһандық тренд арнасында – өңірлік интеграциялық бірлестіктер қалыптастырудың арнасында келеді. «Егемен Қазақстан», 3 ақпан 2009 жыл. № 42-44 (25441).

**ОАӨАҰО (ЦАРИКЦ)** – *Орталық Азиядағы өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығы*. ОАӨАҰО-ні құру туралы келісімге Қазақстан, Әзірбайжан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан және Өзбекстан президенттері қол қойған болатын. «Егемен Қазақстан», 28 наурыз 2009 жыл. № 117-118 (25515). ОАӨАҰА БҰҰ қаржыландыратын ұйым және ол өз қызметін Орталық Азия мен Ресейде жүргізеді. «Егемен Қазақстан», 11 қыркүйек 2010 жыл. № 368-369 (26212).

**ОАӨЭЫА** – ОАӨЭЫА 1 көлік дәлізі. «Егемен Қазақстан», 17 маусым 2009 жыл. № 206 (25603).

**ОАР (ЮАР)** – *Оңтүстік Африка республикасы*. Әлем біріншілігі ОАР-да өтпей қалуы мүмкін. «Жас Алаш», 11 шілде 2008 жыл. № 55 (1535). 1948-94 жылдары ОАР-да болған «қара нәсілділерді» құлдықта ұстаған апартеид саясатына қарсы күрескен Оливер Тамбоның да өз ұлтына сіңірген еңбегі мол. «Жас Алаш», 19 мамыр 2009 жыл. №40 (15394); 2010 жылы ОАР-да өтетін футболдан әлем чемпионатында жеңімпазға берілетін Әлем кубогі өткен жылы ең бірінші сапарын Египет астанасы – Каирден бастаған болатын. «Алматы ақшамы», 15 сәуір 2010 жыл. № 45 (4290); ОАР-дың экстремал тұрғыны «ғажайып адам» атанды. «Алаш айнасы», 23 шілде 2011 жыл. № 128 (580).

**ОББ (ЦРУ)** – *Орталық барлау басқармасы*. ОББ (ЦРУ) Вашингтонның іргесіндегі Лэнглиге, СВР (Ресейдің сыртқы барлау қызметі) Мәскеудің түбіндегі Ясеноваға орналасқан. «Жас Алаш», 17 шілде 2008 жыл. № 57 (15307).

**ОҒК (ЦНБ)** – орталық ғылыми кітапхана. ОҒК Қазақстандағы кітапханалармен, ғылыми-зерттеу мекемелерімен, жоғарғы оқу орындарымен ынтымақтастық орнатқан. «Алматы ақшамы», 17 қазан 2009 жыл. № 121 (4212).

**ОК (ЦК)** – Орталық комитет. 1960 жылыдың басында Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы болып Д.Қонаев сайланды. «Егемен Қазақстан», 26 қараша 2010 жыл. № 502-503 (26346).

**ОҚКА (ЦГКБ)** – Орталық қалалық клиникалық аурухана. ОҚКА-да қантамырлар хирургиясының, проктологияның, көз микрохирургиясының қалалық орталықтары орналасқан. Соңғы 5 жылдың ішінде ОҚКА спорт командасы қалалық жарыстарда 1 және жүлделі орындар алып келеді. «Алматы ақшамы», 15 қазан 2011 жыл. № 121 (4523).

**ОҚМПИ** – Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты. ОҚМПИ оғыландарды оқытады. «Нұр Астана», 18 қазан 2012 жыл. № 42 (463).

**ОҚМУ (ЮКГУ)** – М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті. ОҚМУ байланыс аясын кеңейтті. «Нұр Астана», 13 қараша 2008 жыл. № 46 (259). 2001 жылға дейін Шымкенттегі ОҚМУ-да қызмет еттім. «Айқын», 12 ақпан 2010 жыл. № 24 (1448). Жастар аллеясының ашылу салтанатында ОҚМУ ардагерлер кеңесінің төрағасы Мамадияров Сейітбек пен осы университеттің филология факультетінің I курс студенті Умида Жүсіпбекова сөз сөйлеп, жастарға жасаған жақсылықтар үшін облыс әкімдігіне рахмет айтты. «Егемен Қазақстан», 29 қазан 2010 жыл. № 447-449 (26292); Съезде көрсетілген осы маңызды мәселені жүзеге асыру мақсатында, ОҚО математика пәні мұғалімдері өкілдерімен кездесу өткізіліп, нәтижесінде М.Әуезов атындағы ОҚМУ-да университет ғалымдары, мектеп мұғалімдері мен әдіскерлердің бірлескен облыстық қауымдастығын құру туралы шешім қабылданды. «Айқын», 17 мамыр 2011 жыл. № 86 (1753).

**ОҚО (ЮКО)** – Оңтүстік Қазақстан облысы. ОҚО әкімі Асқар Мырзахметов «Оңтүстік» ӘКК төрағасы болып отырған кезде осы агрокешеннің аса маңызды екендігін ескеріп, үлкен қолдау білдірген еді. «Егемен Қазақстан», 21 сәуір 2009 жыл. № 141-142 (25539); Съезде көрсетілген осы маңызды мәселені жүзеге асыру мақсатында, ОҚО математика пәні мұғалімдері өкілдерімен кездесу өткізіліп, нәтижесінде М.Әуезов атындағы ОҚМУ-да университет ғалымдары, мектеп мұғалімдері мен әдіскерлердің бірлескен облыстық қауымдастығын құру туралы шешім қабылданды. «Айқын», 17 мамыр 2011 жыл. № 86 (1753); ОҚО озып тұр. «Жас қазақ», 14 қазан 2011 жыл. № 40 (352).

**ОММ (ЦГА)** – Орталық мемлекеттік мұрағат. Ендігі кезекте арнайы сараптама комиссиясына Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында ҚазҰУ ғалымдарының мұрағат қорын жасақтау жөніндегі ұсыныс жасау жоспарымызда бар», – деді Қазақстанның ОММ директоры. «Алматы ақшамы», 16 қаңтар 2010 жыл. № 6 (4251).

**ООТ** – опиоидтің орын басу терапиясы. Жоба жылдан-жылға жалғаса береді, алайда бағдарламаны қолдаушылар тобы ООТ бағдарламасының кемшіліктерін жасырып отырады екен. «Айқын», 27 сәуір 2011 жыл. № 74 (1741).

**ОРТСАЙЛАУКОМ (Центризберком ЦИК)** – Орталық сайлау комиссиясы. БҰҰДБ 2003 жылдан бастап Ортсайлаукоммен бірлескен жобаларды табысты іске асыруда. «Егемен Қазақстан», 24 қараша 2009 жыл. № 386-388 (25785); Енді олар алдағы бес жылда Ортсайлаукомның мүшесі болмақ. «Айқын», 10 сәуір 2010 жыл. № 61 (1485); «Бұл – Қазақстандағы республикалық референдумға қатысуға құқы бар азаматтардың жалпы санының 55,2%-ы» деді Ортсайлауком басшысы. «Айқын», 14 қаңтар 2011 жыл. № 6 (1673); Ортсайлаукомға келіп түскен өтініштер

туралы. «Айқын», 9 желтоқсан 2011 жыл. № 231 (1898).

**ОСК (ЦИК)** – *Орталық сайлау комиссиясы*. Сонымен қатар гүржі қоғамын «ОСК басшысын отставкаға кетіру керек» деген мәселе кернеп тұр. «Айқын», 25 сәуір 2008 жыл. № 76 (1013); ОСК Ақтөбеге келді (тақырып). «Айқын», 21 маусым 2008 жыл. № 114 (1051); Ол кеше өз командасын – ОСК мүшелерін жиып, алқа құрып, ақыл қосқан болатын. «Айқын», 14 қаңтар 2011 жыл. № 6 (1673).

**ОСКА** – *Орыс, славян, казак ұйымдары ассоциациясы*. ОСКА мүшелерінің қоғамдық қызметінің осыдан маңызы бір де кем емес тағы бір бағыты – біздің «Қазақстандағы орыс тілі» атты екінші бағдарламамыз. «Егемен Қазақстан», 28 наурыз 2009 жыл. № 117-118 (25515).

Олар: «Қазақстан темір жолы» (ҚТЖ), «Қазмұнайгаз» (ҚМГ), «Қазақтелеком» (ҚТК), «Қазатомөнеркәсіп» (ҚАӨ), «ЭйрАстана», Екібастұз ГРЭС-і өкілдері. «Қазақстан-Zaman», 30 қыркүйек 2010 жыл. № 39 (810).

**ОЭСР** – *Экономикалық ықпалдастық пен даму ұйымы*. Үкіметке өнертабыс пен патенттерді тіркеу ресімдерін жеңілдетіп, осы көрсеткіш бойынша ОЭСР елдері деңгейіне жетуді тапсырамын. «Егемен Қазақстан», 24 қаңтар 2013 жыл. № 48 (27987).

**ОШК (СМП)** – *Орта және шағын кәсіпкерлік*. Бұл салық ОШК иығына ауыр салмақ түсіреді, себебі, оны шетелдік туроператор емес, оның қазақстандағы серіктесі болып табылатын отандық турагенттер төлейді. «Қазақстан-Zaman», 30 қыркүйек 2010 жыл. № 39 (810).

**ОПД (ОДВД)** – *облыстық ішкі істер департаменті*. Атырау ОПД-нің Мақат аудандық ІІБ Көші-қон полициясы мен аудандық прокуратура қызметкерлері Қаратабан зауыты құрылысын жүргізуші мердігер компанияларды тексеру кезінде шетел

азаматтарының біздің елге іскерлік визамен келіп, құрылыс нысандарында жұмыс жасап жүргенін анықтады. «Айқын», 18 ақпан 2009 жыл. № 27 (1208); Оған аймақ басшысы Бергей Рысқалиев пен ҚР Ішкі істер министрінің орынбасары Амантай Күреңов қатысып, Атырау ОПД-нің бастығы Рахмаджан Досанов аймақтағы криногендік жағдай жөнінде әңгімеледі. «Айқын», 26 қаңтар 2010 жыл. № 11 (1435).

## Ө

**ӨИҚ** – *Өзбекстанның ислам қозғалысы*. Кейбір болжамдарға карағанда, ӨИҚ-ның бұл көзқарасы өзгере бастаған сияқты. «Жас Алаш», 13 қыркүйек 2011 жыл. № 73 (26635).

**ӨСЕҚ (ППДО)** – *Өртке қарсы еріктілер қоғамы*.

**ӨСҚАБ** – *Өндіруші сала қызметінің ашықтығы бастамасы*. Қазақстанда ӨАСҚАБ-ны іске асыру жөніндегі мүдделі тараптардың ұлттық кеңесінің мүшелері Премьер-Министрге бастаманы енгізу және оны жетілдіруге байланысты қажетті шаралар аясында Қазақстанда валидация үдерісінің барысы туралы хабарлады. «Егемен Қазақстан», 5 маусым 2009 жыл. № 195-196 (25593).

**ӨТҚО** – ..... Ұйымның ағымдағы мәселелерімен қатар, Беларусь Республикасы мен Шри-Ланка Социалистік Республикасына ШЫҰ сұхбаты бойынша серіктестік мәртебесін беру туралы және бас хатшысы және ӨТҚО атқарушы комитеті директоры лауазымына кандидатураларды қарастыру мәселелері талқыланбақ. «Айқын», 9 маусым 2009 жыл. № 102 (1283).

**ӨҰК** – *өтпелі ұлттық кеңес (Ливия)*. «Өтпелі ұлттық кеңес әскерлері Каддафидің жақтастарына оқ жаудырып, ол сол жерде қаза болды» деп мәлімдеді ӨҰК өкілі Абдел Маджид Млегта. «Алаш айнасы», 21 қазан 2011 жыл. № 187 (639).

## П

**ПА (ПА)** – *Парламенттік Ассамблея*. Қазақстан ПА жұмысына 1996 жылдан бері қатысып келеді. «Егемен Қазақстан», 18 ақпан 2009 жыл. № 67 (25464).

**ПАА (МПА)** – *Парламентаралық Ассамблея*. ТМД ПАА-ның халықаралық байқаушылар штабы Астана мен Алматы қалаларында орналасады. «Егемен Қазақстан», 12 наурыз 2011 жыл. № 81-84 (26486).

**ПӘ (АП)** – *Президент Әкімшілігі*. Сондықтан «Нұр Отан» партиясына, Үкіметке, ПӘ-ге, Парламентке дағдарыс пен жаңарту жоспарын ойластыру міндеті қойылады. «Егемен Қазақстан», 19 мамыр 2009 жыл. № 175-176 (25573).

**ПжБХҒО** – *Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы*. Келген қонақтардың ішінде ПжБХҒО-ны он үш жыл басқарған, еліміздің баллар хирургиясы саласының дамуына орасан зор үлес қосқан академик Камал Ормантаев та өз қуанышымен бөлісті. «Егемен Қазақстан», 23 желтоқсан 2011 жыл. № 647-648 (27040).

**ПИК (КСК)** – *пәтер иелері кооперативі*. ПИК-тің пұшайман сиқы атқарушы билікті де алаңдата бастады. «Айқын», 1 тамыз 2008 жыл. № 142 (1079). Жылудың берілмеуіне ПИК-тер кінәлі. «Алматы ақшамы», 30 қазан 2008 жыл. № 123 (4061). «Жас» деген ПИК-ке бірнеше рет бардым. «Жас Алаш», 29 қаңтар 2009 жыл. № 9 (15363); ПИК болсын немесе басқа бір басқару органы болсын, олардың алдында тұрған жұмыс көп. «Астана ақшамы», 8 қазан 2011 жыл. № 115 (2725).

**ПИҚ** – *Пайыздық инвестициялық қорлар*. ПИҚ әртүрлі инвестициялық стратегияларды жүзеге асыру мақсатында құрылады. «Жетісу», 18 қыркүйек 2010 жыл. № 108 (17377); Өзі таңдаған ПИҚ-ға ай сайын салатын инвестициясын жұмыс

істейтін жеріндегі бухгалтерия арқылы аудартып отырады. «Айқын», 16 ақпан 2011 жыл. № 29 (1696).

**ПҚҚР** – *ПетроҚазақстан Құмкөл Росорсиз*. Жалпы, ПҚҚР жұмыс істеп жатқан Құмкөл кеніші мұнай өндірудің шыңына жетіп қалды. «Айқын», 9 маусым 2010 жыл. № 101 (1525).

**ПМПИ** – *Павлодар мемлекеттік педагогика институты*. ПМПИ: Малайзияда оқуға мүмкіндік. Осы келісімшарт кезінде енді Малай мемлекетінің жетекші жоғары оқу орнында ПМПИ студенттері мен оқытушылары тәжірибеден өтіп, білімдерін шындап, өздерінің кәсіптік деңгейін арттыра алады – дейді ПМПИ проректоры Ербол Исақаев. «Нұр Астана», 9 ақпан 2012 жыл. № 22 (704).

**ПМУ** – *Павлодар Мемлекеттік университеті* (толық атауы – С.Торайғыров атындағы Павлодар Мемлекеттік университеті). ПМУ-дың ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор Ерлан Арынның басшылығымен қара шаңырақтың ұжымы көптеген істерді қолға алған. «Айқын», 23 сәуір 2011 жыл. № 72 (1739).

**ПҮАЖ (САПП)** – *Президент пен Үкіметтің актілер жинағы*. Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2009ж., № 31, 287-құжат. «Егемен Қазақстан», 29 желтоқсан 2011 жыл. № 660-665 (27057).

**ПХА** – *Прокурорлардың халықаралық ассоциациясы*. ПХА-ның Бас кеңесшісі Элизабет Хоу кездесу барысында 2011 жылдың қазанында Астана қаласында ПХА-ның 6-шы аймақтық конференциясын өткізуге дайындық мәселелері талқыланды, деп хабарлады Бас прокуратураның Халықаралық қатынастар департаменті. «Егемен Қазақстан», 11 қыркүйек 2010 жыл. № 368-369 (26212).



## Р

**РАНТ (РИПГ)** – республикалық-ақпараттық насихаттық топтар. Ішінара алғанда РАНТ жұмысын өндірістік кәсіпорындар мен ауылдық аудандарға үлкен көңіл бөле жүргізу ұсынылды. «Айқын», 19 ақпан 2010 жыл. № 29 (1453); Алматы қаласына келетін РАНТ-тың кездесулері экономикалық даму және сауда министрі Жанар Айтжанованың басшылығымен өтеді. «Алматы ақшамы», 26 ақпан 2011 жыл. № 22 (4424).

**РҒПО (РНПЦ)** – Республикалық ғылыми-практикалық орталық. Сөйтіп, 2007 жылы білім беру саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу үшін және 12 жылдық білім беру проблемасы РҒПО-ны қаржыландыруға мемлекет 136 млн теңге бөлді. «Айқын», 11 ақпан 2009 жыл. № 22 (1203).

**РЖҚБ (ООРМ)** – Республикалық жастар қоғамдық бірлестігі. Жуырда Алматыдағы Республика сарайында РЖҚБ «Қазақстан КВН одағының» қазақша КВН-нен маусымашар – 2009 фестивалі өтті. «Егемен Қазақстан», 13 наурыз 2009 жыл. № 98-99 (25496).

**РҚБ** – Республикалық қоғамдық бірлестігі. Бүгінгі күні «Нұр Отанда» тұрақты түрде депутаттармен, мемлекеттік және және құқық құқық қорғау органдары, банктер, басқа да мекеме басшыларымен азаматтарды қабылдау өткізіліп, Қазақстан адвокаттар одағы және «Қоғамдық» қорғаушы» РҚБ өкілдерімен тегін кеңес беру көмегі көрсетіледі. «Егемен Қазақстан», 6 қазан 2011 жыл. № 481(26873).

**РҚББОӘО** – Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы. – Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы (РҚББОӘО) – біздің республикадағы қосымша білім беру ұйымдарының көпшілікке белгілі көшбасшысы. «Айқын», 17 маусым 2009 жыл. № 108 (1289).

**РМФМОМИ (РСФМШИ)** – Республикалық

мамандандырылған физика-математика мектеп-интернаты. Халықаралық олимпиаданың бас демеушілері – «Еххон Mobil Kazakhstan» компаниясы, бас серіктестігі – «РМФМОМИ» түлектері қоры» қоғамдық қоры. «Алматы ақшамы», 14 қаңтар 2010 жыл. № 5 (4250). Жәутіков олимпиадасының тағы бір ерекшелігі, басқа білім сайыстары мекенін ауыстырып отырса, бұл дода тек Алматыдағы РМФМОМИ базасында өткізіледі. «Егемен Қазақстан», 23 қаңтар 2010 жыл. № 21-23 (25869).

**РПБК** – Республикалық полиграфиялық баспа кешені. Одан соң сөз алған «Дәуір» РПБК бас директоры С.Назарбаева өзі басшылық жасап отырған кәсіпорынның қызметіне қысқаша тоқтала келе, өздерінің Қаз ҰТУ-да полиграфия мамандығы бойынша білім алып жатқан үздік және әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыдан шыққан студенттерге шәкіртақы тағайындап, қамқорлық көрсететінін, алдағы уақытта сол екі студентті оқу бітірген соң жұмыспен қамту мәселесін де қарастыратынын жеткізді. «Егемен Қазақстан», 30 желтоқсан 2011 жыл. № 666-672(27064).

**РТРК АҚ («Қазақстан» РТРК АҚ)** – «Қазақстан» республикалық теле-радио корпорациясы Акционерлік қоғамы. «Егемен Қазақстан», 12 шілде 2008 жыл. № 212 (25183); «Қазақстан» РТРК-да – жаңа орынбасар. «Президент және халық», 24 сәуір 2009 жыл. № 16 (189).

**РНХҒО РМК (РГП «РНХНЦ»)** – «Республикалық нейрохирургия орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық нейрохирургия орталығы» (РНХҒО) РМК 2008-2009 оқу жылына нейрохирургия мамандығы бойынша резидентураға тыңдаушыларды дайындауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурс жариялайды. «Егемен Қазақстан», 16 шілде 2008 жыл. № 215 (25186).

**РФ (РФ)** – *Ресей федерациясы*. РФ-ның аумағында да кавказдық республикалар жетіп артылады. «Егемен Қазақстан», 15 тамыз 2008 жыл. № 253-254 «25224»; РФ Мәдениет министрі Александр Авдеев федералды театрлар мен оркестрлердің басымы көпшілігіне квота енгізілетінін айтты. «Алматы ақшамы», 14 қараша 2009 жыл. № 133(4224). Ескерткіш тақталар Қазақстан Республикасының президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша және Ресей басшылығы мен Орынбор облысы әкімшілігінің қолдауымен орнатылды, деп хабарлады ҚР-дың РФ-дағы елшілігінің баспасөз қызметі. «Егемен Қазақстан», 26 қараша 2010 жыл. № 502-503 (26346).

**РХДУ (РУДН)** – *Ресей Халықтар достығы университеті (Россиский университет дружбы народов)*. РХДУ ұлықтарды тәрбиелейді. Жиын барысында РХДУ бітірушілерінің қазақстандық қауымдастығы құрылды. «Нұр Астана», 4 қазан 2012 жыл. №40 (461).

## С

**САО** – «Нормативтік талаптарды қадағалау жөніндегі кеңесшінің аппараты» САО ұсынып отырған «2008 жылдың аудиті жөніндегі есебінде» ҚПО-ның қоршаған ортаны қорғау саласындағы қызметіне талдау мен ҚПО заңнамаларға сәйкес талаптарды қалай орындағаны туралы талдаулар енбегенін атап өту маңызды. «Егемен Қазақстан», 10 ақпан 2009 жыл. № 57-58 (25455).

**САРАТС** – «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Солтүстік Арал теңізін сақтау» жобасы. «САРАТС» жобасының екінші кезеңінің дайындығы сол жылы-ақ Қазақстанда жүзеге асырылатын жобалар қатарынан орын алған еді. «Егемен Қазақстан», 14 сәуір 2009 жыл. № 133-134

(25531).

**СБО** – *Сынақ-біліктілік орталықтары*. СБО желісі мемлекеттік тілді білу деңгейін растайтын «Қазтест» сертификаттарын беруге де, оқытушыларды аттестаттау жүйесін құруға да арналған. «Ана тілі», 29 шілде – 4 тамыз 2010 жыл. № 30 (1023). СБО желісі мемлекеттік тілді білу деңгейін растайтын Қазтест сертификаттарын беруге де, оқытушыларды аттестаттау жүйесін құруға да бағытталмақ. «Егемен Қазақстан», қыркүйек 2011 жыл.

**СЕӨЖ** – *салық есептерін өңдеу жүйесі*. Салық есептерін өңдеу жүйесі (СЕӨЖ) мен салық төлеушіге арналған салық кабинетінде жұмыс бойынша туындаған мәселелерді жедел шешу үшін бағдарламалар әзірлеушілерді қолдау қызметі жұмыс істейді. «Алматы ақшамы», 24 қараша 2009 жыл. № 137 (4228).

**СҒЗЖ (НИРС)** – *Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары*. СҒЗЖ-тің мақсаты студенттердің ғылыми жұмысын өткізу, басқа да жоғары оқу орындарымен тығыз қарым-қатынаста болу және тағы сол сияқты іс-шаралар. «Білім жаршысы», 19 наурыз 2010 жыл. № 3 (77).

**СДР** – *Special Drawing Rights*. Егер Еуропалық қайта құру және даму банкі Қазақстанды теңгемен несиелендіруге көшетін болса, мұндай жағдайда біздің ұлттық валютамыз орта Азия мемлекеттері үшін СДР қоржынындағы валюта болып шығар еді. Орайы келгенде айта кетейік, теңге қазірдің өзінде бұл аймақта СДР қоржынындағы валюта қызметін атқаруда. «Айқын», 24 мамыр 2011 жыл. № 91 (1758).

**СДУ (УСД)** – *Сүлеймен Демирел атындағы университет*. СДУ-дің артықшылықтары. «Қазақстан-Zaman», 10 шілде 2008 жыл. № 28 (965); 16 жеңімпаз – СДУ студенті. Былтырғы олимпиада қорытындысында 20 оқушыға студент болу бақыты

бұйырса, биылғы сайыста 16 өрен СДУ грантын жеңіп алды. «Нұр Астана», 12 сәуір 2012 жыл. №15 (436).

**СЖТИ** – *Сыбайлас жемқорлықты түйсіну индексі*. Зерттеудің қорытындысы бойынша, қазақстан СЖТИ көрсеткішін бірден 25 тармаққа жақсартып, жылғы 2008 жылғы 145-ші орыннан 2009 жылдың қорытындысы бойынша 120-шы орынға көтерілді. «Егемен Қазақстан», 31 желтоқсан 2009 жыл. № 448-449(25846).

**СҚО (СКО)** – *Солтүстік Қазақстан облысы*. Бұлай деуімізге СҚО Халықты әлеуметтік қорғау және қадағалау департаментінің медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімінің бастығы есірткі заттарын сағты деген күдікпен қамауға алынуы себеп болып отыр. «Айқын», 13 наурыз 2009 жыл. № 43(1224).

**СҚМУ(СКМУ)** – *М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті*. СҚМУ ұжымы мен студенттері Үкіметтің дағдарыстан шығу стратегиясын толығымен қолдайды. «Егемен Қазақстан», 9 мамыр 2009 жыл. № 165-167 (25564). Топ жетекшісі Б.Жәмішев М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-да оқитын болашақ қаржыгерлермен кездесу өткізді. «Егемен Қазақстан», 30 мамыр 2009 жыл. № 190-191 (25588); Петропавл қаласындағы № 17 ұлттық өркендеу мектеп-кешенінің чешен-ингуш бөлімінің мұғалімі Мария Ганиева өз тәжірибесімен бөліссе, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ студенті Анастасия Сафронова қазақ тілінде мүлтіксіз сөйлеп, салмақты ойларымен жиналғандарды риза етті. «Егемен Қазақстан», 15 қыркүйек 2011 жыл. № 436-437 (26830).

**СОКП ОК (ЦК КПСС)** – *Совет Одағы Коммунистік Партиясының Орталық Комитеті*. Егер маған әділеттілік емес, мансап керек болғанда, мен 1986 жылдың маусымында-ақ СОКП ОК-нің инспекторлығына ілігіп кететін едім ғой! «Жас Алаш», 22 шілде 2008 жыл. № 58 (15308).

**СОО (ТРЦ)** – *Сауда ойын-сауық орталығы*. СОО-ның жалпы алаңы 177 мың шаршы метрді құрайды. Осылайша СОО Еуропадағы қала шегінде орналақан ең ірі нысан болып тарихқа жазылды. «Егемен Қазақстан», 15 қыркүйек 2011 жыл. № 436-437 (26830).

**СӨС (ЗОЖ)** – *Саламатты өмір салты (здоровый образ жизни)*. Служба ЗОЖ: орендир на молодежь. «Казахстанская правда», 10 декабря 2011 года. № 398-399 (26789-26790).

**СӨТ (ППИ)** – *сынақ өткізу тәжірибесі*. Кездесуге қатысушылар СӨТ-тің табысты өтуіне сенім білдірді және Қазақстан Республикасы мен ЯСЖТСШ арасындағы ынтымақтастықтың одан әрі тереңдей түсуіне мүдделілік танытты. «Егемен Қазақстан», 5 қыркүйек 2008 жыл. № 273-274 (25244).

**ССК** – *Сыртқы сараптау комиссиясы*. ССК құрамына қазақстандық және шетелдік жоғары кәсіби сертификатталған ҚР БжҒМ ҰАО сарапшылары кіргізілген. «Алматы ақшамы», 25 қараша 2010 жыл. № 143 (4388).

**ССКӨБ** – *Соколов-Сарыбай тау-кен байыту өндірістік бірлестігі*. Осы мақсатта ССКӨБ білім беру жобаларына демеушілік көмек көрсетеді. Айталық, ССКӨБ-нің кадрларды дайындау және оқыту орталығында білікті педагогтар жылына 5000 қызметкерге сабақ өткізеді. «Айқын», 4 қазан 2011 жыл. № 183 (1850).

**СТН (РНН)** – *Салық төлеушінің тіркелу нөмірі*. СТН-нің мемлекеттік тілде толтырылған беті неге жарамсыз. «Астана хабары», 2008 жылғы 15 наурыз. № 58 (2222).

**СТРН (РНН)** – *Салық төлеушінің реттік нөмірі*. Мысалы, уақыт тәртібі бойынша салық төлеушінің СТРН беру мерзімі арыз берген күннен екі күннен кейін беріледі, яғни салық органына келіп СТРН дайын болуы туралы мәліметті жинау

қажеттілігі жоғалады, тек айтылған күні келіп алып кетуіне болады. «Алматы ақшамы», 19 наурыз 2009 жыл. № 32 (4123).

**СШИ (ИПР)** – *Саяси шешімдер институты*. СШИ-дің әлеуметтік сауалнамасына сәйкес, респонденттің 53,6 пайызы үйдің негізгі асыраушысы еркек болуы керек деп есептейді. «Жас қазақ», 24 тамыз 2012 жыл. № 32-33(396-397).

**СЭҚ ТН** – *Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы*. СЭҚ ТН интерпретациялаудың негізгі ережелері, СЭҚ ТН пайдаланылатын өлшем бірліктері. «Егемен Қазақстан», 29 желтоқсан 2011 жыл. № 660-665 (27057).

**СЭҚ (ВЭС)** – *сыртқы экономикалық қызмет*. Бұл құрылымның басты жұмысы СЭҚ-пен шұғылданушы тұлғалардың қызметіне, дәлірек айтқанда, кедендік рәсімдеуден өтіп, пайдалануға берілген тауарлардың кейінгі тағдырына тексеру түрінде бақылау жасайды. «Егемен Қазақстан», 4 ақпан 2009 жыл. № 45-48 (25445); СЭҚ қатысушыларға мүлтіксіз қызмет етуді қамтамасыз етеді. «Егемен Қазақстан», 24 ақпан 2009 жыл. № 72-73 (25470).

**СЭС (СЭС)** – *санитарлық эпидемиологиялық станса*. Республикалық СЭС-те мамандар даярлау мәселесіне соңғы жылдары ерекше көңіл бөлінді. «Айқын», 18 шілде 2008 жыл. № 132 (1069); СЭС сесінен айрылған жоқ. «Айқын», 27 ақпан 2009 жыл. № 27 (1208).

**СЭС (ГЭС)** – *су электр стансасы*. Алайда, Машкевичтің «қанды балақ» досы деп жүрген Ф.Кулов ЖЭС жекеменшікке берілсе, электр тарифін үкімет белгілейтінін және Тоқтағұл СЭС-і мен оның магистралды жүйесі секілді мемлекеттік стратегиялық маңызы бар нысанды кім көрінгеннің қолына бермейтінін ашық айтып, табандап тұрып алды. «Жас Алаш», 30 қыркүйек 2008 жыл. № 78 (15328); Мойнақ СЭС-інің құрылысын жүргізу барысында жұмыспен қамтылған 1000- нан

астам адамның 877-сін жергілікті тұрғындар құрады. «Алаш айнасы», 28 қыркүйек 2011 жыл. № 170(622).

**СІМ (ҚР СІМ – МИД РК)** – *Сыртқы істер министрлігі*. Грузия-НАТО комиссиясын құру жөніндегі шешім альянсқа мүше мемлекеттердің СІМ башыларының кездесуінде шешілген еді. «Айқын», 23 тамыз 2008 жыл. № 158 (1095).

**СЫРБАР** – *сыртқы барлау*. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін нығайту және арнайы қызметтерінің құрылымын оңтайландыру мақсатында, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган ретінде Қазақстан Республикасының «Сырбар» Сыртқы барлау қызметі құрылды. «Егемен Қазақстан», 18 ақпан 2009 жыл. № 67(25464); «Сырбар» деген немене? «Жас Алаш», 19 ақпан 2009 жыл. № 15 (15369).

## Т

**ТАЕ (МЗП)** – *міндетті әлеуметтік сақтандару жүйесі*. Міндетті әлеуметтік сақтандыру және еңбек заңнамаларына сәйкес ай сайынғы әлеуметтік аударымдар қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген төменгі бір айлық еңбекақы (ТАЕ) мөлшерінен кем емес және он еселенген ТАЕ мөлшерінен кем емес мөлшерден аударылуы қажет. «Ана тілі», 5-11 қараша 2009 жыл. № 44 (985).

**ТарМПИ** – *Тараз мемлекеттік педагогикалық институты*. ТарМПИ-де ол екі жылдай ғана басшылықта болды. «Егемен Қазақстан», 4 қазан 2012 жыл. № 648 (27720).

**ТарМУ (ТарГУ)** – *М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті*. Болашақта ел алдында, сол елдегі ТарМУ сияқты беделді оқу орнының алдында биік мақсат, күрделі мәселелер тұр. «Егемен Қазақстан», 23 ақпан 2010 жыл. № 66-68 (25914).

ТарМУ-дың 60-тан астам бітіруші-білімгерлері жұмысқа шақыру алды, 20 бітіруші әртүрлі мекемелерге бірден жұмысқа орналасты. «Жас Алаш», 18 қараша 2010 жыл. № 92 (15550).

**ТӘБ (БТА) – «ТұранӘлемБанк».** ТӘБ ең озық банк аталатын күн де алыс емес. «Ана тілі», 2008 жылғы ақпанның 28-і № 9 (898).

**ТӘЖ –** Құжаттарды алушының тегінде, атында, әкесінің атында, туған күнінде ЗМТО мәліметтері және жеке басын куәландыратын құжаттарда ТӘЖ арасында айырмашылықтар болған жағдайда, онда 2012 жылы алушының банк шотына зейнетақы, базалық зейнетақы төлемінің сомасын есепке қосуда қиындықтар пайда болады. «Астана ақшамы», 9 тамыз 2011 жыл. № 89 (2699).

**ТБО – техникалық байқау орталықтары.** ТБО-лар туралы мәліметті қайдан алуға болады? «Алаш айнасы», 27 ақпан 2012 жыл. № 27 (709); ТБО қатары толықты. «Астана ақшамы», 7 наурыз 2012 жыл. № 28 (2789).

**ТЖ – туфли жалау.** Дәстүр болды ТЖ-лықты зор дәреже санау. (М.Шаханов). «Жас Алаш», 17 ақпан 2011 жыл. № 13 (15575).

**ТЖД (ДЧС) – Төтенше жағдайлар жөніндегі департамент.** Оқиғаның себебін тексеру барысында олардың Байжансай ауылынан көршілес ауылға теледидар тамашалауға барғаны, қайтар жолда қалың тұман салдарынан ауылдан адасып кеткені анықталды, – делінген Оңтүстік Қазақстан облыстық ТЖД баспасөз қызметінің «Айқын» газетіне жолдаған ақпаратында. «Айқын», 24 ақпан 2009 жыл. № 31(1212); ТЖД мамандары таратқан мәліметтерге қарағанда, жасанды өзеннен төмен орналасқан 700 жер телімінің иелерін әлі де қандай тосын жағдайлар күтіп тұрғаны белгісіз. «Айқын», 26 мамыр 2009 жыл. № 92(1273). Үйінді астында бес адам қалған, – дейді ТЖД

баспасөз хатшысы Жанна Дәуренбекова. «Айқын», 26 қаңтар 2010 жыл. № 11( 1435); ТЖД ескертеді. ТЖД суда құтқару қызметі балаларға, шынықпаған, қарт адамдарға және спирттік ішімдік пайдаланған адамдарға суға түсу пайдалы болмайтынын ескертеді. «Астана ақшамы», 19 қаңтар 2012 жыл. №7 (2768).

**ТЖЖ (ПКО) – Түбегейлі жаңару жоспары.** ТЖЖ баршаға дағдарыстан шығу жолындағы іс жүзіндегі новигатор төтенше қажет. «Егемен Қазақстан», 3 ақпан 2009 жыл. № 42-44 (25441).

**ТжКБ – техникалық және кәсіптік білім.** Халықаралық ынтымақтастықты дамыту жөнінде ТжКБ жүйесінде жұмыстар жалғасын табуда. «Егемен Қазақстан», 19 қаңтар 2010 жыл. № 14-15 (25861); ТжКБ-ны, оның әдіснамалық базасын және кадр даярлауды жүйелі жетілдіру міндеті қойылды. «Егемен Қазақстан», 12 қаңтар 2011 жыл. № 8 (26410); ТжКБ үйлестіру мен басқаруды жүзеге асыру үшін «Кәсіпқор» холдингі» АҚ құрылды. «Егемен Қазақстан», 30 желтоқсан 2011 жыл. № 666-672 (27064); ТжКБ басымдық беріліп, оның ілгері дамуына мемлекет, бизнес орындары және азаматтар мүдделі. «Айқын», 27 қаңтар 2012 жыл. № 17 (1928).

**ТЖМ (МЧС) – Төтенше жағдайлар министрлігі.** ТЖМ хабарлайды. «Егемен Қазақстан», 13 қазан 2009 жыл. № 334-335 (25732).

**ТЖМК (ГКЧП) – Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет.** ТЖМК-нің әрекетіне халық қалай қарады? Ал Ирак және Қытай Үкіметтері ТЖМК-ның құрылуын жақтады. «Айқын», 11 тамыз 2011 жыл. № 147(1814); ТЖМК мүшелерінің іс-әрекеттері о бастан-ақ арандатушылық сипатқа ие болды. «Егемен Қазақстан», 13 желтоқсан 2011жыл. № 618-621(27013).

**ТЖО (СТО) – техникалық жөндеу орталығы (станция технического обслуживания).** 15 ақпанда Қалқаманда DAF және

басқа да жүк машиналарының ТЖО ашылады. «Қазақстан-Zaman», 11 ақпан 2010 жыл. № 06 (778). Дәл осы маңдағы 6 ТЖО-ның тек біреуі ғана қаладағы салық органдарында тіркелгені анықталды. «Алматы ақшамы», 4 наурыз 2010 жыл. № 27 (4272); ТЖО-дан көлік ұрлау тыйылмай тұр. «Алматы ақшамы», 4 мамыр 2010 жыл. № 53 (4298); ТЖО мен көлік жуу орындарында да көлік ұрлаушылар бар. «Алматы ақшамы», 9 сәуір 2011 жыл. № 44 (4446).

**ТИГУ** – *Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті*. ТИГУ-ді не түлен түртіп жүр? «Жас Алаш», 28 шілде 2011 жыл. № 59-60 (15621-22).

**ТКШ (ЖКХ)** – *тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы*. Онда облыстар мен Астана және Алматы қалалары әкімдерінің аймақтық ТКШ бағдарламасын іске асыру барысы туралы есептері тыңдалды. «Егемен Қазақстан», 28 наурыз 2009 жыл. № 117-118 (25515). Олар – саланы дамыту мен қайта жаңғыртуға бағытталатын жобаларды қаржыландыру үшін бюджеттен тыс көздерді іздестіру, ТКШ саласында жұмыс істейтін кәсіпкерлік субъектілерді несиелеудің жолдарын қарастыру, ресурстар мен қуаттарды үнемдеу технологияларын, ТШН-ды басқарудың қазіргі замандық әдіс-тәсілдерін енгізу секілді міндеттер. «Егемен Қазақстан», 15 қаңтар 2010 жыл. № 10-11 (25857); Ал бүгіннен бастап партияның қоғамдық қабылдау бөлімінде ТКШ және құрылыс істері жөніндегі агенттігі, ТКШ қазақстандық орталығымен бірлесіп әр апта сайын консультациялық кеңес беру өткілетін болады. «Егемен Қазақстан», 6 қазан 2011 жыл. № 481(26873).

**ТҚЖ (ЖССС)** – *Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі*. Германияда ТҚЖ жүйесінің дамуында мемлекет үлкен рөл ойнайды. «Егемен Қазақстан», 6 қазан 2010 жыл. № 410-413 (26256); ТҚЖ жүйесі үлкен тәуекелдерге ұрындырмайды, қарызға ба-

тырмайды. «Айқын», 18 қаңтар 2011 жыл. № 8 (1675); Банк ТҚЖ шарттарын жасаумен қатар салымшыларына тұрғын үй жағдайларын жақсартуға да заемдар береді. «Айқын», 3 наурыз 2011 жыл. № 40 (1707).

**ТҚЖБ (ЖССБ)** – *Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі*. Оның үстіне банк тұрғын үй құрылыс жинағы туралы бірнеше келісім-шарт жасалған жағдайда оны ынталандыруды көздеп отыр, яғни, 1 қазан мен 31 желтоқсан аралығында ТҚЖБ «Отбасы» акциясын жүргізбек. «Егемен Қазақстан», 19 қараша 2010 жыл. № 493-494 (26337); ТҚЖБ заемдарына сұранысты арттырудың қосымша шарасы – алдын ала және аралық тұрғын үй заемдарын алу үшін банкке хабарласқан клиенттер үшін күту мерзімінің жойылуы. «Егемен Қазақстан», 26 қараша 2010 жыл. № 502-503 (26346).

**ТМД (СНГ)** – *Тәуелсіз мемлекеттер достастығы*. ТМД-ның түтінін түзетпек. «Айқын», 6 маусым 2008 жыл. №103 (1040).

**ТМД ҮБК (СРП СНГ)** – *Тәуелсіз мемлекеттер достастығы Үкіметтер басшылары Кеңесі*. Тараптар ТМД ҮБК қатысушылардың барлығы да үйлесімді өзара іс-қимылға дайын екенін атап өтіп, алдағы мәжілістің нәтижелі боларына сенім білдіреді. «Егемен Қазақстан», 22 мамыр 2009 жыл. № 178-180 (25577); ТМД ҮБК отырыстарында еркін сауда аумағы туралы жаңа келісім-шартты, 2020 жылға дейінгі ТМД Экономикалық даму стратегиясының екінші кезеңін (2012-2015 жылдар) іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу мәселелері талқыланады. «Егемен Қазақстан», 19 қазан 2011 жыл. № 503-504 (26896).

**ТМРА (АРЕМ)** – *Табиғи монополияларды реттеу агенттігі*. Оған Парламент депутаттары, министрліктер мен ведомстволардың табиғи монополия субъектілерінің, ТМРА-ның аймақтық органдарының өкілдері қатысты. «Егемен

Қазақстан», 17 қараша 2009 жыл. № 14-15 (25412).

**ТМС** – *табиғи монополия субъектісі*. Ал 2010 жылы бұл тариф 30 ТМС-ға бекітілген екен. ТМС-ның инвестициялық тарифтерге көшуі тұтынушыларды тариф тұрақтылығы мен болжалдылығын, активтерді жаңғыртуға инвестициялар салу есебінен қызмет сапасын арттырумен қамтамасыз етеді. «Егемен Қазақстан», 2 ақпан 2012 жыл. № 46 (27118).

**ТМЫК** – *Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі*. Бұл тұрғыда, әңгіме, ең алдымен, Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің (ТМЫК) құрылуында болып отыр. «Айқын», 26 қаңтар 2010 жыл. № 11 (1435); Қ.Мәми Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің (ТМЫК) қызметін бекітетін заңнамалық база заңнамалық база жасау қажеттігін атап өтті. «Егемен Қазақстан», 30 сәуір 2011 жыл. № 178-181); ТМЫК-нің бас хатшысы Халил Ақынжы: «Жаңадан құрылған іскерлік кеңес алдында екі түрлі міндет тұр – жаңа бағыттарға жол ашу және мемлекетаралық сауда-экономикалық қарым-қатынасты күшейту», – деді. «Жас қазак», 21 қазан 2011 жыл. № 41 (353); Бір айта кетер жайт, ТМЫК бас хатшысы Халиль Ақынжының айтуынша, келер жылы Бішкекте өтетін саммит «Білім, ғылым және мәдениет саласындағы ынтымақтастық» тақырыбына арналмақ. «Айқын», 22 қазан 2011 жыл. № 197 (1864).

**ТНАБ** – *тиімді нақты айырбастау бағамы*. Теңгенің еліміздің сауда әріптестерінің валюталар тобына шаққан бағамының динамикасы есебінен, 2009 жылдың қазан айының соңына саналған ТНАБ индексі, 2008 жылдың желтоқсан айының көрсеткішінен 22,3% төмен болды. «Айқын», 26 желтоқсан 2009 жыл. № 240 (1421).

**ТОҒЗИ** – *Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институты*. ТОҒЗИ – дамудың жаңа жолында дейді еліміздің

бас травматолог-ортопеді Нұрлан Жұмағұлұлы. «Егемен Қазақстан», 12 маусым 2010 жыл. № 231-232 (26076); Күн сайын ТОҒЗИ-де 100-ге тарта операция өткізіледі, сондай-ақ оперативтік көмек жыл бойы Қазақстанның барлық аймқтарынан келген травматологиялық науқастардың 5 мыңнан астамына көрсетіледі. «Егемен Қазақстан», 8 қараша 2011 жыл. 531-532 (26924).

**ТҮКШ (ЖКХ)** – *тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы*. Осыған байланысты біздің болжамымызша, әкімдіктерге енді шұғыл түрде ТҮКШ-ті дамыту бағдарламасына қаржы бөлу жөніндегі өтінімдерді «Жол картасына» қатаң сәйкес келетіндей етіп қайта қалыптастырып шығу керек болады. «Айқын», 7 сәуір 2009 жыл. № 59 (1240); «ТҮКШ» деп отырғанымыз – тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы. «Айқын», 27 мамыр 2009 жыл. № 93 (1274); Түңілігін жаңадан түрген ТҮКШ көп қаржыға шетелден кеңесші шақырмақ. «Айқын», 10 наурыз 2010 жыл. № 41 (1465).

**ТҮҚЖ** – *тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі*. Үй салынып біткеннен кейін жергілікті атқарушы органдар ТҮҚЖ банкінің салымшыларымен сатып алу-сату келісімшартын жасайды. «Айқын», 16 ақпан 2011 жыл. № 29 (1696).

**ТҮҚЖБ** – *Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі*. Әсем шаһарда ТҮҚЖБ арқылы 3 ТК салынууда. Осыдан кейін қалған бөлікті жас отбасы ТҮҚЖБ-ға 15 жыл ішінде 4 пайызбен төлейтін болады. «Айқын», 27 наурыз 2012 жыл. № 54 (1965).

**Түркатком** – *Түркістан атқару комитеті*. 1920 жылы күзде Т.Рысқұлов **Түркатком** төрағасы қызметінен босатылып, Мәскеуге ауыстырылды да, РСФСР Ұлт істері жөніндегі халық комиссарының, яғни И.В.Сталиннің екінші орынбасары болып тағайындалды. «Түркістан», 20 қазан 2011 жыл. № 42 (900).

**ТүркПА** – *Түркітілдес мемлекеттер Парламенттік Ассам-*

*блеясы.* Қазақстан Сенатының басшысы ТүркПА бас хатшысы болып тағайындалуына байланысты Р.Гасановты құттықтады және Ассамблея Хатшылығының қызметі параламентаралық ынтымақтастық пен бауырлас халықтардың жақындасуын іргелестіруге қосылған қомақты үлес болатынына сенім білдірді. «Егемен Қазақстан», 31 қазан 2009 жыл. № 359-360 (25757); Сондықтан да мен ТүркПА-ның болашағы зор, маңызы терең ұйым деп есептеймін. «Егемен Қазақстан», 27 сәуір 2011 жыл. № 170-173 (26575).

**ТХҚ** – «*Тұрғын үйді халыққа қалдырайық*» қоғамдық бірлестігі. Турасын айтқанда, соңғы уақыттарға дейін ТХҚ өкілдері дәл осындай идеяны ұстанып келді. ТХҚ-ның пікірінше, мұндай мырзалықты, мемлекет, яғни өз салықтарымен елдің былайғы азаматтары қаржыландыруы керек. «Егемен Қазақстан», 30 шілде 2011 жыл. № 337-341 (26735).

**ТШИ** – *тікелей шетелдік инвестициялар*. Қазіргі таңда қалыптасып отырған экономикалық жағдайға байланысты ТШИ-ға деген тартыс кенеттен күшейді. «Егемен Қазақстан», 4 қазан 2011 жыл. № 474-478 (26870).

**ТШО (ТШО)** – «*Теңішевройл*». “ТШО” екінші буын жобасын қолға алды. Мақала тақырыбы. “Жас Алаш” 17.01.2004). ТШО мен Қарашығанақ даму жоспарларын жайып салды. «Айқын», 4 қазан 2008 жыл. № 187 (1124); ТШО компаниясының үшінші буын зауытының жұмыстары басталды. «Айқын», 6 қазан 2010 жыл. № 184 (1608); Күкірт саудасында ТШО топ бастайды. «Дала мен қала», 1 тамыз 2011 жыл. № 31 (410).

**ТЭН (ТЭО)** – *техникалық-экономикалық негіздеме*. Кеңес барысында жылу-электр стансасы (ЖЭС) құрылысының техникалық қырлары қаралып, талқыланды және жобаның техникалық-экономикалық негіздемесінің (ТЭН) таныстырылымы өтті. «Айқын», 11 шілде 2008 жыл. № 127 (1064); Яғни,

жаңа ТЭН дайындаушы алдындағы қайта қарастырылған ТЭН материалдарын қолданағанын жасырмайды. «Егемен Қазақстан», 2 наурыз 2011 жыл. № 65 (26467).

## У

**УФО (УНЦ)** – *Урология ғылыми орталығы*. Сондықтан еліміздегі еркектік бедеулікті толыққанды тексеріп, оларды емдеу үшін УФО-да экстракорпоральді ұрықтандыру зертханасын ашу қажеттігі туындап отыр. «Парасат», 2010 жыл, ақпан. № 2. 2-б.

**УДЗ (УЗИ)** – *ультра дыбысты (ультрадыбыстық) зерттеу*. Ал УДЗ ұлпаға еркін кіреді. Олай дейтінім, көпшілік әйелдер УДЗ-ның балаға зияны бар деп, қалайда көрінбеудің жолын іздейді. Сонда УДЗ өзінің мақсатына жетеді. «Егемен Қазақстан», 14 қазан 2011 жыл. № 494-496 (26888); Алғашқы кезеңдерде обырды (рак), әрине, білікті дәрігерлердің және қажетті бағдарламалық қамсыздандырудың көмегімен, УДЗ (ультра дыбысты зерттеу), рентген, КТ (компьютерлік томография) және МРТ (магнитті резонансты томография) арқылы оңай анықтауға болады (Айнаш Есали). «Егемен Қазақстан», 15 ақпан 2012 жыл. № 61 (27133).

**УҰИ (ИВС)** – *уақытша ұстау изоляторы*. Мысалы, Қостанай қаласы прокуратурасымен кәмілетке толмаған баланың бірнеше сағат бойы УҰИ-да заңсыз ұсталып отырғаны анықталып, прокурорлық ықпал ету шараларымен конституциялық құқығы қорғалды. «Айқын», 20 қараша 2010 жыл. № 216 (1640).



## Ұ

**ҰАКАҚ (АО НАК)** – *Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы.* Алдымен елдің атом өндірісі саласының бүгінгі жағдайы мен даму перспективасы жөнінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ пен Қлттық ядролық орталықтың басшылары бастады. «Егемен Қазақстан», 8 сәуір 2009 жыл. № 127 (25524).

**ҰӘҚ (ФНБ)** – *Ұлттық әл-ауқат қоры (толық атауы – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры).* Осы сапарда Елбасымен бірге Мемлекеттік хатшы-Сыртқы істер министрі Қанат Саудабаев, ҚР Көлік және коммуникация министрі Әбілғазы Құсайынов, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Тимур Құлыбаев, ҰҚК Шекара қызметінің директоры Болат Қырғызбаев, Мұнай және газ вице-министрі Ләззат Қиынов барды. «Айқын», 19 қараша 2010 жыл. № 215 (1639).

**ҰӘАҚ (ФНБ)** – *Ұлттық әл-ауқат қоры (толық атауы – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры).* Банктер қаржыландыру туралы өтініммен бірге «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ-қа қаржыландырылатын нысанда пәтер сатып алушылар пулы қалыптастырылғанын растайтын құжаттарды қоса жібереді. «Егемен Қазақстан», 30 желтоқсан 2008 жыл. № 422-425 (25394); Сонымен қатар, директорлар кеңесі мемлекеттік мүддеге өкілдік ететін директорлар кеңесінің және «БТА Банктің» басқарама құрамы туралы «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ ұсыныстарын мақұлдады. «Егемен Қазақстан», 3 ақпан 2009 жыл. № 42-44 (25441).

**ҰБ (НБ)** – *Ұлттық банк.* ҰБ басшысының айтуынша, бұл, негізінен, банк секторының сыртқы борышының төмендеуімен қамтамасыз етілген. «Айқын», 6 қазан 2010 жыл. № 184 (1608).

**ҰБТ (ЕНТ)** – *Ұлттық бірыңғай тестілеу.* ҰБТ: қызметтік тексеру қателікті түзей ала ма? «Айқын», 5 маусым 2008 жыл.

№ 67 (2231); ҰБТ кетті шулатып... «Жас Алаш», 1 шілде 2008 жыл. № 52 (15302); Ал ҰБТ-ның біз байқаған кемшіліктері қандай дегенге келер болсақ, біріншіден, тест оқушының логикасын дамытпайды. «Егемен Қазақстан», 14 сәуір 2009 жыл. № 133-134 (25531); ҰБТ-ға қатысы бар әр азамат осы тапсырманы бұлжытпай орындауы тиіс. «Егемен Қазақстан», 13 мамыр 2011 жыл. № 194-195 (26597).

**ҰҒА (НАН)** – *Ұлттық ғылым академиясы.* ҰҒА-ның жаңа академиктері (тақырып). «Дала мен қала», 20 маусым 2008 жыл. № 24 (252).

**ҰИА** – *Ұлттық инженерлік академия.* Оралда өткізілген Ұлттық инженерлік академияның көшпелі мәжілісінде ҰИА-ның төралқа мүшесі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик Асқар құлыбаев Батыс Қазақстан облысының әкімі, техника ғылымдарының докторы Бақтықожа Ізмұхамбетовке Қазақстан Республикасының құрметті инженері төсбелгісін табыс етті. «Егемен Қазақстан», 12 қазан 2010 жыл. № 418-421 (26264).

**ҰИҚ** – *Ұлттық инвестициялық қор.* ҰИҚ мемлекеттік-меншіктік серіктестік қағидалары бойынша отандық инвесторлармен бірлесіп құрылған Қазақстанның алты венчурлық қорының серіктесі де. «Ана тілі», 16-22 шілде 2009 жыл. № 28 (969); Бұл жөнінде ҰИҚ-тың баспасөз қызметі хабарлап отыр. «Егемен Қазақстан», 13 қаңтар 2011 жыл. № 13-14 (27085).

**ҰҚК (КНБ)** – *Ұлттық қауіпсіздік комитеті.* ҰҚК ғимаратын аралады. Мақала тақырыбы. «Айқын», 6 мамыр 2008 жыл. №81(1018); ҰҚК генералының жұмбақ өлімі. «Жас Алаш», 11 шілде 2008 жыл. № 55 (1535); Оңтүстік Қазақстан облысының ҰҚК мұрағатының өзі Шымкент қаласындағы түрмеде 570 украин ұлтының азаматы отырғанын ғаламшар торындағы сайтына жария етті, оның ішінде 32 азаматы Түркістан НКВД тер-

геу түрмесінде тергелгені белгілі болды. «Айқын», 27 қараша 2010 жыл. № 221 (1645).

**ҰҚКД** – *Ұлттық қауіпсіздік комитетінің департаменті*. Алуан түрлі жолмен қылмыстық, оның ішінде, жемқорлық әрекетке барған Алматы қалалық жол полициясы басқармасының 53 қызметкері ҰҚКД-нің назарына ілігіп отыр. «Айқын», 19 маусым 2009 жыл. № 110 (1291).

**ҰҚКҰ (ОДКБ)** – *Ұжымдық қауіпсіздік келісімі ұйымы* (Организация договора о коллективной безопасности). Бұл құжатқа сәйкес, ҰҚКҰ бітімгершілік күші ұйымға мүше елдердің аумағымен қоса БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің шешімімен әлемнің өзге аймақтарында да бітімгершілік операцияларына қатыса алады. «Айқын», 20 қаңтар 2009 жыл. № 6(1187); Біресе Ресеймен жақындасады, онымен келіспесе, АҚШ-қа арақа сүйейді, біресе ЕурАзЭҚ пен ҰҚКҰ-на кіреді де, біресе одан шығады. «Айқын», 30 сәуір 2009 жыл. № 76 (1257); Яғни, ҰҚКҰ мүше мемлекеттер осындай келісімге қол жеткізсе, онда бұлардың авторитарлы сипаты тағы да айқындалады деген сөз. «Жас Алаш», 6 қыркүйек 2011 жыл. № 71 (15633).

**ҰҚТ (ОПГ)** – *ұйымдасқан қылмыстық топтар*. Астана қаласының соты бірқатар ұрлық жасағаны үшін ҰҚТ қатысушысын үш жылға бас бостандығынан айырды. «Айқын», 11 сәуір 2009 жыл. № 63 (1244); Қ.Қожамжаров Мемлекет басшысына еліміз президентінің бақылауында тұрған, соның ішінде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының бұрынғы судьяларына, «Қорғас» пен «Қалжат» кеден бекеттеріндегі контрабандалық фактілері бойынша ҰҚТ-ның мүшелеріне қатысты бірқатар қылмыстық істердің тергелу барысы және басқалары туралы баяндап берді. «Егемен Қазақстан», 6 қыркүйек 2011 жыл. № 414-417(26811); ҰҚТ-дағы қылмыскерге мемлекеттік қызмет жоқ. «Алаш айнасы», 30 қыркүйек 2011 жыл. № 172 (624).

**ҰҚШҰ (ОДКБ)** – *Ұжымдық қауіпсіздік шарт (келісімшарт) ұйымы* (Организация договора о коллективной безопасности). Кеше Мәскеуде ҰҚШҰ-ға мүше-мемлекеттер сыртқы істер министрлер кеңесінің отырысы өтіп, онда жиырма шақты мәселелер талқыға салынды. «Егемен Қазақстан», 5 қыркүйек 2008 жыл. № 273-274 (25244); Ресми өкілдің сөзіне қарағанда, саммит барысында ҰШҚҰ аясында 2008 жылдың 19-21 желтоқсаны аралығында Бурабайда өткен Мемлекет басшылары саммитіндегі бастамаға сәйкес, әскери көмек көрсететін шұғыл әрекет ету күштерін құру туралы шешім қабылдаған. «Егемен Қазақстан», 10 ақпан 2009 жыл. № 57-58(25455); Егер де сондай қауіп-қатер орнай қалса, соны жою үшін ҰҚШҰ осы жаттығуды өткізуге бел буды. «Айқын», 26 наурыз 2010 жыл. № 50 (1474); Жалпы, Минск ҰҚШҰ-ның мықты жарактанған бітімгершілік құрылымдары болуы шарт деген пікірде. «Айқын», 3 тамыз 2011 жыл. № 141 (1808).

**ҰМЖ (НЕС)** – *Ұлттық бірыңғай жүйе*. ҰБЖ қаңтар айынан бастап енгізілді. «Егемен Қазақстан», 20 қаңтар 2010 жыл. № 16-17 (25863).

**ҰМО (НКЦ)** – *ұлттық мәдени орталық*. Мәжіліс барысында Атырау мемлекеттік университетінің профессоры Қ.Жүсіп, «Қазақтелеком» АҚ АОТД аудармашысы А.Әміржанұлы, «Атырау» газетінің бас редакторы Н.Қабылов, «Вайнах» шешен-ингуш ҰМО төрағасы С.Акаев т.б. жаңа жоба туралы өз ұсыныс-пікірлерін білдірді. «Ана тілі», 26 тамыз – 1 қыркүйек 2010 жыл, № 34 (1027).

**ҰОК (НОК)** – *Ұлттық олимпиадалық комитет*. Қытайдың Ұлттық олимпиадалық комитеті Нұрсұлтан Назарбаевты олимпиялық қозғалысты дамытуға, спортты және саламатты өмір салтын танымал етуге қосқан үлесі үшін ең жоғары наградасы – Құрметті белгімен наградтаған екен, кеше таңертең сол

награданы Қытай ҰОК төрағасы Лю Пен табыс етті. «Егемен Қазақстан», 17 сәуір 2009 жыл. № 136-138 (25535).

**ҰОС (BOB)** – *Ұлы Отан соғысы*. Онда да ҰОС ардагерлеріне қатысты бір ауыз сөз жоқ. «Жас Алаш», 26 ақпан 2009 жыл. № 17(15371); ҰОС жылдары майдан даласында қазақ тілінде 20-ға жуық майдандық, әскерлік және дивизиялық газеттермен қоса жүздеген жауынгерлік парақшалар шығып тұрды. «Ана тілі», 22-28 сәуір 2010 жыл. № 16 (1009).

**ҰӨК** – *Ұлттық өтпелі кеңес*(Ливия). Ұйымның сайтында 107 беттен тұратын баяндама жарияланса, онда ҰӨК-тің үстіміздегі жылдың сәуір – шілде айлары аралығында жасаған қылмыстары санамаланыпты. «Егемен Қазақстан», 14 қыркүйек 2011 жыл. № 433-435 (26828).

**ҰТО (НЦТ)** – *Ұлттық тестілеу орталықтары*. Олар ҰТО филиалдары арқылы бірінші тоқсанда 306705 дана байқау сынағының кітапшалары, одан кейінгі кезеңде 176256 оқу әдістемелік құралдары арқылы тест тапсырудың талаптарымен танысты. «Егемен Қазақстан», 13 мамыр 2011 жыл. № 194-195 (26597).

**ҰФЛ (НФЛ)** – *Ұлттық футбол лигасы*. Дегенмен мемлекеттік маңызы зор бірнеше жобаны қатар алып жүру ауыр соғатындықтан, Қаныш Әубәкіров ҰФЛ директоры қызметінен босатылды. «Алаш айнасы», 24 қаңтар 2012 жыл. № 10 (692).

**ҰХЛ (НХЛ)** – *Ұлттық хоккей лигасы*. Бірақ ол дәл қазір америкалық ҰХЛ-мен шендесе алмайды. «Айқын», 11 қазан 2008 жыл. № 192 (1129); Бәлкім, сондықтан болар ҰХЛ-да ойнаған жылдары ол мұзайдынында жасындай жарқырай алмады. «Айқын», 4 ақпан 2009 жыл. № 17 (1198).

**ҰХО** – *Ұлттық хирургия орталығы*. Бұл туралы бүгін Алматыда трансплантология мәселелеріне арналған баспасөз

мәслихатында Сызғанов атындағы ҰХО бас директоры, профессор, РМҒА академигі Жеткерген Арзықұлов мәлім етті. «Айқын», 9 қараша 2011 жыл. № 209 (1876).

**ҰЭЖ (НЭС)** – *Ұлттық электр жүйесі*. ҰЭЖ-ді модернизациялаудың бірінші кезеңі 2009 аяқталуға тиіс. «Егемен Қазақстан», 20 желтоқсан 2008 жыл. № 405-412 (25381).

**ҰЭП (НЭП)** – *Ұлттық экономикалық палата*. Осыған байланысты жүктелген міндеттерді орындау үшін Үкіметте салалық министрліктер, «Самұрық-Қазына» қоры, «Атамекен», одағы» ҰЭП, «Шетел инвесторларының қазақстандық кеңесі» қауымдастығы басшыларының қатысуымен арнайы жұмыс тобы құрылды. «Егемен Қазақстан», 24 ақпан 2009 жыл. № 72-73 (25470); Мәжіліс жұмысына жұмыс тобының мүшелері және «Атамекен» ҰЭП төрағасы А.Перуашев бастаған қазақстандық делегация қатысты. «Егемен Қазақстан», 1 мамыр 2009 жыл. № 154-157 (25554); Астанада Қаржы министрлігі Салық комитеті мен «Атамекен» одағы» ҰЭП-тің ұйымдастыруымен мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялар жетекшілерінің еліміздің Кеден одағына кіруіне байланысты салық салу және кеден әкімшілігі мәселелеріне арналған кездесу өтті. «Егемен Қазақстан», 17 ақпан 2010 жыл. № 59-60 (25906).

## Ү

**ҮАК** – *Үкіметаралық кеңес*. Бірақ бұл мәселені қарастыруға келісім берген Мәсімовтер жиын барысында өз ұсыныстарын алға тартып, оны ҮАК Хаттамасына бекітті. «Айқын», 17 маусым 2009 жыл. № 108 (1289).

**ҮБК** – *Үкімет басшылары кеңесі*. ...Үкімет басшылары кеңесінің «ШЫҰ ҮБК) кезекті отырысынан бастауды жөн деп санадым... «Егемен Қазақстан», 8 қараша 2011 жыл. 531-532 (26924).

**ҮЕҰ (НПО)** – үкіметтік емес ұйымдар. ҮЕҰ-лар ойларын жеткізуге қорқақтайды, белсенділік танытудан тартыншақтай береді. «Егемен Қазақстан», 11 ақпан 2009 жыл. № 59(25456). Көптеген ҮЕҰ-лар жұмысын гранттан грантқа дейін ғана жүргізгенді тәуір көреді. «Егемен Қазақстан», 18 ақпан 2009 жыл. № 67(25464). Үлескерлер мәселесі туындағанда да заң саласындағы ҮЕҰ-лар дауысы қатты естіледі. «Егемен Қазақстан», 15 сәуір 2009 жыл. № 139 (25532); Ата заңдағы ҮЕҰ орны. «Ана тілі», 26 тамыз – 1 қыркүйек 2010 жыл, № 34 (1027); ҮЕҰ: сілкіністер мен іркілістер. «Айқын», 12 тамыз 2011 жыл. № 148 («1815»).

**ҮИИД (ФИИР)** – *Үдемелі индустриялық-инновациялық даму (форсированная индустриально-инновационная раз-вития)*. Айтпақшы, Альберт Раудың мәлімдеуінше, ҮИИД бағдарламасын жүзеге асыру үшін қазақстандық тәжірибеде тұңғыш рет, «кешенді бағдарламаларды іске асырудың халықаралық тәжірибесін талдау негізінде» түзілген, жаңа тұрпатты іс-шаралар жоспары даярланыпты. «Айқын», 14 сәуір 2010 жыл. № 63 (1487). ҮИИД бағдарламасын іс жүзіне асыруға өндірістік қуаттарды тиімді орналастыру кестесі айрықша маңызды болмақ. «Егемен Қазақстан», 16 сәуір 2010 жыл. № 138-140(25986); Біріншіден, барлық облыс әкімдері мен Астана және Алматы қалабасылары көліктеріне отырып, тиісті нөкерлерін ертіп, өздері жауапты аймақтағы ҮИИД бағдарламасы аясында басталған барлық барлық нысандардың құрылыс алаңдарын аралап, жобалардың қалай іске асырылып жатқандығын өз көздерімен көрулері, бірін тастамай, бәрін жаппай тексеріп шығулары тиіс. «Айқын», 14 қыркүйек 2010 жыл. № 168 (1592); ҮИИД бағдарламасы энергиялық үнемділік шараларын да қамтиды. «Айқын», 3 наурыз 2011 жыл. № 40(1707).

**ҮИИДМБ** – *Үдемелі индустриялық-инновациялық даму*

*Мемлекеттік бағдарламасы.* ҮИИДМБ іске асыру үшін салалық бағдарлама ұсынылды. «Алаш айнасы», 13 қазан 2010 жыл. № 176 (402).

**ҮМЗ (УМЗ)** – *Үлбі металлургия зауыты.* Үмітіміз ҮМЗ//«Егемен Қазақстан», 30 сәуір 2008 жыл; ҮМЗ алға қойған ауқымды жоспарларын өмірге сәтті енгізіп, болашаққа нық сеніммен қарайды. «Айқын», 20 шілде 2011 жыл. № 131 (1798).

## Ф

**ФАП (ФАП)** – *Фельдшерлік-акушерлік пункттер.* Мәселен, ауылдағы мәдениет үйінде кітапхана, ФАП орналасатыны белгілі. «Егемен Қазақстан», 30 мамыр 2009 жыл. № 190-191 (25588); Әсіресе, мектеп, балабақша, ФАП-тар салуда көп жұмыстар атқарылуда. Атап айтқанда, өткен 2009 жылы екі мектеп салынса, биыл өздерініз көріп отырғандай, бір күнде 4 мектеп, 2 ФАП жайлары пайдалануға беріліп отыр. «Ана тілі», 7-12 қаңтар 2011 жыл. № 1 (1046).

**ФББ (ФБР)** – *Федералдық барлау басқармасы.* Мысалы, Вашингтондағы ФББ-ның (ФБР) орталық кеңсесі мен мәскеудегі ФҚҚ-ның (ФСБ) орталық кеңсесінің кіреберісі белгілі талаптарға толық жауап бере алады. «Жас Алаш», 17 шілде 2008 жыл. № 57 (15307).

**ФҚҚ (ФСБ)** – *Федералдық қауіпсіздік қызметі.* Мысалы, Вашингтондағы ФББ-ның (ФБР) орталық кеңсесі мен мәскеудегі ФҚҚ-ның (ФСБ) орталық кеңсесінің кіреберісі белгілі талаптарға толық жауап бере алады. «Жас Алаш», 17 шілде 2008 жыл. № 57 (15307).

**ФРЖ (ФРС)** – *Федеральдық резерв жүйесі.* АҚШ-тың ФРЖ осы елдің орталық банкінің функциясын атқарады, сондай-ақ доллар шығаратын табиғи монополист болып табылады.

«Айқын», 26 желтоқсан 2009 жыл. № 240 (1421); ФРЖ әлемді уысында ұстап отыр. Соңғы рет 600-млрд. доллар басып шығарған ФРЖ Қаржы министрлігінің қазыналық облигацияларын нарықтан 8 ай бойы 75 млрд. доллардан сатып отырды. «Нұр Астана», 4 қазан 2012 жыл. № 40 (461).

**ФСИ** – *Философия және саясаттану институты (ҚР БҒМ)*. ҚСЗИ бас ғылыми қызметкері, саяси ғылымдарының докторы Ю.Булуқтаеваның «Жаңа сайлау кезеңі жағдайындағы партиялық диспозиция эволюциясы» тақырыбындағы ФСИ аға ғылыми қызметкері, саяси ғылымдардың кандидаты М.Нұрғалиеваның «Қазақстан саяси партияларының бүгінгі коммуникативтік құралдары» деген тақырыптағы баяндамалары тыңдалды. «Айқын», 28 желтоқсан 2011 жыл. № 243 (1910).

**ФТБ** – *Федералдық тергеу бюросы*. ФТБ өкілдерінің айтуынша, бұл іс кездейсоқ ашылған. ФТБ-ның мәліметінше, электронды хат ретінде бұл вирус шот нөмірлері, пороль тәрізді мәліметтерді ұрлауға мүмкіндік береді. «Жас Қазақ», 8 қазан 2010 жыл. № 39 (299).

**ФҰМ (ФНКА)** – *Федеральдық ұлттық-мәдени автономия (әріптік қысқарту бойынша ФҰМА болуы тиіс еді)*. Ресей қазақтары ФҰМ автономия құрды. «Айқын», 15 наурыз 2008 жыл.

## Х

**Халком** – *халық комиссарлары*. Халком кеңесі төрағасының орынбасары, өзі коммунистік партияның мүшесі. «Алматы ақшамы», 20 қазан 2011 жыл. №123 (4525).

**ХАҚҚ (МФСА)** – *Халықаралық Аралды құтқару қоры*. Айта кетерлігі, ХАҚҚ 1993 жылы Орталық Азия мемлекеттері басшыларының шешімімен Арал теңізі бассейніндегі

экологиялық ахуалды жақсарту жөніндегі бірлескен іс-қимылдар жоспарлары мен бағдарламаларын қаржыландыру мақсатында құрылған. «Егемен Қазақстан», 21 сәуір 2009 жыл. № 141-142 (25539); Аталған саммитке Қордың құрылтайшы мемлекеттері Президенттерінің былтырғы жылы қабылдаған шешіміне сәйкес, алдағы үшжылдық кезеңде ХАҚҚ төрағалығы міндетін Қазақстан атқаратын болады. «Айқын», 22 сәуір 2009 жыл. № 70 (1251); Содан бері ХАҚҚ атқару комитеті құрылтайшы мемлекет басшыларының тапсырмаларын орындау мақсатында аталған өңірдегі мемлекеттерге көмек беру мәселесі кеңінен қамтылған. «Алматы ақшамы», 8 маусым 2010 жыл. № 8 (4315).

**ХБА (МАБ)** – *Халықаралық Бизнес академиясы (Международная академия бизнеса)*. ХБА Қазақстандағы № 1 бизнес-мектеп болып танылды. «Егемен Қазақстан», 5 маусым 2009 жыл. № 195-196 (25593); Батыс Қазақстан аймағы бойынша ХБА өкілдігі Атырау қаласында 2010 жылдан бастап жұмыс істейді. Академия журналы.

**ХВҚ (МВФ)** – *Халықаралық валюта қоры*. ХВҚ өкілдері Қазақстан басшылығының «әлемдік дағдарыс жағдайындағы» іс-қимылына жоғары баға берді. «Егемен Қазақстан», 30 сәуір 2008 жыл; 2008 жылғы қазаннан бастап бұл ел ХВҚ-мен қаржы дағдарысы жағдайында «қауіпсіздік жастығын» жасау мақсатында қаржы беру туралы келіссөз жүргізумен болған. «Егемен Қазақстан», 17 қаңтар 2009 жыл. № 14-15 (25412); ХВҚ миссиясының пікірінше, банк жүйесіне деген сенімді қалпына келтіру үшін банк секторында сақталып отырған проблемаларды нақты және кешенді түрде шешу қажет. «Айқын», 19 мамыр 2009 жыл. № 87 (1268); Ол сондай-ақ ХВҚ, ЕҚДБ, АДБ, Орталық Азия одағы, АӨСШК сияқты барлық өңірлік және халықаралық ұйымдарға жүйелі түрде қосылу саясатын жүргізді. «Егемен Қазақстан», 30 қазан 2010 жыл. №450-451

(26294); ХВҚ қалайша қателесті? «Айқын», 23 тамыз 2011 жыл. № 155 (1822).

**ХҒКК** – *Халықаралық ғылым және коммерцияландыру жөніндегі кеңес*. Пікірталасқа қатысушылар ХҒКК мүшелерімен бірлесе отырып, технологияларды және ғылыми-зерттеу жұмыстарын коммерцияландыру және ел ғылымын жаһандық өзгеріс бағыттарына ықпалдастыру және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін коммерцияландыру, жаһандық нарықпен байланысты жақсарту мәселелерін талқылады. «Егемен Қазақстан», 15 қазан 2010 жыл. № 424-426 (26269).

**ХҒҚ** – *Халықаралық ғарыш қызметтері*. Агенттік басшысының айтуынша, «ХҒҚ»-дағы үлесті сатып алу – «Жерден ұшыру» (Наземный старт) халықаралық коммерциялық жобасына Қазақстанның қатысуының бірінші қадамы болмақ. «Айқын», 3 ақпан 2010 жыл. № 17 (1441).

**ХДП (НДП)** – *халықтық-демократиялық партия*. 1990 жылы ХДП мүше болып, Бундестагқа депутат болып сайланды. «Айқын», 12 қараша 2008 жыл. № 213 (1150). Палата спикері биліктің жоғары өкілетті ұйымы мен «Нұр Отан» ХДП-ның Мәжілістегі парламенттік фракциясының мемлекеттің дағдарысқа қарсы қолға алып отырған шараларын құқықтық қамтамасыз ету жолдары туралы айтып берді. «Егемен Қазақстан», 8 сәуір 2009 жыл. № 127 (25524); «Нұр Отан» ХДП Республикалық сайлауалды штабының жетекшісі Нұрлан Нығматуллин. «Егемен Қазақстан», 29 желтоқсан 2011 жыл. № 660-665 (27057).

**ХЕҰ (МОТ)** – *Халықаралық еңбек ұйымы*. 1995-2007 жылдар аралығындағы аймақтық еңбек рыногы үдерісі, ХЕҰ-ның 4 жыл ішінде атақарған қызметі мен оның нәтижесі талқылануда екен. // «Егемен Қазақстан», 10 ақпан 2009 жыл. № 57-58(25455); ХЕҰ есебі бойынша 2010 жылы әлемде 250 миллион адам

жұмыссыздықтың зардабын тартқан. «Жас қазақ», 23 қыркүйек 2011 жыл. № 37 (349).

**ХКБ (МБВ)** – *Халықаралық көрме бюросы*. Сонымен қатар Қазақстан энергетика саласында көш бастап келе жатқан әлем елдерінің бірі болып табылады, ал «ЭКСПО -2017» көрмесінің тақырыбы энергияның жаңа түрлерімен байланысты, - деді журналистерге арналған брифингте ХКБ бас хатшысы. «Егемен Қазақстан», № 366-367 (26210); ХКБ делегаттары сондай-ақ осы этноауылға қойылған қолөнер шеберлерінің өнер туындыларымен танысты. «Егемен Қазақстан», 13 наурыз 2012 жыл. № 88-94 (27166).

**ХДХК** – *Халықты қоныстандыру мен дамыту жөніндегі халықаралық конференция*. Осы шараның өзі ХДХК іс-қимыл бағдарламасы шеңберінде гендерлік мәселелер бойынша Орталық Азия елдеріндегі ер және әйел парламентшілердің арасындағы түсіністікті жақсартуға бағытталып отыр. «Егемен Қазақстан», 30 қазан 2010 жыл. № 450-451 (26294).

